



ISSN 1607-2782

**Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал**

**Республиканский
научно-методический
журнал**

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің**

**1999 жылғы наурыздан
бастап шығады**

№ 2 (41) 2013

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор

- БИСЕНОВ Қ.А., техника ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың
орынбасары

- ШАЛБОЛОВА Ү.Ж., экономика ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редактор

- ОМАРОВ Қ.Ө., география ғылымдарының кандидаты, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Аруова Л.Б.
Баканов Ғ.Б.
Досжанов М.Ж.
Ибадуллаева С.Ж.
Кәрібозұлы Б.
Қарлыханов Т.Қ.
Қожақұлы Ө.
Қошқаров С.И.
Майгелдиева Ш.М.
Сәдуақасұлы Ж.
Сәтбай Т.Я.
Сейсенов Б.
Тоқтамысов Ә.М.
Үдербаев С.С.
Шомантаев А.Ә.
Майгелдиева Ж.М.
Убайдуллаева Г.

- техника ғылымдарының докторы, профессор
- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- биология ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, доцент
- философия ғылымдарының докторы, профессор
- ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының кандидаты, доцент
- филология ғылымдарының кандидаты

ОҚЫРМАНҒА!

Құрметті оқырман қауым!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы - «ҚМУ Хабаршысы» 1999 жылғы наурыздан бастап, жылына екі рет шығады. Хабаршы ғалымдардың жүргізген зерттеулерінің маңызды тақырыптарын қамтитын мақалалары мен материалдары көпшілікке танымал беделді ғылыми басылым. Оның беттерінде елімізді үдемелі индустриалдық- инновациялық дамытудың өзекті ғылыми мәселелері, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау тәжірибесі мен болашағы талқыланып, білім беру, ғылым мен өндіріс салаларын интеграциялаудың озық үлгілері жарық көреді. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар мен оқу-әдістемелік жұмыстар әрі руханият, мәдениет, спорт және өнер саласындағы ізденістер жарияланып отырады. Журналда еліміздің, алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектері, университет базасында өткен ғылыми конференциялардың материалдары, танымдық, тәлім-тәрбиелік мақалалар, жастардың ғылыми шығармашылығы, оқу орнымыздың тыныс-тіршілігі туралы ақпараттар мен жаңалықтар көпшілік назарына ұсынылады.

«ҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналы профессор-оқытушыларға, мұғалімдерге, ғылыми қызметкерлерге, жас ғалымдар мен студенттерге, сондай-ақ Қазақстанның білім беру мен ғылым саласындағы жетістіктері және жаңалықтарымен танысқысы келетін зиялы қауымға арналған.

Құрметті қауым, Сіздерді журналдың белсенді авторы және оқырманы болуға шақырамыз!

Редакция алқасы

ӘОЖ 37.017.92:37.032

ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РУХАНИ ФАКТОРДЫҢ РӨЛІ

Ы. Ж. АҢЛАМАСОВА, оқытушы,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Философия сол ғасырлар бойы өзінің зерттеу объектісін дүние мен адам арасындағы қарым-қатынасты зерттеп келеді. Адамның ішкі дүние қасиеттері мен рухани құндылықтарды үйлестіру оның өзіндік жетілуінің өзектерін немес жан сұлулығы мен адамгершілік дүниесінің өзара тығыз байланыстылығын айта аламыз. Құндылықты бағдардың дамуы – тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылығы бағыттардың тұрақты бірлігі келесідей сапарларының дамып, орнығуына себепші болды. Тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық оны іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуге табандылық пен өжеттілік қажет. Құндылықты бағыттар арасында қайшылықтар әрекет қылық пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағыт-бағдардың әсері адамның селсоқтығы мен енжарлығына себепші болады. Адам-жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи процесінің дамуының субъектісі, өмірдің басқа формаларымен генетикалық жағынан байланысты, еңбек құралдарын өндіру қабілеті арқасында олардан бөлініп шыққан анық сөйлей алатын санасы бар биологиялық, әлеуметтік, психологиялық тіршілік иесі. Адамның жеке дара ерекше көзге түсетін қырларын тұлға философиясы қарастырады. Тұлғаның өзіне тән ерекшелігі оның қайталанбас мінсіздігінде, даралығында. Адам биологиялық тіршілік иесі болғандықтан, табиғаттың заңдары тұлғаның қалыптасуына өз септігін тигізді. биопсихоәлеуметтік тіршілік иесі. Әлеуметтенген тұлғаның ең басты белгісі қоғамдық әрекетте жан-жақты қызмет етуі. Қоғамдық гуманитарлық ғылымдар саласы адам орталық мәселе болғандықтан тұлға ұғымына ортақ қолданып әрбір ғылым саласы өзінше зерттеу жасайды. Адамға білімнен бұрын тәрбие беру керек. Ал тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ондай адам қоғамға апат әкеледі. Адам адал болған сайын өзгенің адалдығына күмән келтіреді. Адамның мінез-құлқы қажеттілікке байланысты өрбиді. Жай адам өзінің күнәларын кешіруді сұрайды, тек таңдаулылар ғана өзінің абайсыздығы үшін тәңіріне жалбарынады. Бұнда діннің онтологиялық болмысын беретін суфистік дүниетанымға тән тұлғалық құндылықтарды көре аламыз.

Күнделікті әлеуметтік ортада біз адамның сыртқы процестерімен объективті іс-әрекетіне сай қалыптасқан қызметтерін байқаймыз философияның иррационализм бағытындағы көрнекті неміс ойшылы А.Шопэнгауэр «Әлем ерік және елестету» еңбегінде «әрбір адам дүниеге келген сахнадағы ролді ойнайтын әртіс, тек барлық адамдарға басты рол тие бермейді, мәселен сондай адамдар өмірден өзі қалап алған кәсібіне сай қызмет атқарады ендеше іс-ірекетіне сай сүйіспеншілігіне бөленген қимыл өзі үшін басты рол болып табылуы тиіс». Философияда тұлға ұғымына анықтама беру үшін рационализмнен ауытқып иррационализмге ерік берген жөн. Сондықтанда адам жер бетіндегі құдайдың сүйіп жаратқан сұлулықтың бейнесі болса, тұлға сол сұлулықтағы асқақтық болып табылады. Шығыс философы Омар Хайям өз рубайларында «Егер де жаратушының күші менде болса, мен мына көрінбейтін аспанды итеріп, тек соған лайықты парасатты данышпандар өмір сүретін ақылды аспанды орнатар едім» деп қарастырғандай қазіргі қоғам адамды бұзады, ал білім адамды өзгертеді, сондықтан да тұлғаның ролі осы жерде болымдырақ болса ол адамзат баласын азғындырмай, сыртқа әлсіздігіне бой алдырмайды.

Адам рухани құндылық басымды болу үшін, жан азығының қажеттілігін өз талабына сай қанағаттандыра білу қажет.

Рух - адамның ақылымен парасаттылығын, сондай-ақ адамның бойындағы талабын алға дамытып отырған күш. Қазақ философы ақын Абай атамыз дәріптегендей, руханилықтың адам бойында табылуын ғылым, рахым, ғаділет сұлуы «толық инсаяттылық» яғни «толық адам» ұғымына әкеледі деп дәріптейді[1]. Дәстүрлі дүние танымды жаңашыл көзқарастардың аясында жаңғырта отырып қоғамның талабына сай өмір сүру адамның рухани игіліктерін ұлттың дүниетанымның онтологиялық болмысын құрайды. Адам құқы - адамды ең жоғары құндылық ретінде тану, бала тұлғасы мен оның қадіріне құрмет; бала еркіндігі мен даму құқын қорғау; білім және тәрбиедегі демократиялық принциптерді берік ұстану берік ұстану. Адам құқы және еркі – жалпы адамзаттық құндылық, себебі олар адамзаттың жалпы мүдделерін танытады, әрқилы халықтардың, діндер мен дәуірлердің рухани мұраттарын жақындатады әрі туыстырады. Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалау мен қорғауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтың белігісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезіну және қабылдау нышаны. Ғылыми дүниетанымның өзі адамның болымысына тән тәрбиесі деп айтсақ-та қателеспес едік. Дүниетаным негізі - әлемді түсіну, яғни қоршаған болмыс жөніндегі білімдер тобы. Қазақ философиясының бет-бейнесін жасау ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыруға тікелей байланысты. Ол жөнінде белгілі ғалым, философ А.Қасабек «Қазақстанға жоғары деңгейде дамыған ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Қазіргі философияда осы жағдай ескеріліп, әлемдік рухани тәжірибемен қоса халқымыздың дәстүрлі мәдениетін, шығыс елдерінің үлгісін тиімді пайдалану көзделген» - деп жазды қазіргі кезде руханилықты танып білуде батыстық еуропалық үрдістер басымдау. Ұлттық Ойлау мен руханилық тілмен байланысты. Тіл-руханилықтың қалыптасу құндылықтарының ерекше болмысы [2].

Ал бүгінгі күн талабында рухани дүниені жандандыру үшін тіл, дін, менталитет немесе дін мәселесі басты болып табылады. Адамның рухани дүниесінің қалыптасу факторлары ұлтжандылығы, діни идеялогиясы – сенімі, қанымен берілген – менталитеті, тілдің жоғары дәрежеде меңгерілуі деп білемін. Адамға тән рухани құндылықтарды қалыптастыру барысында – ғылым мен білімнің адамзат болашағына қызмет ететінін айтқан жөн. Индивидтің даму жолында адам тұлға болып қалыптасады. Тұлғаның рухани құндылығы – адамгершілікпен этикалық нормалар, ақыл ой рационализмінің үйлесімділігі. Сонымен бірге әрбір адам үшін жоғары құндылық бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізгі – әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапарларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең басты жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету. Жалпы адамзаттық құндылықтар арасында ұлттық құндылықтар шегерілмейді. Керісінше, осы ұлттық құндылықтар арқылы көрінеді. Алғашқыда осы ұлттық формада көзге түскен қайталанбас соны жетістіктер уақыт өте жалпы адамзаттық құндылыққа өтеді. Адамзат қоғамының барлық саласында айтарлықтай өзгерістер мен жаңалықтар болып жатқаны мәлім. Бұл өзгерістер мен жаңалықтар қоғамдағы жеке тұлғалар мен топтарға кейде дұрыс, кейде бұрыс әсерін тигізеді. Әрине қоғамдағы бұл өзгерістер адамзат тәрбиесі жөніндегі пікірге айтарлықтай қозғау салады. Білімнің міндеттерінің бірі жастарымыздың көкірегіндегі кішіпейілділік қасиеттерін оятып, олардың жандарына адамдардың өзара силастық және бір-біріне деген сенімділік дәнін егу болып отыр. Қоғамдағы болып жатқан жаңашыл көзқарастардың күрделенуіне қарамастан білім жүйесіндегі тәрбиенің ролі тұрақты болып қалады.

Тұлға ұғымының жан-жақты сипатталған факторлары әр бір ғылым саласында өзіне тән қызмет етеді. Биологияда тұлғаның ролін бағалайтын факторы ол табиғат иесі, қоршаған ортаға байланысты адамның тіршілігіне бейімделуі. Ал психологияда «жеке тұлға» - әлеуметтік қарым-қатынаспен, сананың белсенділігін арттыратын қызметтің

субъектіде көрініс табуы. Жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуі. Педагогика ғылымы үшін тұлғадағы маңызды фактор тәрбие, этикалық объективті іс-әрекеті. Әлеуметтік ортаны қабылдауы және сол ортаға қабылдауы болып табылады. Бұл фактордың барлығы интегративті жүйе арқылы өзара байланыс тұтастықпен мойындалады [1].

Философия адамдағы мәселелерді жан-жақты қарастыруды қолдайды. Философиялық фактордың бірі еркіндік пен жауапкершілік тұлғамыз негізгі қасиеттерінің бірі болып табылады. Себебі ол ұғымдар адамның ішкі рухани әлеміне бағынышты болады. Философия адамның сыртқы іс-әрекетіне тән қызметтермен шектелмей, субъектінің ішкі жан дүниесінің әлеміне тән құндылықтарға бой алдырады. Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым-«индивид және индивидуальность». Бұл сөз латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы – «жекелік, жекелеген». Ұғым ретінде бұл сөз адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдірмеді. Бұл орайда әрбір адам индивид болып табылады. «жеке тұлға» ұғымы мен онымен байланысты бір тектес ғылыми категориялардың мәні осында. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасқандықтан жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу ғылым үшін маңызды мәселе болып табылады. Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады. Даму дегеніміз - төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс; сатылай эволюциялық ауысу немесе революциялық секіріс түрінде жүзеге асатын жоғары сапалы күйге қарай спиральды өрлеу процесі. Даму барысында барлық философиялық заңдар жүзеге асады: өзгеру, санның сапаға ауысуы, бір сапаның басқа бір сапаға ауысуы (бұлардың кейбіреуі, теріске шығарылуы мүмкін). Жеке тұлғаның қозғалысы күшіне, яғни қарама-қайшылық күресінің арқасында бұл қозғалыста өзгеріс жүріп жатыр. Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен, оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі. Адам дүниеге келгеннен соң дене жағынан үлкейеді, яғни кейбір дене мүшелері мен нерв жүйесі өседі. Оның тілі шығып, сөздік қоры молаяды. Бала көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық біліктерге еңбек дағдылары мен әдеттерге ие болады. Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамуындағы ең бастысы – оның бойында болып жатқан сапалық өзгерістер (танымдық, сезім, моральдық-жігерлілік т.б) болып табылады. Мінез-құлықтың реактивті формалары белсенді түрде қалыптасып келе жатқан іс-әрекеттілікке айналады, дербестік пен өз мінез-құлқын билей алу қабілеттілігі артады. Осы және басқада өзгерістер адамның жеке тұлға ретінде даму процесін сипаттайды. Сондықтан, даму дегенімізді адамның анатомиялық-физиологиялық жетілуіндегі, оның жүйке жүйесі мен психикасының дамуындағы, сондай-ақ танымдық және шығармашылық іс-әрекетіндегі дүниетанымы, өнегелілігі, қоғамдық-саяси көзқарастары мен сенімдерінің кеңеюіндегі орын алатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара тығыз байланысты процесі деп түсінген дұрыс. Адамның дамуына ішкі және сыртқы, меңгерілетін және меңгерілмейтін факторлар әсер етеді, олардың арасында мақсатты тәрбие мен білім беру жетекші рол атқарады.

Тұлға дегеніміз - адам индивидінің әлеуметтік сапасын оның бірегейлігінің даралығының өлшемі. Тұлғаның философиялық сипатын қоғамдық өмірдің белгілі бір тарихи және мәдени ортада қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттер қосындыларының иесі арқылы болмысты тануға және оны өзгертуге бағытталған жасампаз әрекет субъектісі ретінде қарастыру дәйектілікке негізделеді [3]. Тұлға қоғамның өмір тәжірибиесін бойына сіңірген, жетілген адам. Тұлғаның философиялық мәні, оның әлем мен тарихтағы алатын орны өзекті мәселелерге келіп тіркеледі. Тұлға бұл жерде адамдар әрекеті мен қарым-қатынастарының, қоғамдық қайшылықтардың, қоғамның идеаларының, құндылықтардың көрінісі және субъектісі ретінде қарастырылады. Тарихи тұрғыда да, «нақты болмысы» тұрғысында да тарихи типі қалыптасуына, оның нақты жағдайлары мен қасиеттеріне орасан зор ықпал етеді. Әсіресе, әрекеттің тұлғаға әсері ерекше екендігін атап өткен жөн. Адам әрекеті негізінде және

соның арқасында тұлғаның дамуы мен оның қоғамда әр түрлі ролдерді атқаруы жүзеге асырылады. Адам өзі туралы қаншама ойларға беріліп, кез-келген қиялдар тудыруы мүмкін, ал өзінің нақты болмысында тек ісі арқылы ғана аңғарылады. Адамның тарихи дамуы тарихи дамуы тұрғысында тұлға жеке адамның әлеуметтануының нәтижесі болып табылады. Тұлғаның тағы бір маңызды сипаттамасы – оның адамгершілігі, тұлғаның рухани мәні болып табылады. Қытай ойшылы Конфуцийдің пікірінше, адамгершілік, ізгілік бірінші кезекке қойылған, олар адамзат өмірін жақсартушы, жамандылықтан құтқарушы категориялар ретінде қарастырылады. Тұлғаның еркіндік жігері мен рухының күштілігі, оның адамгершілік қайырымдылығы мен тазалығы тек нақты практикалық іс-әрекет және белгілі бір әлеуметтік жағдайларға ғана іске асады. Сонымен қатар, тұлға еркіндігі оның маңызды атрибуты болып табылады. Бірақ, біздің түсінігімізше жауапкершіліксіз еркіндік бұл шектен-тыс бей-берекетсіздік. Сондықтан жауапкершілік өзінің атқарған ісіне тиянақтылық, өркениеттілік көзқарастың қалыптасуы – тұлғаның маңызды атрибуты. Нағыз тұлға еркін шығармашылықты талап етеді. Тұлға неғұрлым жоғары және маңызды болған сайын, оның өзі мен өзгелер алдындағы жауапкершілік деңгейі де жоғары бола береді. Адамзат жайлы ең әділ баға беретін – тарих және уақыт кеңістігі. Себебі тарих ерте ме, кеш пе әркімді өз орнына қояды. Кез келген дәуірдің ерекшелігі де, мәні де жеке тұлғалар арқылы анықталады. Себебі тарихты халық жасағанымен, тарихи даму заңдылықтарына сәйкес ауқымды мақсаттарды заманның нақты тұлғалары жүзеге асыратыны белгілі.

Әдебиеттер:

- 1.Қасабек А. Философия тарихы және ұлттық философия. – Алматы, 1999. – 7, 52 бб.
- 2.Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі. – Алматы, 2000. – 18 б.
- 3.Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана, 2002. – 15 б.

Резюме

В статье рассматриваются роль и значение человека в современном обществе. Автор подчеркивает ценности индивида, индивидуальности и личности, выделяя при этом гуманность как его главную характеристику. При этом указываются факторы и ценности различных областей науки, оказывающие влияние на духовное становление человека как личности.

Resume

The article discusses the role and importance in modern society. The author emphasizes the value of the individuality and personality, while stressing the humanity of his main characteristic. In this case, indicate the factors and values of the various fields of science, which have influence on the spiritual development of man as a person.

ӘОЖ 340.12:329:347.132.11(574)

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ БАРЫСЫНДАҒЫ КӨППАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

А. Ш. ЖАРЫЛҚАСЫНОВ, құқық магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Бүгінде Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жолына түсті. Азаматтық қоғам-саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және құқықтық жағынан жоғары деңгейде жетілген азаматтардың мемлекеттен тыс, бірақ мемлекетпен бірлесе отырып дамыған құқықтық қатынастарды қамтамасыз ететін қоғамның түрі. Бұл қоғамда азаматтардың халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары мен

бостандықтары сақталып, заң үстемділік етеді. Азаматтық қоғам материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады. Құқықтық мемлекет – конституциялық басқару тәртібі қамтамасыз етілген, шын мәнісіндегі билік бөлінісі мен олардың тиімді қарым - қатынасы мен өзара бақылауы жүзеге асырылған, саясат пен билік құрылымында әлеуметтік бақылау орнатылған, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі қалыптасқан мемлекеттік құрылым. Құқықтық мемлекеттің негізінде демократиялық жолмен қабылданған заң алдында барлық қоғам мүшелерінің тең саналуы, заңның халықтың еркін білдіруі және адамның құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі танылады. Бұл мемлекетте пікір алуандылығы кең өріс алады.

Сонымен бірге құқықтық, демократиялық мемлекетте ең жоғары заңдылық күші бар – конституция зор маңызға ие. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы демократиялық қоғам құру мен әрбір жеке адамның автономиясының заң жүзіндегі кепілдіктерін қамтамасыз етуге қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Олардың қатарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының конституциялық негізде бекітілуі, билік тармақтарының бөлінуі, тәуелсіз конституциялық бақылаудың, заңның үстем болуы, идеологиялық және саяси әр алуандылықтың өрістелуі және т.б. Конституцияда бекітілген азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті дамытудың ұстанымдары бар. Яғни Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабының 1-тармағына сәйкес: «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр алуандылық танылады» [1]. Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, идеологиялық және саяси әр алуандылықты мойындайды.

Осыған байланысты Қазақстан қоғамында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті орнықтырудың басты алғышарттары мен ұстанымдарын негіздеп, оны қамтамасыз етуде қоғамдық - саяси өмірге демократиялық нысанды енгізу бірден-бір дұрыс бағыт болып табылады. Айта кетерлік маңызды жайт, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру – күрделі, ұзақ та қайшылықты процесс. Олар қоғамдық - саяси жүйедегі заң орындарының жарлығына сәйкес пайда болмайды. Бұл құрылымдар белгілі бір тарихи кезең аралығында саяси жүйенің табиғи деңгейде жоғары дәрежеде дамуына байланысты негізделеді.

Осы кезеңде тәуелсіз Қазақстан қоғамы қоғамдық-саяси үрдістерді қалыптастырудың түрлі жолдарын, әдіс-құралдарын анықтаумен елді демократияландыру мақсатымен, сондай-ақ республиканы мекен етіп жатқан көптеген ұлт өкілдерін топтастыру үшін бірыңғай мемлекеттік идеологиядан бас тарту саясатын іске асыруда. Бұл жайт конституциялық тұрғыда негізделген ұстанымға айналып отыр.

Жоғарыда атап өткендей, Қазақстан Республикасының Конституциясы идеологиялық және саяси көпқырлылықты жақтайды. Идеологиялық көпқырлылық дегеніміз әртүрлі, тіпті, бір - біріне қарама-қарсыға дейінгі идеологиялық көзқарастар мен ағымдардың өмірде орын алып, әрекет етуіне жол ашылуын білдіреді. Олардың заңды түрде орнығуының басты шарты мынада: идеологиялық ағымдар мемлекеттік идеологияға айнарудың түпкілікті құқығын иеленуге үміттенбеуі, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді көздемеуі, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, діни, топтық-тектік және нәсілдік алауыздықтың отын тұтатуға бағытталған идеялар мен көзқарастарды насихаттамауы тиіс. Бір идеология – маркстік идеология үстемдігінің жойылуы сөз жоқ, қоғамдық санаға оң әсер етті, сананы бір идеологияның «бас айналдырған» елес дүниесінен, біржақты ойлаудан арылтты және қоғамның идеялық дамуына игі ықпал етті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы сияқты тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғамға өтіп жатқан мемлекетте елдің саяси дамуының алғышарттарын талқылап, жүзеге асыру маңызды мәселе болып табылады. Бұл ретте Қазақстандық қоғамның саяси

өмірінде ескі үлгілерден бас тарту және жаңа даму түрін іздеу, саяси реформалардың міндеттерін талқылау мен орындау, таяу және алыс болашақтағы мақсаттарға бағыт-бағдар жасау тәрізді маңызды процестер жүріп жатыр. Сөйтіп, Қазақстан қоғамының түбегейлі өзгеріске ұшырауы бұрынғы қалыптасқан саяси жүйенің, қоғамның дамуы мен қарым-қатынастардың өзгеруіне әкеледі. Бұл жайт қоғамдағы жеке тұлғалардың ондаған жылдар бойы қалыптасқан өзіндік көзқарасы мен ұстанымының жаңаруын талап ететіндігі сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, 1990 жылдардың басындағы Кеңестік империяның күйреуі Қазақстандық қоғамдағы саяси әлеуметтенудің бұрынғы қалыптасқан жүйесін таратып, елдің саяси дамуына сәйкес демократиялық құндылықтарға бейімделуге басты негіз болды. Алайда бүгінде Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың саяси белсенділігі, өзінің азаматтық, саяси, әлеуметтік құқықтарын білу арқылы мұрат-мүддесін конституциялық-құқықтық негізде қорғай алу мүмкіндігі әлі де төмен деңгейде қалып отыр.

Кез келген қоғамды дамыту адамдардың іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Қоғам демократияны дамыту үшін өз мүшелерінің елдің саяси-әлеуметтік өміріне қатысу мүмкіндігін кеңейту жолында қызмет етуі керек. Яғни, «адам еркін болмайынша қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша ой еркін болмайды. Ойың еркін болмайынша, ісің алға баспайды». Демек, шынайы демократия мен халықтың басым көпшілігінің осы демократиялық еркіндікті пайдалана алуы қоғамдық құрылымның тәуелсіздігін баянды етудің басты құралы екен. Сонымен қатар қоғамдық саяси жүйедегі түрлі көзқарастағы барлық топ өкілдері мен жекеленген тұлғалардың бір-бірінің мүдделерімен санасып, ортақ келісімге келуге қол жеткізуі де демократиялық үрдістің айқын көрінісі болып табылады. Сондай-ақ, жеке тұлғаның тұрмыстық хал ақуалының деңгейі оның қоғамның саяси өміріне белсене қатысуына, саяси әлеуметтенуі мен саясаттың субъектісіне айналуына шешуші ықпалын тигізеді.

Сонымен бірге демократияландыру процесінің әр елдің өзіндік ерекшелігіне сәйкес түрлі кезеңдерде жүзеге асырылатыны белгілі. Осыған орай Қазақстандық қоғам саяси жүйенің түрлі салаларында демократиялық құндылықтарды орнықтырудың бастапқы кезеңдерінде даму үстінде. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қоғамымыздағы кезең-кезеңімен, бірақ үздіксіз демократияландыру біздің ұдайы ұстанатын қағидамыз... Ең бастысы ел өмірін демократияландыру эволюциялық жолмен жүзеге асырылуы шарт. Өте - мөте нәзік бұл істі баяғыдай революциялық жолмен қолдан жеделдетіп жіберуге әсте болмайды. Қоғамдық дамудың өзіндік ішкі заңдылықтары бар. Экономикада ертеңгі істі бүгін атқарып тастауға болар, бірақ саясатта ертеңгі істің ертең атқарылғаны жөн. «Саясат қолдан келетінді жүзеге асыра білу өнері» деп сондықтан айтады» - [2], деп атап көрсеткендей, елдің демократиялық дәстүрлерге бірте-бірте бейімделгені оң болады. Осы тұрғыдан алғанда, қоғам өмірінде демократиялық, азаматтық және саяси институттардың өз - өзінен орныға алмайтыны белгілі. Олар қазіргі замандағы өзекті мәселелерді шеше алатын, саяси, әлеуметтік, құқықтық және т.б. сан алуан бағыт - бағдарлары жетілген жеке тұлғаларға мұқтаж. Осыған орай, Қазақстандық қоғамға саяси іс-шараларға белсене қатысатын, мемлекеттің мүшесі ретінде өзінің міндетін орындай білетін, жүргізіліп жатқан өзгерістерді қолдайтын саяси әлеуметтенген жеке тұлғалар қажет. Дегенмен, өмірде білімді, шешен, белсенділігі төмен, саяси жағынан хабары мол немесе бейсаясаттықты қолдаушы және т.б. сан алуан адамдар кездеседі. Сондықтан бүгінгі таңдағы Қазақстандық қоғамның мақсаты демократиялық құндылықтарды нысана ететін, саяси - әлеуметтік тұрғыдан белсенділігі зор, саяси әлеуметтенген жеке тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Өйткені қоғамдық саяси жүйенің барлық салаларында демократиялық құрылымды орнықтыру міндеті әрбір қоғам мүшесінен жоғары саналылықты, саяси процестерге белсенді қатысуды талап етеді.

Осымен байланысты қоғамдық құрылымды демократия бағытында дамыту барысында жеке тұлғалардың саяси әлеуметтенуінің институттық тегтерін қамтамасыз етудің басты мәселелерін шешу қазіргі кездегі өте маңызды жайт. Ол үшін отбасында, білім беру мекемелерінде, еңбек ұжымдарында, қоғамдық - саяси ұйымдарда саяси әлеуметтену агенттері арқылы қоғамдық өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және т.б. салаларында қалыптасып жатқан демократиялық институттардың мәні мен маңызы, олардың құрылымдық негіздері мен қоғамдағы қажеттілігі жайында айтылып, түсіндірілгені жөн. Сондай-ақ аталмыш мәселе бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар мен радио арқылы насихатталуы қажет. Міне, осындай іс-шаралар Қазақстандық қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның бойында қоғамның ішкі және сыртқы саясатын жүргізуге, демократиялық құндылықтарды орнықтыруға атсалысуға қызығушылығы мен талпынысының арта түсуіне мүмкіндік береді.

Ал, қоғамның саяси өміріне қатысу, азаматтардың саяси еркін қалыптастырып, жүзеге асыруға және заңда көзделген тәртіппен мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға қатысу үшін елімізде түрлі саяси партиялар белсенді қызмет атқаруда. Өйкені Қазақстан Республикасының саяси партиялары туралы заңына сәйкес саяси партиялар дегеніміз Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік билікті жүзеге асыруда олардың саяси еркін білдіріп, жариялауға өздерінің өкілдерін қатыстыру арқылы ықпал ететін ерікті түрдегі бірігуі [3]. Сондықтан да саяси партиялардың негізгі міндеттерінің бірі - қоғамдық мүдделерді жинақтау мен оларды саяси шешімдерді қабылдау жүйесі шеңберіне ұйымдасқан және бағытталған түрде ендіру болып табылады. Сонымен қатар саяси партиялар билік үшін бәсекелестік күресте қоғамдық қолдауды жұмылдырушы құрал ретінде қызмет жасайды. Партиялық жұмылдыру арқылы азаматтар қазіргі заманның саяси үрдісінің белсенді мүшесіне айналады, яғни іріктеу қызметін атқарады. Партиялар қоғамдық мүдделерді қалыптастыруда да белгілі рол атқарады. Партиялар міндеті - осы толып жатқан ұсыныстар мен талаптарды шынайы саяси баламаға айналдыру.

Сондықтан Қазақстан қоғамы таңдаған идеологиялық әр алуандылық ұстанымы ел халқын көп ұлтты республиканың даму өзгешелігі мен оның мемлекеттік негізіне сай келетін белгілі бір идеялар төңірегіне топтасуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда саяси партиялардың қоғамды біріктіру мен жұмылдыру саласында ерекше роль атқаратыны Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында да аталып өтілді. Ол жайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Бізде бұрын ешқашан көппартиялылық болмаса, қазір еліміздегі күллі саяси спектрді көрсететін партиялар жұмыс істейді. Бізде көппартиялы Парламент, парламенттік көпшілік қолдаған Үкімет бар» [4], - деп тұжырым жасады. Жолдауда көпұлтты қазақстандық қоғамды өркендетудің әрбір кезеңінің өзіндік ерекшеліктері мұқият ескерілген. Демек, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы елімізді таяудағы ондаған жылдар ішінде демократиялық тұрғыдан жетілдірудің тиімді де жаңаша жолдары белгіленген жүйелі әрі ғылыми негізделген бағдарламасы іспетті. Осымен байланысты қоғамдағы Қазақстанның бірлігі мен тұтастығы, мемлекеттік тәуелсіздік, демократия, пікірлердің сан алуандылығы, адам құқығы, жалпыұлттық келісім, ұлттық қауіпсіздік, азаматтық қоғам және т.б. құндылықтар жалпыұлттық идеямен үйлесіп жатқанда ғана табысты болмақ. Біздің міндетіміз осы ұстанымдарды қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болып табылады.

Сонымен саяси партиялар азаматтардың саяси өмірге қатысуының негізгі құрылымы, саяси әлеуметтендіру құралы болып есептеледі. Бұл партиялардың белгілі бір саяси мәдениет түрін жеткізушісі, саяси байланыс орнату үрдісіне белсене араласуы, сонымен бірге саяси қатысудың әртүрлі жолын қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымының болуына байланысты.

Мемлекеттік бюрократия, армия және басқа да әлеуметтік құрылымдар шеңберінде мүдделерді қалыптастыру мен оны жүзеге асыру жүруі мүмкін. Бірақ заң шығарушы орган мен өкіметті бақылауда тек еркін бәсекелестік күреске негізделген партиялық жүйе ғана қазіргі заман жүйелеріне тән осы саяси функцияны орындаушы құрал бола алады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2013.
2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. – 2010. – 29 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы. – 2002. - 15 шілде.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – 2012. – 14 желтоқсан.

Резюме

В статье рассматриваются роль и значение многопартийной системы в процессе формирования правового государства и гражданского общества. Даются понятия гражданского общества, правового государства, политических партий, а также затрагиваются проблемы формирования многопартийной системы в Казахстане. Определяется значение многопартийной системы в становлении демократического государства.

Summary

The article touches upon a role and significance of multiparty in building of civil society and legal government in Kazakhstan. The concepts of civil society, legal state, political party are given. It focuses on issues of forming the multiparty in Kazakhstan. It gives the description of importance of multiparty system in forming the democratic government.

ӘОЖ 347. 63 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Б.М.ЖУСУПОВА, заңтану магистрі,

Қ. ЖАППАСБАЕВА, студент,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қоғамымызда даулы мәселеге айналып отырған өзекті жайттардың бірі – жетімдер мәселесі. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген ата-бабамыздан қалған сөздің өзі халқымыздың жетімін жылатпағанын, жесірін қаңғыртпағанын меңзейді. Сондықтан біреулер «жетімдерімізді сатуға қатаң тыйым салу керек» десе, енді біреулер «олардың шетелдік болса да, ата-ананың жылуына бөленгені дұрыс, сондықтан оларды асыраушысы табылса, сатқанымыз дұрыс» деседі. Бірақ қазіргі таңда шетелге бала беру жағынан әлем бойынша үшінші орын алып отырғанымызды ескерсек, яғни, бүгінге дейін 6014 бала шетел асқан, онда қоғамымызда бала сату туралы пікірдің басым түсіп отырғанын аңғарамыз. Ал ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бұндай балаларды шетел асырмай өз елімізде, отбасында тәрбие алу, яғни патронатты тәрбие керек деген пікірге қоғам мүшелерінің барлығы келіседі. Бүгінде ел халқының 4,5 миллионын балалар құраса, соның 46 мыңнан астамы түрлі себептермен ата-ананың қамқорлығынсыз қалып отырғандар екен. Оның ішінде 16 мыңдай бала – мемлекеттің қарауында. Мемлекет қарауынан шетелдіктердің қамқорлығына ауысып жатқан балаларымыз да баршылық. Елімізде 40 мыңға жуық, тұрасы 38 386 жетім бала бар. Оның 14 052-сі интернатта, 11612-

і білім беру ұйымдарында, денсаулығы нашар 1 586 бала денсаулық сақтау мекемесінде, 854 бала әлеуметтік қорғауда, 22 мың бала мемлекеттің қамқорлығында тәрбиеленуде. Соның бірі – патронаттық тәрбие.

Елімізде соңғы жылдары патронаттық тәрбие жүйесі белсенді дамып келеді және жетімдер үйіндегі бүлдіршіндерге патронаттық тәрбие беріп, қамқорлығына алатын отбасылардың саны артып келеді. Нәтижесінде балалар үйінің саны азайды. Республика бойынша бүгінге дейін 2267 бала өнегелі отбасылардың мүшесі болды.

Патронаттық тәрбие - қазіргі біздің нарықты қоғамымызға енген ең бір өзекті мәселе. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жанұяда тәрбие алып, әрі қарайғы өмірге тез бейімделуі үшін патронаттық тәрбиенің маңызы зор.

Бір бала отбасынан орын тапса, соның өзі үлкен қуаныш. Сондықтан патронаттық тәрбие немесе жанұялық балалар үйлерін дамыту арқылы болсын жеткіншектің дұрыс дамуына жағдай туғызсақ, сол біздің жұмысымыздың нәтижесі. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың тағдыры толғандырып, жақсы іс қолға алынды. Бұл отбасылық үлгідегі балалар үйлерін көбейтіп, жеткіншектерді жанұяларға патронаттық тәрбиеге беру. Өйткені интернаттық мекемеде балалар білім, тәрбие алғанымен, болашақ өмірге, отбасылық жағдайға бейімделіп өспейді. Медициналық тұрғыдан бұл типтегі балалар тұқым қуалаушылық тұрғысынан дертке шалдыққан немесе нерв жүйкелері тозу арқылы ашушаң, ызақор болып келеді. Соның кесірінен балалар шынайы өмірге даярланбайды. Оларды қоғамдық өмірге даярлауда өздерімен қатар бірге алып жүретін адамдардың қажеттігі туындайды.

Патронат ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларды жанұя жағдайында тәрбиелеуге ниет білдірген азаматтармен қамқоршылық және қорғаншылық кеңесінің шартқа отыруына байланысты туындайтын тәрбие түрі. Патронатқа уақытша отбасын алмастырушы жанұя қажет болған бала немесе отбасында қолдау және орналастырудың ерекше жағдайларын жасау қажет болған балалар беріледі. Бұл баланы отбасына орналастырудың негізгі мақсаты-баланы әлеуметтендіру, оның отбасында қажетті тәжірибе алу, оның мекемені отбасымен алмастыруы. Баланы патронатқа беру мерзімі әр түрлі болуы мүмкін және жағдайға байланысты. Баланы асырауға бекітілген нормативке байланысты үнемі қаржы бөлінеді [1].

Патронаттық тәрбиенің мақсаты мен міндеті

- Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау;
- Бала құқығын қорғау функциясын жүзеге асыратын органдармен бірлесе отырып жұмыс жасау формалары;
- Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру;
- Қорғаншылыққа және қамқоршылыққа алынған, патронат тәрбие тағайындалған балалар құқығының сақталуын бақылау;
- Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мүлктік мүдделерін қорғау.

Патронат нысанындағы қорғаншылық немесе қамқоршылық кәмелетке толмаған жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдардағы балаларға белгіленеді.

Патронат тәрбиеші – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың негізінде баланы, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдағы баланы тәрбиелеуге берген адам. Патронат тәрбиешілер тәрбиеленушілердің заңды өкілі ретінде келісім бойынша баланың тәрбиесі мен білім алуына байланысты міндеттерді жүзеге асырады. Патронат тәрбиешілер тәрбиенің түрін өз қалауынша анықтайды, ал қамқорлық пен қорғаншылық органы патронат тәрбиешілердің жүктелген міндеттерін

жүзеге асыруына бақылау жасайды. Тәрбиеленуші 18 жасқа толған кезден бастап баланы тәрбиеге беру туралы келісім тоқтатылады.

Жеке адамдардың қорғаншылығында (қамқоршылығында) болмаған бала патронаттық тәрбиеге беріледі.

Патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге берілетін балалардың жалпы саны бір отбасының балаларына байланысты жағдайларды қоспағанда, үш баладан аспайды.

Баланы патронаттық тәрбиеге беру отбасылық тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін баланың мүдделеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

Орган баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларына бақылауды жүзеге асырады, патронат тәрбиешілердің қызметін талдайды.

Ата-ана қамқорлығынан айрылған балалардың басқа формаларынан патронаттың айрықша белгілері:

- патронат келісім-шартқа негізделген;
- патронаттық тәрбиешілердің еңбегі төленеді;
- патронаттарды қабылдаған отбасының тәрбиеленушілеріне тамақ, киім, аяқ киім және басқа да тұрмыстық заттар алуға ай сайын қаражат бөлініп тұрады.

Патронаттық тәрбиеге:

- ата-анасы жоқ жетім;
- ата-ана құқығынан айрылған;
- ата-анасының құқығы шектелген;
- ата-анасы бас бостандығынан айрылған;
- ата-анасы сот шешімімен қабілетсіз деп танылған;
- ата-анасы жоғалып кеткен;
- ата-анасы денсаулығына байланысты оның тәрбиесімен, оны бағып-қағумен айналыса алмайтын;
- ата-анасы ешқандай себепсіз оның тәрбиесінен, оны бағып-қағудан, және олардың мүддесі мен құқығын қорғаудан жалтаратын;
- ата-анасының кім екені беймәлім немесе олардың тұратын жері белгісіз балалар беріледі [2].

Енді балаларды патронаттық тәрбиеге беру қалай ұйымдастырылады, соған тоқталсақ. Патронат тәрбиешілерді іріктеуді орган жүзеге асырады.

Мына төмендегі адамдарды қоспағанда, яғни

- 1) туған ата-аналарды;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;
- 3) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;
- 4) өзіне Неке және отбасы кодексінде жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндеттерін орындаудан шеттетілгендерді;
- 5) егер бала асырап алуды сот олардың кінәсі бойынша жойса, бұрынғы асырап алушыларды;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар тізбесіне сәйкес аурулары болған кезде, денсаулық жағдайы бойынша баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамайтын адамдарды;
- 7) жүгіну кезінде өтелмеген соттылығы бар адамдарды;
- 8) жүгіну кезінде тұрақты тұрғылықты жері, сондай-ақ баланың (балалардың) тұруы үшін жарамды тұрғын үй-жайы жоқ адамдарды;
- 9) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды қоспағанда, педагог қызметкерлердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін тек кәмелетке толған ерлер және әйелдер патронат тәрбиешілер болып табылады.

Айта кететін бір мәселе, бұрындары патронаттық тәрбиеге өтінішті кез келген мамандықтың иесі бере алатын еді. Алайда ҚР Үкіметінің 2012 жылы бекіткен 384-қаулысына орай, тәрбиелеуші педагогикалық лауазым иесі болуы керек.

Баланы патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адам органға мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) патронат тәрбиеші болуға тілек білдіргені туралы өтінішті;
- 2) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-қарауды жүргізу туралы өтінішті;
- 3) егер баланың патронат тәрбиешісі болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса, зайыбының (жұбайының) келісімін;

- 4) патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген адамның денсаулық жағдайы туралы анықтаманы, оның ішінде психикалық саулығы, есірткіге (уытқұмарлыққа), алкогольге тәуелді еместігі туралы анықтаманы;

- 5) егер патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса, жұбайының (зайыбының) денсаулық жағдайы туралы анықтаманы, оның ішінде психикалық саулығы, есірткіге (уытқұмарлыққа), алкогольге тәуелді еместігі туралы анықтаманы;

- 6) баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адамның, сондай-ақ патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса, зайыбының (жұбайының) сотталмағандығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Орган жоғарыда көрсетілген құжаттар болған кезде, баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адамның құқығын тексереді және қорытындысы бойынша шартты жасасу не жасасудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Шартты жасасудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, орган баланы патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адамға дәлелді жауапты жазбаша түрде бес жұмыс күні ішінде ұсынады және оған құжаттарды қайтарады. Органның шартты жасасудан бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сот органдарына шағымдануға болады.

Баланы патронаттық тәрбиеге анықтау кезінде орган оның этникалық шығу тегін, белгілі бір дінге және мәдениетке қатыстылығын, ана тілін, тәрбиелеу мен оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып, баланың мүддесін басшылыққа алады. Баланы шарт бойынша беру үшін оны алдын ала таңдауды органмен және баланы күтіп-бағатын ұйым әкімшілігінің келісімі бойынша баланы отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады.

Бірге туған тете туыстары ажыратуға, бұл балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмеген, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

Он жасқа толған баланы патронат тәрбиешілерге беру оның келісімімен ғана жүзеге асырылады. Балаға патронат тәрбиешіні тағайындау кезінде патронат тәрбиешінің адамгершілік және жеке басының өзге де қасиеттері, оның патронат тәрбиеші міндеттерін орындауға қабілеті, патронат тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас, патронат тәрбиешінің отбасы мүшелерінің балаға қарым-қатынасы, сондай-ақ мүмкін болса, баланың өз тілегі ескеріледі.

Баланы патронаттық тәрбиеге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиеші) мен орган арасында жасалатын шарт:

- 1) баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын;
- 2) патронат тәрбиешілердің құқықтары мен міндеттерін;
- 3) органның патронат тәрбиешілерге қатысты міндеттерін;
- 4) шартты тоқтатудың негіздері мен салдарын көздейді.

Патронаттық тәрбиеге берілген әрбір балаға (балаларға) жеке (дербес) шарт Патронаттық тәрбие туралы ереженің қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда баланың (балалардың) отбасыда болу мерзімін ұзарту жаңа шарттың негізінде жүргізіледі.

Бала патронаттық тәрбиеге берілетін ұйым:

1) осы ұйымның тәрбиеленушісі болып табылатын баламен (балалармен) патронаттық тәрбиеге беру жөніндегі дайындық жұмысын жүргізеді;

2) оның сәтті әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді;

3) баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру үшін құжаттар дайындауды жүзеге асырады;

4) патронат тәрбиешілер болуға тілек білдірген адамдарды дайындауды жүзеге асырады;

5) осы ұйымның тәрбиеленушісі болып табылатын баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беруді жүзеге асырады;

6) патронат тәрбиешіге ұйымдық-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді;

7) патронаттық тәрбиеге берілген балаларды есепке алуды жүргізеді.

Патронат тәрбиешілерге берілген әрбір балаға (балаларға) орган:

1) баланың (балалардың) тууы туралы куәлігін;

2) №026/е нысанды медициналық құжаттаманы, егу паспортын және №063/е нысанды медициналық құжаттаманы;

3) білімі туралы құжатты;

4) баланың (балалардың) ата-ана қамқорлығынан айырылғанын растайтын қайтыс болуы туралы куәліктің, сот үкімінің немесе шешімінің, ата-анасының сырқаттануы немесе іздестірілуі туралы анықтаманың және басқа да құжаттардың көшірмелерін;

5) бірге туған тетелестерінің болуы және тұратын жерлері туралы ақпаратты;

6) балаға (балаларға) тиесілі мүліктің тізімдемесін және оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтерді;

7) балада (балаларда) тұрғын үй-жайдың болуын растайтын құжатты;

8) баланың (балалардың) жеке ісінде бар өзге құжаттар береді.

Патронаттық тәрбие туралы ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттар шарт жасасқаннан кейін патронат тәрбиешілерге тікелей беріледі.

Баланы (балаларды) патронат тәрбиешіге беру органның шешімі негізінде және шартты жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.

Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру патронат тәрбиеші мен бала (балалар) арасында алименттік және мұрагерлік құқықтық қарым-қатынастардың туындауына әкеп соқпайды [3].

Патронат тәрбиешілерге берілген бала (балалар) өзіне мұрагерлік тәртібінде өтетін алименттерге, жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтарына, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды. Баланың (балалардың) тұрғын жайы болмаған кезде Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес өзіне тұрғын жай берілуіне құқығы бар.

Егер баланың (балалардың) жәрдемақыға немесе өзге де әлеуметтік төлемдерге құқығы болған жағдайда патронат тәрбиешіге аталған ақша қаражатын немесе әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыратын тиісті органдарға жүгіну тәртібі түсіндіріледі.

Патронат тәрбиешінің негізгі функциялары:

1) шартты орындау;

2) өз баласымен (балаларымен) бірге тұруды қамтамасыз ету;

3) баланы (балаларды) тәрбиелеу мен күтіп-бағу үшін оңтайлы жағдай жасау және ұйымдастыру;

4) баланың (балалардың) денсаулығы, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы туралы қамқорлық жасау;

5) баланың (балалардың) пікірін ескере отырып, білім беру мекемесін және оқыту нысанын таңдау;

6) баланың (балалардың) патронат тәрбиешіге берілген құжаттарының, балаға (балаларға) тиесілі ақшалай қаражаттың және өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;

7) өзінің қамқорлыққа алынушыларының басқа адамдармен қатынасындағы, оның ішінде соттарда арнайы өкілеттіктерсіз қатынасындағы құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;

8) баланың (балалардың) демалысын ұйымдастыру;

9) баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту үшін қолайсыз жағдайлар туындағаны туралы органды хабардар ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

Патронат тәрбиешіге берілген әр баланы (балаларды) күтіп-бағуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу шарттары «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелері тәрбиешілерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарына ұқсас анықталады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органы патронат тәрбиешінің еңбегіне ақы төлеуді шарттың негізінде ақшалай қаражатты оның ағымдағы шотына ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей ай сайын аудару арқылы жүргізеді [4].

Патронат тәрбиешіге еңбекақы төлеудің тоқтатылуына әкеп соғатын мән-жайлар туындаған жағдайда (шарттың бұзылуы) орган бұл туралы патронат тәрбиешіге бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды. Патронат тәрбиешілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде тұрғылықты жерінің өзгергені туралы көшкен сәтінен бастап күнтізбелік он күн ішінде органды жазбаша түрде хабардар етеді. Патронат тәрбиеші облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан тыс жерлерге тұрақты тұруға көшкен жағдайда шарт бұзылады.

Патронат тәрбиешілер ауруханаға түскен не өзге де дәлелді себептер бойынша отбасында ұзақ уақыт болмаған жағдайда органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы (балаларды) қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа уақытша орналастыруды қамтамасыз етеді не негізгі патронат тәрбиешінің болмау уақытына басқа патронат тәрбиешімен шарт жасасады. Патронат тәрбиешінің баланы (балаларды) денсаулық сақтау ұйымына уақытша орналастыруы патронат тәрбиешінің осы балаға (балаларға) қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды. Отбасында патронаттық тәрбиедегі баланы (балаларды) асырап алуға беру кезінде осы баланы (балаларды) асырап алуға басым құқық оның қалауы ескеріле отырып, өз отбасында бала (балалар) тәрбиеленіп жатқан патронат тәрбиешіге беріледі.

Баланы (балаларды) 16 жасқа толғанда жұмысқа орналастырған жағдайда ол кәмелетке толғанша шарттың қолданылуы жалғасады.

Шарт:

1) дәлелді себептері (сырқаттануы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде органның бастамасы бойынша;

3) бала (балалар) ата-анасына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала (балалар) асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Органдар патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту бойынша міндеттеріне бақылауды Кодексте және осы Ережеде белгіленген тәртіппен патронат тәрбиешінің тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

Патронаттық тәрбиеге берілген баланы (балаларды) тәрбиелеуге және күтіп-бағуға бақылауды органдар 6 айда кемінде 1 рет:

1) патронаттық тәрбиеге берілген балаға (балаларға) оның тәрбиелену және күтіп-бағылу жағдайларын тексеру мақсатында бару;

2) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларының, оның ішінде оңалту құралдарының уактылы ресімделуіне және алынуына, сондай-ақ мүгедек баланың оны мақсатты пайдалануына бақылау жасау;

3) патронат тәрбиешілердің патронаттық тәрбиеге берілген баланы (балаларды) тәрбиелеу және күтіп-бағу үшін материалдық құралдарды пайдалануын тексеру түрінде жүзеге асырады.

Патронат тәрбиеші қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы және оны тәрбиелеу, сондай-ақ оның мүлкін басқару бойынша жұмыс туралы есептерді органға жылына кемінде бір рет ұсынады [5].

Ата-анасы жоқ немесе олардан сот шешімімен айырылған балаларды асырап алу мәселесі - Қазақстан қоғамында соңғы 3 жылда қызу пікірталас тудырған тақырыптардың бірі болып қалып отыр. Мәселен, ата-ана қамқорлығынан айырылған әлгіндей балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдік азаматтарға байланысты көптеген айтыс-тартыс туғаны, тіпті бұл мәселе парламентте де қызу талқыға түскені мәлім. Алайда, әлгіндей балалардың арнайы мекемеде (жетімдер үйінде) емес, отбасында тәрбие алуы, яғни патронатты тәрбие керек деген пікірге қоғам мүшелерінің барлығы келіседі. Бұл мәселеде Қазақстан тарапына халықаралық тәжірибе негізінде жергілікті жерлерде отбасын қолдау және патронаттық қызметті дамыту жөніндегі стратегиялық бағдарлама жасақтау міндеті тұр. Әлеуметтік жетімдіктің алдын-алу проектісі бойынша басты мәселе – республика ішінде бала асырап алуды насихаттау, оның тиімді нысаны – патронаттық тәрбиені жандандыру қажет.

Ет жақындарының қамқорлығынсыз қалған балалар алдымен сәбилер үйінде, мұнан кейін жасөспірімдер үйіне дейін бірқатар мемлекеттік мекемелер тәрбиесінен өтеді. Жасыратыны жоқ, жасы кәмелетке толғаннан кейін олардың көпшілігі далада қалады. Не үй жоқ, не күй жоқ, өмір сүру жолдарын өз бетімен қарастырғандардың бірқатары түрме есігін қағады. Бұлай демеске лаж жоқ, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, балалар үйінде тәрбиеленушілердің тек 10-15 пайызы ғана өмірден өз жолын табады екен.

Жетім жандардың бірқатары өз әкесі мен шешесінің кім екенін өмір бойы біле алмай, ананың аялы алақанын армандайтын шерлі пенде. Оны жасайтын да өзіміз. Ойнақтап жүріп от басқан қызының аяғы ауырлап қалғанын кеш сезген ата-ана жалған намыстың жетегіне еріп, дәрменсіз сәбиді шімірікпестен сәбилер үйіне өткізеді. Оның болашағын, анасын аңсаған баланың обал-сауабын ойламайды. Нақақтан төгілген көз жастың текке кетпейтіндігіне мән бермейді. Рас, балалар үйіндегі жетімнің бәрі тастанды емес, олардың арасында ата-анасы, туған-туыстары бары да кездеседі. Тағдырдың түрлі талқысына ұшыраған жандар балаларын амалдың жоғынан белгілі бір мерзімге дейін мемлекеттік мекемелер қарауына беріп жататындары да бар.

Дүние есігін ашпай жатып жетімдіктің ащы дәмін татқан еліміздегі балақайлардың саны аз болғай деген ниеттеміз. Жетімдіктің құрығына ілініп, ата-ананың аяулы алақанын сезіне алмай екі көзі телміріп, ата-анасын зарыға күтіп жүрген балақайлардың да айы оңынан туып, мейірімі шексіз жандардың махаббатына бөленсе екен дейміз. Ал патронаттық тәрбиеге алам деушілердің көздегені қаржы емес, шын мәнісінде де балаға деген сүйіспеншілік махаббат болғай.

Әдебиеттер:

1. «Неке (ерлі-зайыпты) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. – Алматы: Юрист, 2013.
2. «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 384 қаулысы
3. «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысы
4. «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №381 қаулысы
5. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 тамыздағы №1119 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

Резюме

За последние годы в Казахстане активно развивается система патронатного воспитания. Увеличивается число семей, которые берут на воспитание и опеку детей из детских домов. Патронатное воспитание – это актуальная проблема нынешнего рыночного общества. Патронатное воспитание играет огромную роль в семейном воспитании и в дальнейшем адаптации к жизни детей, оставшихся без попечения родителей.

Summary

Recently the process of home-nursing upbringing is developing, also the number of families who are increasing too upbringing children from orphanage. It is very topical problem of the present market society. Home-nursing upbringing takes enormous part in the upbringing of the family and then their adaptation to the life will be easy, even they will live without parents.

УДК 340.114.5:342.731

МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ ПРАВА НА СВОБОДУ СОВЕСТИ И РЕЛИГИИ

Ж.А.ИСАЕВА, кандидат юридических наук,

Е.В.МИЛОВА, кандидат юридических наук,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Республика Казахстан, провозгласив себя независимым, светским, социальным государством, идущим по пути демократии, рыночной экономики, создания гражданского общества, и являясь членом ООН, ОБСЕ и других международных организаций, приняла на себя обязательства уважать общепринятые демократические стандарты в области прав человека, в том числе право на свободу мысли и слова, совести и религии[1].

Известно, что роль религии в общественной жизни нашей страны в последние годы сильно возросла, вырос интерес общества, атеистическое прошлое сменили свобода вероисповедания, демократические принципы и возможность открыто исповедовать свою религию. Процессы, происходящие в религиозной сфере, сегодня приобретают стратегическую значимость с точки зрения обеспечения общественной и в целом национальной безопасности. Для этого по инициативе Главы государства, впервые озвученной на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана, создано Агентство по делам религий, принят Закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», основанный на международных документах о правах человека на свободу совести и

свободу вероисповедания. Данный Закон основывается на том, что Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским государством, подтверждает право каждого на свободу совести, гарантирует равноправие каждого независимо от его религиозного убеждения, признает историческую роль ислама ханафитского направления и православного христианства в развитии культуры и духовной жизни народа, уважает другие религии, сочетающиеся с духовным наследием народа Казахстана, признает важность межконфессионального согласия, религиозной толерантности и уважения религиозных убеждений граждан[2].

С учетом сложившейся в Казахстане религиозной ситуации государственная политика в отношении религии и церкви не должна быть дезинтегрирующей, вносящей элементы отчуждения. Напротив, она должна объединять, а не разделять, консолидировать, а не противопоставлять людей. Недопустимо, чтобы государство лоббировало интересы той или иной церкви, делило конфессии и деноминации на хорошие и плохие. Одними из составляющих идеологии демократического общества должны быть веротерпимость и внимательное отношение к верующим всех вероисповеданий. Цели, принципы и методы государственной политики в сфере религии вытекают из обязанности государства обеспечить конституционное право каждого на свободу совести и призваны способствовать развитию государственно-конфессиональных отношений в новых политических и социально-экономических условиях. Учитывая конституционное закрепление о приоритетности международного права над национальным, представляется важным изучение международных документов, закрепляющих данное право. Особенности правового регулирования в разных странах не подвергают сомнению доминирующую роль государства в отношениях с религиозными сообществами, равно как со многими социальными институтами. Государственная власть в современном мире проникает во все сферы жизнедеятельности, несмотря на существование в политико-правовых системах различных институтов, призванных ограничивать такое проникновение. В связи с этим, одним из наиболее актуальных и обсуждаемых во многих странах является вопрос, насколько далеко могут простираются полномочия государства и насколько независимыми от государства могут быть религиозные образования. Положение осложняется тем, что религия, наряду с другими качествами, имеет и качество нормативности, является мощным регулятором поведения. Недаром в некоторых религиях и религиозных организациях не признается (или признается только формально) верховенство государства в регулировании различных сторон их жизнедеятельности. Либерализация общественной и государственной жизни в Республике Казахстан, новые подходы в государственно-конфессиональных отношениях способствовали принципиальным переменам в религиозной сфере, выразившимся в активизации существующих религиозных организаций, появления многочисленных новых религиозных движений, возрастании общего интереса к религии.

Президент РК Н.А. Назарбаев неоднократно отмечает, что «одним из ключевых приоритетов внутренней и внешней политики Казахстана является обеспечение диалога культур и религий, деятельность по борьбе с национальной, культурной, религиозной нетерпимостью» [3]. В связи с чем, перед государством стоит задача выработки новой политики по отношению к религии и религиозным организациям. Это особенно важно в условиях активного использования религии в политических целях, появления новых религиозных технологий.

Закон РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» основан на международных документах о правах человека на свободу совести и свободу вероисповедания. Учитывая конституционное закрепление о приоритетности международного права над национальным, представляется важным изучение международных документов, закрепляющих данное право. Ведь не случайно ч.2 статьи .2 Закона РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» закрепляет, что

если международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан, установлены иные правила, чем те, которые предусмотрены в данном Законе, то применяются нормы международного договора [2].

Статья 18 Международного Пакта о Гражданских и Политических правах (далее - МПГПП) определяет понятие свободы мысли, совести и религии следующим образом: "Это право включает свободу иметь или принимать религию или убеждения по своему выбору и свободу исповедовать свою религию и убеждения как единолично, так и сообщая с другими, публичным или частным порядком, в отправлении культа, выполнении религиозных и ритуальных обрядов и учений" [4]. Статья 1 Декларации ООН 1981 года о ликвидации всех форм нетерпимости и дискриминации на основе религии и убеждений (далее - ДЛНДОРУ) расширяет это понятие принципиальным условием выражения: «Это право включает свободу иметь религию или убеждения любого рода по своему выбору и свободу исповедовать религию и выражать свои убеждения как единолично, так и сообщая с другими» [5].

Понятие и содержание свободы мысли, совести, религии и убеждений наиболее полно развиты в Итоговых документах Совещаний на Высшем Уровне ОБСЕ (Хельсинки 1975, Мадрид 1980, Вена 1989, Копенгаген 1990, Париж 1990, Будапешт 1994). В частности, в пункте (9) Документа Копенгагенского Совещания Конференции по Человеческому Измерению ОБСЕ государства-участники подтвердили, что "(9.4) - каждый человек имеет право на свободу мысли, совести и религии[6]. Это право включает свободу менять религию или убеждения и свободу исповедовать свою религию или веру как индивидуально, так и совместно с другими, публично или частным образом путем отправления культа, обучения и выполнения религиозных и ритуальных обрядов. Здесь понятие свободы мысли, совести, религии и убеждений расширено свободой их изменять, а выражение этой свободы включает в себя также свободу обучения.

Таким образом, современное понимание содержания свободы совести, включающее свободу мысли, убеждений и религии, состоит в следующем: это право иметь или не иметь, принимать или изменять любые убеждения или религию по своему собственному выбору, а также исповедовать и выражать свои убеждения или религию как индивидуально, так и совместно с другими, публично или частным образом, путем обучения, отправления культа и выполнения религиозных и ритуальных обрядов. МПГПП запрещает наложение ограничений на права и свободы человека, "кроме тех, которые предусматриваются законом и которые необходимы в демократическом обществе в интересах государственной или общественной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья и нравственности населения или защиты прав и свобод других лиц".

В соответствии со статьей 18 МПГПП "Никто не должен подвергаться принуждению, умаляющему его свободу иметь или принимать религию или убеждения по своему выбору" и "Свобода исповедовать религию или убеждения подлежит лишь ограничениям, установленным законом и необходимым для охраны общественной безопасности, порядка, здоровья и морали, равно как и основных прав и свобод других лиц".

Статья 4 МПГПП, допускающая возможность отступления от обязательств по Пакту "Во время чрезвычайного положения в государстве, при котором жизнь нации находится под угрозой и о наличии которого официально объявляется", особо оговаривает, что даже чрезвычайное положение "не может служить основанием для каких-либо отступлений" от статьи 18.

В Итоговом Документе Венской Встречи СБСЕ 1990 года государства - участники признали, что: (17) - ... вышеупомянутые права и свободы могут быть ограничены лишь в той мере, которая предусмотрена Законом и их международными обязательствами. Они заявляют о готовности отрегулировать свое внутреннее законодательство в направлении полного обеспечения свободы мысли, совести и религии[7].

В Документе Копенгагенского Совещания 1990 года государства-участники подтвердили, что: (9.4)... «Осуществление этих прав подлежит лишь таким ограничениям, которые предписаны законом и соответствуют международным стандартам».

Согласно Сиракузским принципам, "интересы "национальной безопасности" могут служить основанием для ограничения определенных прав только в случаях, когда такие ограничения вводятся для защиты "суверенитета, территориальной целостности или политической независимости от угрозы силой или ее применения".

На "интересы национальной безопасности нельзя ссылаться в качестве причины, когда речь идет о предотвращении только местной или относительно изолированной угрозы закону или порядку", они не могут "служить предлогом для установления нечетких или произвольных ограничений", и их "допустимо использовать в качестве причины только при условии существования достаточных гарантий и эффективных средств правовой защиты против злоупотреблений".

При этом "интересы национальной безопасности" могут служить оправданием для ограничения только определенной группы прав и свобод: свободы передвижения и выбора места жительства; ограничений присутствия публики и прессы на судебных процессах; свободы слова; свободы объединения и собраний. Ограничение этой группы прав и свобод в "интересах национальной безопасности" допустимо лишь при соблюдении условий:

- если это необходимо в демократическом обществе;
- если эти ограничения преследуют законно обоснованные цели;
- если эти ограничения соразмерны законным целям;
- если эти ограничения отвечают насущной общественной или социальной необходимости.

Международное право не допускает каких-либо ограничений свободы религии и вероисповедания по соображениям национальной безопасности. Ни статья 18 МПГПП, ни статья 9 Европейской конвенции о правах человека не включают "национальную безопасность" в число приемлемых причин для наложения каких-либо ограничений на свободу мысли, совести и вероисповедания.

Международное право прямо запрещает отступать от принципа свободы мысли, совести и вероисповедания во время чрезвычайного положения. Право на эти свободы может быть ограничено только в отношении его внешних проявлений и только на следующих основаниях - обеспечение общественной безопасности, общественного порядка, физического и нравственного здоровья граждан и основных прав и свобод других граждан. "Интересы национальной безопасности" в этом перечне отсутствуют.

В силу этого именно соблюдение государством международных стандартов свободы совести и религии служит главным индикатором степени уважения прав и свобод человека в целом.

Это должны четко понимать нынешние и будущие казахстанские политики, все казахстанцы. Мы должны бережно передавать эти мудрые наставления Первого Президента независимого Казахстана Н.А.Назарбаева каждому будущему подрастающему поколению, нашим потомкам. Ибо эти постулаты, став главной парадигмой общенационального мышления и организующей силой эффективного государственного развития Казахстана, придают нам уверенность в будущем страны, в будущем нашего трудолюбивого казахстанского народа.

Литература:

1. Конституция Республики Казахстан. - Алматы: Юрист, 2012.
2. Закон Республики Казахстан от 11.10.2011 N483-IV "О религиозной деятельности и религиозных объединениях" // Казахстанская правда. – 2011. – 15 октября.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева «Стратегия «Казахстан-2050»:

новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012.

4. Международный Пакт о Гражданских и Политических правах. Принят **резолюцией 2200 А (XXI)** Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года // <http://www.un.org/ru>

5. Декларация ООН о ликвидации всех форм нетерпимости и дискриминации на основе религии или убеждений. Принята **резолюцией 36/55** Генеральной Ассамблеи от 25 ноября 1981 года. <http://www.un.org/ru/>

6. Шахов М.О. Религиоведение / Энциклопедический словарь. – М.: Академический проект, 2006. – 1256 с.

7. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации. Учебник. – М.: ИНФРА, 1998. – С.193.

Түйіндеме

Мемлекет әлеуметтік, этностық және діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді механизмдерін қалыптастыру мақсатын қояды. Осыған байланысты ҚР Конституциясы мен халықаралық құқықтық нормалар негізінде бұл салада мемлекеттік саясатты дәйекті түрде жүргізуге рұқсат беретін халықаралық нормаларда көзделген діни сенім бостандығы құқығының халықаралық стандарттарға сәйкес сақталуын қамтамасыз ету қажет.

Summary

Objectives, principles and methods of the state policy in the sphere of religion derived from the duty of the State to ensure the constitutional right of everyone to freedom of conscience and are designed to facilitate the development of state-church relations in the new political and socio-economic conditions. By virtue of this, it is exactly compliance with the state of international standards of freedom of conscience and religion is the main indicator of the degree of respect for the rights and freedoms of the individual as a whole.

ӘОЖ 323 (574): 321.02

ҚАЗАҚСТАН – 2050 СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ МӘНІ

Э.О. ТОЙЛЫБЕКОВА, заң ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Елбасының болашаққа арналған стратегиялық құжатты жария етуі Қазақстанды жаңа белеске шығаруға арналған. Аталған құжатта жеті бағыт бойынша нақты міндеттер тұжырымдалып берілді.

Елбасымыз атап өткендей, алдағы кезеңдерде әлемде өте үлкен өзгерістер болмақ. Сол өзгерістердің соңында қалып қоймай, алдында жүру және сол өзгерістерді бөтен біреуден күтіп отырмай, Қазақстанның өзі жасау жағы баса айтылды. Ол үшін қазақстандықтардың, сондай-ақ қазақ халқын бәсекелестікке қабілетті болуға тәрбиелеу және қалыптастыру қажет. Ұзақ мерзімді қамтитын Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Стратегиясы болашаққа, жас ұрпақ пен жастарға арналып отыр. Оның жүзеге асырылуы барлығымызға қатысты. Сол себепті де одан ешкім тыс қалмауы керек.

Елбасы өз сөзінде еліміздің болашақтағы даму жоспарын айта келіп, жастарды тәрбиелеуге байланысты мәселелерге де тоқталды. Себебі, бұл Стратегия ұзақ мерзімге арналған. Жастар соны жүзеге асырудың бел ортасында жүруі тиіс. Ал біз жастарға рухани-мәдени тәрбие беріп, олардың жан-жақты азамат болып қалыптасуына ықпал етуіміз қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдудың «Білім және кәсіби машық – заманауи

білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының» 4-бөлімінде: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» [1] деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауаттылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген.

Мемлекет басшысының 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму бағдарламасы туралы айтқан сөзінен түйгеніміз, ендігі жерде біздің барлық іс-қимылымыз осыған жұмылдырылмақ. Сөз жоқ, осынау аса ауқымды да, күрделі міндет барша қазақстандықтардың жұмыла күш жұмсауы арқасында ғана мүмкін болмақ. Елбасы шегелеп айтқандай бұл символикалық дата емес. Бүкіл әлемдік қауымдастық алға бағдар етіп ұстап отырған нақты мерзім.

Осы орайда мен «Қазақстан 2050» Стратегиясына сәйкес жүзеге асатын жаңа саяси бағыт республикадағы барлық ұлт өкілдері мен ұлыстардың ойынан шығып отыр деп санаймын. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев кеше Астанадағы жаңа опера және балет театрында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында Қазақстанда ешкімнің де ұлттық ерекшелігіне немесе тіліне қарай конституциялық құқы бұзылмайтынын бірнеше рет атап көрсетті.

Әсіресе, «қызметке қабылдар кезде немесе жоғары оқу орнына құжат тапсырғанда, оған түскенде осы аталған конституциялық нормалар бойынша біздің көп ұлтты елімізде бір республика азаматының құқығы шектелсе, онда бүкіл Қазақстан халқының құқығы аяқ асты етілді деп есептеуіміз керек» - деді Елбасы. Мемлекеттегі азаматтардың заңдық және әлеуметтік құқын сақтауға және қорғауға қатысты бұдан артық қалайша айтуға болады.

Студенттің жоғарғы оқу орнындағы өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершіліктің дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлігі мен батылдығы қалыптасады. Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді. Тұлғаның осы сапалы болашақ еңбек қоғамы азаматының құқықтық мәдениет болмай қоғам алдындағы міндеттерді орынды шешу мүмкін емес [2].

Құқықтық мәдениет екі тұрғыдан қаралады. Біріншісі кең мәнінде. Бұл құқықтық межелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетінің ауқымын қамтиды.

Екіншісі, тұлғалық, педагогикалық және психологиялық мәніне қарау. Құқықтық мәдениеттің тұлғалық мәнінде - бұл тұлғаның күрделі, кешенді қасиеттері. Негізінен тұлғаның құқықтың мазмұны бар әрекеттер мен қылықтарының орынды бағытын анықтайды.

Адамның құқықтық мәдениеті - күрделі. Әңгіме адам, оның санасы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы болғанда көптеген сұрақтар туындайды. Шындығына келсек, бұл сұрақтарға заң, философия, психология, социология, медицина т.б. ғылымдар әлі толық жауап бере алмай отыр.

Дегенмен, қоғам болашағын құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарап отырған шағымызда аға ұрпақ іс-тәжірибесі мен қарым-қатынасты тәжірибесін негізге ала отырып, жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мәселесін педагогика ғылымы мазмұнында қарастырғанымыз жөн.

Қоғамда өмір сүруші әрбір жас ұрпақ сол қоғамның іс-әрекеті, межелер, мәдени дәстүрлерінің құрсауында болады. Ол мұны сезіне ме, сезінбей ме, бұл оның еркінен тыс жүреді. Қоршаған ортаның өмір талаптарынан қоғамның еш жерінде жасырынып қалуға болмайды. Өкінішке орай, күнделікті күйбең тіршіліктің құрығына түсіп, өз ар-ожданын,

ұатын, намысын бір сәттік дүниенің жалған қызығына айырбастап, сатып жүргендер де аз емес. Осының өзі өскелең ұрпақтың шынайы құқықтық тәрбиесін зор міндет етіп қойып отыр. Құқықтық қоғам демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімін, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Демократияны жетілдіру мемлекеттің және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді:

- заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру;
- заңның орындалуын бекіту;
- қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азамат, бүкіл халық қатынасуы қажет;
- жеке адамның, бүкіл жұртшылықтың мәдениетін көтеру;
- заң қызметкерлерінің сөз бен ісінің бірлігі, тұлғасының кіршіксіз таза болуы.

Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойында болу қажеттігі шығады. Қоғамның қандай қоғам екендігіне баға беру көп жағдайда адам тұлғасының құқықтық мәдениетінің деңгейімен айқындалады [3].

Құқықтық мәдениет - қоғам дамуының бірізділікті, бірін-бірі ауыстырып отыратын өскелең буын жігерлерінің, күш-қайратының іс-әрекеті нәтижелерін, олардың жалпылық қызметі мен тәжірибесінің қордалануын көрсететін, білдіретін қоғам мәдениетінің бір бөлшегі болып табылады. Ол белгілі бір жағдайда тек құқықтық құбылыстар жиынтығын құрайтын адам сананының белгісі болып келеді. Адамның басқа тіршілік иелерінен басты ерекшелігі - өзіндік еркі мен санасының болуы. Ол сезім, қабылдау, түйсік, елестету, және ойлау арқылы қоғамдық қарым-қатынастарды жүзеге асырады. Адамды қоршаған орта жалпы дүние жайлы бейнеленіп отырған сана қызметі оның еңбек етуінің еркінің негізінде өзгерістерге ұшырайды.

Тек қана құқық арқылы адам өзі үшін пайдалы, зиянды әрекеттерді байқап, оларды бір-бірінен ажыратып, осылайша өзіне ғана қажетті қатынасты қалыптастырады. Бұл көзқарас болымды дұрыс, құқықтың қоғамдағы орнын, мәнін түсініп, бағалап, құқық нормаларынан мойындауға, бағынуға икемділігін көрсетеді. Кейде құқықтың маңызын жоққа шығару мәселесін дәлелдейтін ойларда көп.

Әділеттілік ұғымына негізделген құқық алғашқыда-ақ әлеуметтік құбылыс ретінде қалыптасқан болатын.

Әділеттілік шындық, растық, дұрыстық, ақиқат, бостандық деген мағына береді. Осыдан келіп құқықтық сана барша құқықтың қайнар көзі, негізгі бастауы болып табылады.

Философия бастау негізінің ғылымы ретінде сананы, ал оның ішінде құқықтық сананы қоғам болмысының идеялары көзқарастарының материалдық қатынастарының жемісі, нәтижесін білдіреді. Ол сана болмысының дамуына, жетілуіне үлкен ықпалын келтіріп, үлес қосады.

Құқықтық мәдениет қоғамның жаңару үрдісіне, оның өркениеттік бағытталуына күшті әсерін тигізеді. Осы ұстанымдарға байланысты қоғамдық өмірдегі құқықтық мәдениеттің орны мен рөлі туралы сұрақтар маңызды болып қалады. Құқықтық мәдениеттің рөлін анықтаған маңызды, әсіресе даму жағдайындағы қоғамға маңызы өте зор. Сонымен құқықтық мәдениетті жетілдіру мәселелері құқықтық сана аясында қарастырылады.

Мемлекет пен азаматтық қоғам бір-біріне жақын болғанымен әртүрлі мәселелерді тікелей шешеді.

Егер мемлекет өзінің конституциялық және заң актілерінде жеке адамның мәртебесін баянды ететін болса, онда азаматтық қоғам оны жоғары әлеуметтік мәртебемен қамтамасыз етеді.

Міне, сондықтан да жалпыға бірдей құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің арақатынасы тек құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы маңызды рөлге ие болады. Құқықтық мәдениетті тек азаматтардың құқықтық санасын қалыптастырудағы айрықша мән беріп, оның мазмұны нәтижелі болуына үнемі көңіл аудартып жүр [4 116.].

Негізгі мақсат мемлекет тұрғындарының құқықтық сана, құқықтық мәдениет деңгейі және құқықтық білімдерді меңгеру деңгейлерін көтеріп, құқықты оқыту жүйелерінің жұмыстарын жетілдіруде зор маңыздылық беріледі. Сонымен қатар заңдылықты нығайту, халыққа құқықтық тәрбие беру жөніндегі құқықтық насихат жұмыстарын кеңінен ұйымдастыруда мемлекеттің басты құқықтық мәдениетке әсер берер барлық құқықтық тәсілдерді қолдану арқылы орын алатыны белгілі. Бұны барша өздерін құқықтық мемлекет қатарына қосатын елдердің заңнамаларында толықтай дерлік пайдалану. Құқықтық мемлекетке барар жолда әсіресе жастарға құқықтық тәрбие берудің маңызы өте зор. Бұл бағытта жергілікті әділет және білім беру басқармалары ұйымдастырған, орта мектеп және кәсіби-техникалық лицей оқушыларының құқықтық тәрбиесін, оқуын нығайту және құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық сабағын оқыту сапасын жақсарту, білім берудің барлық сатысында оқушыларға құқықтық білім мен тәрбие беруді енгізуді қамтамасыз ету мақсатындағы құптарлық жақсы бастамалары өркен жайып, игі жемісін бере бастады.

Құқықтық мәдениет құқықтық сана мен болмыстың бірлігінің бір көрінісі бола тұрып, тек қоғамдық болмыстың бейнесі ғана емес, сонымен бірге оған белсенді, оңтайлы әсер етеді. Құқықтық мәдениетке тән құқықтық нормалар, принциптер, мұраттар, тәртіп дәстүрлері мен үлгілері адамдарды ынтымақтастыққа жетелейді, құқықтық мемлекет қалыптастыруға әкеледі.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды жетілдіру үшін құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың тікелей әрекеттесуі арқасында орын алатын құқықтық тәрбие қажет. Құқықтық тәрбие және заңдық білім жеке тұлғаның қоғамда әлеуметтенуінің маңызды институты болып табылады.

Шынайы демократиялық, әлеуметтік-құқықтық мемлекет ретінде демократиялық даму нәтижесінде қоғамның азаматтарының, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың жеткілікті деңгейдегі құқықтық құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті қалыптасқан мемлекетті ғана санаймыз. Дамыған құқықтық сана мен құқықтық мәдениетсіз құқықтық мемлекеттің басқа да белгілері де тиімді түрде жүзеге аспайды. Осылайша құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуының шарты деп санауға болады [5].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының жастарға берер білімі, өнегесі өте зор. Сондықтан мұндай Президент Жолдауының дәстүрлі сипат алуы бізді қуантарлық жайт деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2050 Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – 2012. – 14 желтоқсан.
2. Ашитов З.О. Егемен Қазақстанның құқығы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2003.
3. Әбсаттаров Р. Азаматтық қоғам: мәні мен мазмұны: Демократиялық қоғам құрудың бір парасы - азаматтық қоғам туралы // Егемен Қазақстан. –2004. – 15 желтоқсан.
4. Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі. – Қарағанды, 2001.
5. Мырхалықов Ж. «Жөні бөлек Жолдау».

Резюме

В статье говорится об агитации правового образования и правовой культурой, пропагандируются идеи, выдвинутые в Послании Президентом Республики Казахстан - Лидеры

нации Нурсултаном Назарбаевым народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства».

Summary

It is considered in the article the law education and the law culture. It is also under propaganda the idea of Senging the people of «Kazakhstan-strategy-2050: the new directions of formed dovernment.

ӘОЖ 001.89 (574.53)

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ш. К. ТУХМАРОВА, саяси ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ғылым – қоғамдық-тарихи және өндірістік даму, адамдардың қоршаған табиғатпен өзара іс-әрекеті және күресі процесінде адамзаттың тарихта жинақтаған дамып отыратын білімдер жүйесі. Ол адамдарға табиғаттың әлі танып білмеген құпияларын ашады, дүниені терең, объективті танудың және оның құбылыстары мен заңдылықтарын пайдаланудың көкжиектерін кеңейтеді. Революцияға дейін Қазақстанда ғылым мемлекеттік саясаттың объектісі және қамқорлығында болмады. Ол жартылай ресми, көбінесе қоғамдық негіздегі үйірмелерге, бөлімдерге, комитеттерге немесе қызығушылықтары бойынша қоғамдарға біріккен энтузиастердің шағын топтары қызметінің белсенділігінің негізінде дамыды. Бұлардың қол жеткізген теориялық және эмпирикалық нәтижелері өлкенің экономикасы мен рухани ілгерілеуінде шешуші рөл ойнамады, жергілікті халықтың көп бөлігі үшін бейтаныс болып қала берді. Дегенмен, уақыт өте келе Түркістан өлкесінің алдыңғы қатарлы көзі ашық зиялы қауым өкілдері ғылым тәжірибелерін пайдалана отырып, қоғамды дамыту және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында, ғылымды кеңінен және жоспарлы дамытуға күш салды. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің кеңейтілген желілерін құру, ғылымның барлық бағыттарын дамыту, білікті ғылыми кадрларды дайындау мен тәрбиелеуге барлық мүмкіндіктер жұмсалды. Ғылымды құру мен дамыту, ғылыми ұлттық интеллигенцияны құру үшін үлкен жұмыстар атқарылды. Өйткені, басқа да әлеуметтік-экономикалық міндеттермен қатар, өлкенің табиғат байлықтарын ғылыми зерттеу және оны өндіргіш күштерді дамыту мақсатында кеңінен пайдалану мәселесі алға қойылды.

Түркістан өлкесінің бай және әр түрлі табиғаты, тарихы, оны мекендеген халықтардың тұрмысы мен мәдениеті зерттеушілерді ертеден-ақ қызықтырған болатын. Зерттеу жұмыстары Орта Азия Ресейге қосылғаннан кейін жанданып жүре бастады. Материалдық базаның және ақша қаражаттарының жоқтығына қарамастан, көптеген орыс ғалымдары өздерінің қаражаттарына ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, пайдалы қазбаларды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеді. Қиын жағдайларда Н.А.Северцев, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.М.Пржевальский, А.П.Федченко, И.В.Мушкетов, В.Ф.Ошанин, Н.И.Веселовский, В.В.Бартольд, В.А.Жуковский, Д.В.Наливкин, Л.С.Берг, А.Архангельский сияқты танымал ғалымдар өздерінің көптеген зерттеулерін жүргізді және өлкені зерттеуде үлкен үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге Орта Азияда ғылымның дамуына зор ықпал жасады.

Сонымен қатар, Орта Азияға келген ғалымдардың негізгі назары жағрапия, топография, картография, геодезия ғылымдарына бағытталып, геология, минералогия,

ботаника, зоология, этнография және кейбір басқа ғылымдарға аз көңіл бөлінді. Ал математика, физика, химия сияқты тез дамып келе жатқан нақты ғылымдарға тіпті де назар аударылмады. Орта Азияда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қолөнер өндіріс процестері қарапайым еңбек құралдарына негізделді. Ғылымның қоғамдық өмірге, материалдық өндіріске ықпалы өте аз болды [1, с.86].

Түркістан мемлекеттік университеті өзі құрылған уақыттан бастап, бүкіл Орта Азияның жоғарғы білім беруінің және ғылымның басты орталығына айналды. Осыған байланысты, 1923 жылы шілдеде Түркістан Мемлекеттік университетінің атауы – Бірінші Орта Азия мемлекеттік университеті болып қайта өзгертілді. Оның бұлай аталуы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мәдени өміріндегі оның орны мен жағдайын шын мәнінде анықтап берді. Осы атауды университет 1959 жылға дейін сақтады.

Түркістанның игерілуіне байланысты, алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының (мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, инженерлер және т.б.) келуіне байланысты өлкеде алғашқы ғылыми қоғамдар туындай бастады, олардың көпшілігі орталық қоғамдардың филиалдары болды. 1869 жылы Ортаазиялық ғылыми қоғам құрылады, оның негізгі мақсаты – Түркістан өлкесін зерттеу болды, 1870 жылы – Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлар Қоғамының Түркістан бөлімі, 1891 жылдың ортасында – Орыс техникалық қоғамының Түркістан бөлімшесі, 1901-1903 жылдары – Шығыстанушылар Қоғамының Ташкент бөлімшесі, 1892 жылы – Ферғана медицина қоғамы, 1899 жылы – Түркістан медицина қоғамы және т.б. құрылды. 1868 жылы Түркістан статистика комитеті ұйымдастырылды, оның күшімен «Түркістан өлкесінің статистикасы үшін материалдардың» бес томы дайындалды. 1869 жылы Н.В.Тейхтің бастамасымен және оның еңбегінің нәтижесінде Ташкентте химиялық зертхана ашылды, оның қызметкерлері минералдарды, рудаларды, минералдық және тұзды көздер мен батпақтардың үлгілерін, жергілікті өндіріс бұйымдарын зерттеуді жүзеге асырды. 1868 жылы кітап оқушыларға қызмет көрсетумен қатар, ғылыми дайындықтар жүргізетін кітапхана ашылды. 1873 жылы Ташкент астрономия обсерваториясы жұмыс істей бастаса, 1910 жылы Гидрометрикалық бөлім ұйымдастырылды, ол суарудың негізгі көздерінің су ресурстарының есебін жүргізді [2, с.160]. Бұл қоғамдардың негізгі мүдделері ауыл шаруашылығы, жағрапия, биология, этнография, медицина және басқа да ғылымдардағы жалпы зерттеулермен шектелді. Олардың жұмыстары шектеуліліктен, жоспарсыздықтан, жүйесіздіктен, ғылыми әдістемеліктердің жоқтығынан зардап шекті. Кейіннен ғылымның әлеуметтік бағыты түбегейлі өзгерістерге ұшырап, оның негізгі шешуші факторлары экономиканы қайта өзгерту, еңбек өнімділігін арттыру, жұмысшылардың материалдық жағдайы мен мәдени деңгейін көтеруден тұрды. Оған атақты ғалым Ф.К.Ризенкампының Түркістанды электрлендіру мәселесі бойынша зерттеулері дәлел бола алады. Оның «Түркістанды электрлендіру» тақырыбындағы баяндамасы кейін РОЭЛРО-ның жалпы жоспарына енді [3, 72 п]. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттік басқару және ғылыми кадрларды ұйымдастыру ісін Түрревком, кейін ТАКСР Халық ағарту комиссариаты жүзеге асырды. Мәселен, 1919 жылы орыс географиялық қоғамының Ташкент бөлімінде жұмыс тәжірибесін жинақтаған өлкетанушылар тобы Қазақ әскери комиссариаты жанындағы тарих-статистика бөлімі, этнография, жаратылыстану-география секцияларын құрды. Тарих-статистика бөлімі міндетіне өлкені әскери жағынан ғана емес, оны жан-жақты зерттеп, ғылыми жолмен алынған мәліметтерді лекция, мақала түрінде насихаттау кірді. Халық ағарту комиссариатының құрылуы мен ғылым ісімен оның ғылыми комиссиясы айналысты. Орыс географиялық қоғамының Ташкент бөлімі кеңейді. Бұрынғы секцияларға археологиялық секциялар қосылды. Археологиялық секция 150-дей қорған ашты. Этнографиялық секция қазақ ою-өрнектерінің үлгілерін жинаумен айналысты. Көптеген қазақ ертегілерін жазып алды. Жиналған тәжірибе және ғылыми ізденістерінің кеңейген ауқымы 1920 жылы құрамында төрт секциясы бар Қазақстанды зерттеу қоғамының

құрылуына әкелді. Сол жылы ғылыми-педагогикалық және физика-медициналық қоғамдар өз жұмыстарын бастады. 1921 жылдың күзінде Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімі Академиялық орталық болып қайта құрылды. Академиялық орталықтың құрамындағы маңыздылары Мемлекеттік ғылыми кеңес (ГУС) және Мемлекеттік суреткерлік кеңес (ГОХС) еді. Ғылым және оның проблемалары Мемлекеттік ғылыми кеңестің, Көркем мәдениет мәселесі Мемлекеттік суреткерлік кеңестің қарамағында болды. Академиялық орталық ғылыми, оқу ағарту және көркем қызметтің жалпы теориялық және бағдарламалық жағын басқарды.

1922 жылы 5 қарашада Ағарту халық комиссариаты осы комиссияны құру туралы қаулы қабылдап, профессор Н.А.Димоның төрағалық етуімен оның уақытша құрамы бекітіледі [4, 74 п]. Комиссия өзінің қызметін бастап, ғылыми қызметкерлерді тіркеуге ала бастайды. Комиссияның қабылдаған Ережесі бойынша ғылыми қызметкерлер біліктіліктеріне байланысты мынадай санаттарға бөлінеді: «жас, алғаш бастаған ғалымдар; жеке өз алдына оқытушылар және ғылыми еңбектері бар ғылыми қызметкерлер; көп ғылыми өтілі бар және көптеген маңызды ғылыми еңбектерін жариялаған ірі ғалымдар; ірі ғылыми бағыттары мен мектептерінің негізін қалаған-атақты ғалымдар мен оның ірі өкілдері; ғылыми жұмыстары әлемге әйгілі және маңызға ие болған ірі ғалымдар» [5, 7-8 пп].

Қазақстан ғылымының 20-жылдардағы дамуының мәнді сипаты өлкетанушылық және гуманитарлық зерттеулердің басым болуы деп есептеу керек. Өйткені, біріншіден, барлық ғылыми ошақтардың ішінде белсенді де жемісті жұмыс істегені Қазақстанды зерттеу қоғамы болса, екіншіден, тарих, әдебиет, тіл, өнер саласы бойынша іргелі еңбектер жарық көрді. Ал техника-жаратылыстану ғылымдары бойынша мұндай көрсеткіштер жоқ еді. Тек қана 1920-1924 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы еңбектердің жеті басылымын шығарды, қоғам мүшелерінің саны 38-ден 80 адамға өсті. Осы қызметінің арқасында М.Дулатовтың, А.Ф.Рязановтың, М.Тынышпаевтың, А.П.Чулошниковтың әлі күнге дейін өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпаған ғылыми еңбектері жарияланды. 1925 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді араласуымен А.В.Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» атты кітабы халықаралық деңгейде марапатталды.

Әдебиеттану және тіл білімінің қалыптасуына ірі үлесті А.Байтұрсынұлы қосты. Оның 1926-1927 жылдары шыққан «Жаңа әліппе», «Тіл жұмсар», «Әдебиет танытқыш» кітаптарында қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихы, қазақ тілінің грамматикасы мен морфологиясы талданды. А.Байтұрсынұлының әдебиеттанушылық концепциясы жас ғалым М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927 жыл) монографиясында әрі қарай дамытылды. 20-жылдары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов педагогика және психология бойынша терең де мазмұнды жұмыстар, Х.Досмұхамедов табиғаттану, анатомия, физиология, зоология пәндерінен оқулықтар, Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Сәдуақасов Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша зерттеулер жариялады. Ғалым экономистер Т.Шонанов, М.Г.Сириус және басқалар аграрлық экономикадағы қайта құрулар мен оның салдары туралы монографиялар мен мақалалар берді. Республикада ғылымның дамуы белгілі дәрежеде қиындықтарға да тап болды. Ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасы баяу қалыптасты. Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтардың болмауы жинақталған ғылыми мәліметтерді өңдеуге қиындық туғызды. Кейде ғылыми кадрлар тиімді пайдаланбады. Түрлі тақырыптарды орындауға санаулы ғана ғалымдар тартылды, соның нәтижесінде жұмыс жоспарлары орындалмады, жылдан-жылға шегеріліп отырды. 30-жылдарда Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Н.Самойлович және басқалар сталиндік репрессияның құрбаны болды. Сонымен қатар, комиссия республикада ғылыми кадрларды сақтап қалуда да жақсы жұмыс атқарды [6,716].

20-жылдары Орта Азияда ондаған салалық және кешендік геологиялық, ботаникалық, зоологиялық және т.б. ғылыми экспедициялары жұмыстарын жүргізе бастады. Құрамында атақты ғалымдары бар кешенді экспедициялар Орта Азия республикалары мен Қазақстанның табиғи байлықтарын жан-жақты, терең, зерттеу мен игеруде, өндірістік күштерін дамытуда үлкен роль атқарды.

Қоғамдық ғылымдардың дамуына көп көңіл бөлінді. Түркістан мемлекеттік университеті, Түркістан Шығыстану институты, Орта Азия мемлекеттік университеті гуманитарлық факультеттерінің ғалымдарының алдына тарихты, әдебиетті және т.б. зерттеу міндеттері қойылды. 1920 жылы қыркүйекте Ташкентте Түркістан мемлекеттік университеті гуманитарлық факультеттері жанынан ғылыми қоғам құрылады. Ташкентке академик В.В. Бартольд, профессорлар Е.Д.Поливанов, П.А.Фалев және басқаларының келуімен ғылыми қоғамның құрамы айтарлықтай нығайды және оның қызметі жандана бастады [7, с.95]. Тарих-филологиялық және әлеуметтік экономикалық факультеттерінің бастамасымен, 1920 жылы 22 қазанда Түркістан мемлекеттік университеті гуманитарлық факультеттерінің жанынан әлеуметтану, тарих, филология Ғылыми қоғамдары ашылды. Оның төрағалығына шығыстанушы А.Э.Шмидт сайланса, мүшелері этнограф А.А.Диваев, экономист Г.Н.Черданцев, лингвист Е.Д.Поливанов, филолог П.А.Фалев және басқалары енді. Шекаралас Шығысты зерттеу жұмыстарында шығыс комиссиясы танымал шығыстанушылардың білімдеріне сүйенуге тырысты. Осы мақсатта шығыс комиссиясы оған ғылыми қызметкерлер ретінде А.Э.Шмидті, А.Д.Семеновты, М.С.Андреевті тартты және академик В.В.Бартольдті комиссияның жұмыстарына қатысуға шақырады. Оның төрағалығына М.А.Немченко сайланды.

1922 жылы қаңтардың аяғынан бастап, Ташкентте ғылыми шығыстық комиссия - Жалпыресейлік шығыстану ассоциациясының Түркістан филиалы және шетел ішкі істер Халық комисариаттары өкілдіктерінің ведомстваралық органы өз жұмысын бастайды. Бұл ғылыми комиссияның негізгі міндеттері – Орта Азия республикаларының тарихын зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, олардың өзара саяси және экономикалық ара қатынастарын жарыққа шығару жұмыстары болып табылды [8, 156 п]. 1921 жылғы 22 мамырда «Түркістанның тұрғылықты халықтарының тұрмысын зерттеу жөніндегі Ғылыми комиссияның Ережесі» бекітілді [9, 130б]. Бұл комиссия «Түркістанның ұлан байтақ аумағын қандай халықтар мекендейтінін, олардың қоныстану аудандары қандай екендігін, олардың көпшілігі қалай орналасқандығын анықтауға» тиіс болды [10, 156п]. Комиссияның құрамына Түркістанның негізгі халықтарының этнографиясы жөнінен және жалпы исламтану бойынша 5 маман кірді. 1921 жылы 13 шілдеде комиссия құрамы бекітіледі [9, 37-38 пп]. Төрағалығына В.Н.Кун тағайындалып, мүшелеріне тәжіктердің этнографиясы бойынша маман М.С.Андреев, қазақ халқының этнографиясы мен фольклоры жөніндегі маман А.А.Диваев кіреді. 1920-1921 жылдары Түркістан Орталық Атқару комитетінің жанынан Түркістандағы революциялық қозғалыстың тарихын зерттейтін комиссия құрылады. Бұл комиссия мұрағат істері Орталық басқармасының тарих-революциялық секциясында тарихи құжаттарды жинау жөнінде үлкен жұмыстар атқарады [9, 133 б].

Халық шаруашылығының және мәдени құрылыстың өскелең сұраныстарына байланысты, Түркістан өлкесінде 1925-1928 жылдар аралығында Орта Азия мемлекеттік университетінің негізінде бірқатар салалық ғылыми-зерттеу институттары ұйымдастырылады. 1924 жылы ашылған гидротехника институты 1926 жылы Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты болып қайта ұйымдастырылады, 1927 жылы Ташкент ғылыми-зерттеу стансасының негізінде Орта Азия жібек өндірісі институты құрылды. 1929 жылы Ташкентте Өзбек мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты ашылды, ол Өзбекстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруі тиіс болды. Осы жылы құрылған Бүкілодақтық мақта өндірісі ғылыми-зерттеу институты мақта өндірісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын және бірқатар тәжірибе стансаларының

селекциялық-тұқым шығару жұмыстарын біріктірді. Бұлардан басқа қарастырылып отырған кезеңде өлке медицинасы бойынша жұмыстарды жүргізген бірнеше медициналық ғылыми-зерттеу институттары ашылды [11, с.40].

Орта Азия мемлекеттік университеті Орта Азияның басқа республикалары мен Қазақстанға, ұлттық ғылыми кадрларды дайындау және жоғарғы оқу орындарын, ғылыми мекемелерді ашуға көп көмек көрсетті. Бұл республикалардағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылық мамандары, көптеген ғалымдар, мемлекет қайраткерлері жоғарғы білімді Орта Азия мемлекеттік университетінде алған болатын.

Әдебиеттер:

1. Асылбеков М.Х. Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алматы: Наука, 1991. - 185 с.
2. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 гг.). – Москва: АН РСФСР, 1960. -310 с.
3. ӨР ОММ. 25-қ., 1-т., 1915-іс.
4. ӨР ОММ. 2027-қ., 1-т., 3-іс.
5. ӨР ОММ. 25-қ., 1-т., 792-іс.
6. Енсепов Б.Б. «Орта Азия мемлекеттік университетіндегі қазақ зиялыларының орны мен қызметі // Отан тарихы. – 2008. - №4. -70-78 бб.
7. Валиев Е.К. Формирование и развитие советской национальной интеллигенции в Средней Азии. –Ташкент: Фан, 1966. -165 с.
8. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 2103-іс.
9. Енсепов Б.Б. «Орта Азия мемлекеттік университетінің ғылыми ұйымдастыру жұмыстары тарихынан» // Отан тарихы, 2006. - №4. - 129-134 бб
10. 168 ӨР ОММ. 1021-қ., 1-т., 489-іс.
11. Абдуллаев Х.М. 40 лет Советской власти в Узбекистане. – Ташкент: АНУзССР, 1958. - 270с.

Резюме

Представители казахской интеллигенции Среднеазиатского государственного университета, А.Байтурсынов, М.Тынышпаев, К.Ходжиков, Ж.Аймаутов, Д.Сарсенов, Т.Рыскулов, И.Токтыбаев, Т. Жургунов и др., внесли свой вклад в развитие культурной жизни народов. Редакционно – издательская комиссия Среднеазиатского государственного университета провела огромную работу в создании издательско – типографических домов в Средней Азии и Казахстане для популяризации научно – популярных журналов и книг, послуживших большому толчку в развитии науки.

Resume

The representatives of Kazakh intelligent in Middle State university such as A. Baitursynov, M. Tanyshpaev, V. Chodzhakov, N. Aimaurov, D. Sarsenov, T. Ryskulov, I. Toktybaev, T. Zhurgeniv, and others gave their contributions in development of cultural life of Kazakhstan people. Edited –publishing commission of Middle State university was held a great volume in creation of publishing press houses in republics of Middle Asia and Kazakhstan for popular issues of scientific popular journals and works. Served large jolt to development science and knowledge.

СОЦИАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Н.Ш.ШЕРИМОВА, кандидат юридических наук,
Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова

Отличительной особенностью Конституции Республики Казахстан является то, что она, провозглашая права и свободы гражданина, установила, что их признание и соблюдение являются обязанностью государства. Кроме того, в ней определены основные механизмы, необходимые для защиты данных прав. К числу институтов, на которые возложена ответственность за их обеспечение и защиту, можно отнести все ветви государственной власти, которые составляют основу внутригосударственных механизмов защиты прав человека, а также определяют методы, процедуры и средства для обеспечения реализации общепризнанных прав и свобод человека. К ним Конституция относит:

- 1) защиту прав человека Президентом РК как гарантом незыблемости Конституции, конституционных прав и свобод человека и гражданина;
- 2) защиту прав человека органами правосудия;
- 3) защиту прав человека национальными институтами (Уполномоченный по правам человека и Комиссия по правам человека).

Именно в процессе построения социального государства во главу угла выдвигаются реализация потребностей и интересов личности, повышение благосостояния всех граждан, установление социальной справедливости, а также уважение достоинства каждого человека. Несмотря на трудность достижения баланса между рыночной свободой и вмешательством государства, как показывает опыт многих западных стран, расширение социальной функции государства можно сочетать с непрерывным ростом экономического благосостояния, тем более что государственное влияние, как правило, оказывает благотворное воздействие на общественный и экономический прогресс.

Это вытекает из основ социальной государственности, базирующихся на следующих принципах:

- 1) принцип экономической свободы человека, выражающийся в создании условий для выбора рода деятельности в соответствии с возможностями и способностями индивида;
- 2) принцип юридического равенства всех поколений прав человека;
- 3) принцип равенства прав всех субъектов экономических отношений, обеспечиваемый через систему социального партнерства, при обязательном участии государства в формировании правовых условий для этого, одновременно дополненный элементами экономической демократии;
- 4) принцип солидарной ответственности каждого индивида за положение дел в обществе, заключающийся в социальной поддержке государства и общественных организаций малолетних, нетрудоспособных и нуждающихся;
- 5) принцип регулирования и выравнивания доходов граждан, не допускающий большого разрыва между богатством и бедностью;
- 6) принцип государственного регулирования рыночных отношений, предполагающий плановость при сохранении ответственности государства за выработку и соблюдение правил рыночной игры, а также за развитие социальной сферы, включающей обеспечение занятости, высокого уровня жизни и поддержку образования, науки, культуры, здравоохранения.

Ещё одним важным принципом социальной деятельности государства является то, что она не может находиться вне правового поля. Поэтому построение социального государства имеет перспективу только в развитом правовом обществе, где государство гарантирует реализацию и защиту закрепленных в законодательных актах (Конституции, законах, указах, постановлениях и т.д.) прав и свобод, выражающих интересы и потребности личности, социальных групп и народа, на основе принципов социальной справедливости, гуманизма и взаимной ответственности.

Закрепленные в отраслевых законодательствах общепризнанные права человека сами по себе ничего не значат без их соответствующей реализации. А, как известно, реализация прав и свобод индивидуума происходит через деятельность государства, которое является его функцией.

Особо следует выделить функцию обеспечения занятости, которая является наиболее острой проблемой в современной рыночной системе. Механизм рынка не реализует автоматически право на труд для тех, кто может и хочет работать. Для эффективной работы рынка требуется оптимальный резерв рабочей силы. Это ставит перед государством немало сложных проблем. Его обязанностью становится регулирование рынка рабочей силы с целью поддержания определенного уровня занятости, материального обеспечения людей, утративших рабочие места или не сумевших найти их. Известно, что рыночная экономика не обеспечивает полной занятости населения. В ней неизбежна вынужденная безработица (естественным считается ее уровень до 6%). Безработица - не только серьезная социальная проблема, но и недопроизведенный валовой национальный продукт, снижение потребительского спроса и налоговых поступлений, рост расходов государства на пособия. В связи с этим государство должно стремиться обеспечить полную занятость трудоспособного населения, регулировать рынок рабочей силы.

Особое внимание вопросу занятости населения было уделено Президентом Н.А. Назарбаевым в его Послании от 18 февраля 2005 года народу Казахстана, где было указано, что «недостаток рабочих мест лишает наших желающих и способных трудиться граждан возможности обеспечивать себя и свои семьи. Когда-нибудь, в будущем, в нашем динамично развивающемся народном хозяйстве найдется рабочее место для всех и каждого. Но люди не могут ждать. Мы развернем широкомасштабную программу общественных работ, чтобы дать рабочие места тысячам наших граждан, сейчас оставшихся без работы, позволив им помочь стране завершить строительство дорог, школ, жилых домов и медицинских учреждений – того, в чем так нуждается сейчас наша страна. В период экономического кризиса и спада государство обязано дать шанс тем, кто ищет работу, и оно это сделает» [1]. Но, к сожалению, следует отметить, что за прошедший семилетний период данная проблема осталась не до конца разрешенной.

Для более широкого охвата безработных повсеместно расширились общественные работы. Организация общественных работ представляет собой важный фактор облегчения ситуации на рынке труда, однако требует значительных затрат со стороны государства. Решая одну проблему, нужно учитывать, что общественные работы носят временный характер. Участие в них не может обеспечить сколько-нибудь значительное повышение профессиональных навыков и квалификации, а скорее наоборот.

Мы полагаем, что для совершенствования организации занятости населения, необходимо улучшить систему подготовки и переподготовки рабочих кадров и специалистов. Подготовка должна осуществляться на основе анализа положения на рынке труда и прогнозирования его развития. Для этого необходимо налаживание постоянных контактов между высшими учебными заведениями и службами занятости. Путем обмена нужной обеим сторонам информацией будет происходить научно обоснованный прогноз развития рынка труда и занятости молодых специалистов.

Анализ развития современных государств показывает, что их экономические успехи определяются системами образования, образованностью граждан, подготовленностью на всех уровнях рабочей силы, что привело к переоценке и пересмотру роли и места образовательных услуг в обществе. Из этого можно сделать вывод о том, что наиболее эффективным фактором конкурентоспособности национальных экономик, их роста и развития становится уровень образования населения и профессиональной подготовки кадров.

Особую значимость в данной сложившейся ситуации приобретает выдвинутая Президентом Казахстана идея создания Общества Всеобщего Труда, где высказаны следующие основания: «Сегодня труд - как решающий национальный фактор в условиях XXI века, в условиях глобальной конкуренции, - должен быть выдвинут на первый план.... В конечном счете, все ценности мировой цивилизации, все экономические и культурные богатства создаются человеческим трудом, а не виртуальными финансовыми институтами. Поэтому именно реальный производительный труд мы и должны поставить в основу нашей политики социальной модернизации»[2].

Наше общество должно полностью поддержать идею о необходимости поднятия авторитета человека труда. Начинать надо со школьной скамьи, чтобы дети могли найти правильный ориентир при выборе профессии, так как преподносимые телевидением ролики, реклама, фильмы часто пропагандируют лёгкие пути достижения цели, «звёздную сторону» жизни артистов эстрады и кино.

Немаловажную роль имеет улучшение условий жизни в сельской местности, приравнивание её к городской, что повлечет уменьшение миграции населения из села в мегаполисы в поисках работы.

Как показывает практика, зачастую довольно сложно определить границы допустимого вмешательства государства в сферу регулирования рынка труда. Чрезмерное регулирование отношений на рынке труда, сковывающее свободу труда и предпринимательской деятельности, как и недостаточное внимание государства к правовому регулированию в указанной сфере, приводят к кризисной ситуации и неблагоприятным последствиям для экономики в целом. Необходим баланс интересов субъектов, действующих на рынке труда.

Резюмируя вышеизложенные рассуждения, можно сделать некоторые выводы. Главные направления вмешательства государства в сфере трудовых отношений должны заключаться, во-первых, в установлении обязательных стандартов поведения субъектов на рынке труда; во-вторых, в контроле и надзоре за соблюдением трудового законодательства; в-третьих, в регламентации норм, механизмов и процедур, которым стороны трудовых отношений и их представители обязаны следовать, а также тех из них, которые могут быть определены по договоренности сторон за рамками государственного регулирования. Полагаю что, государство должно оказывать всестороннюю поддержку предпринимательству, гарантировать соблюдение прав и свобод граждан, что даст возможность им самим обеспечить работой не только себя, но и создать много новых рабочих мест.

Все это еще раз подчеркивает необходимость дальнейшего совершенствования правотворческой деятельности государственных органов, внедрения в нее научных достижений, максимального отражения в ней назревших потребностей общественного развития и интересов народа.

Государственное управление современным обществом должно осуществляться посредством управления интересами и через интересы людей. Это означает, что при выработке любых нормативных правовых актов, с одной стороны, должно быть глубокое изучение разнообразных социальных интересов, а с другой – такое их соединение, чтобы человек, реализуя личные интересы, мог тем самым способствовать осуществлению основных целей коллектива, общества, государства. Ни один интерес не может и не

должен быть игнорирован в подлинном демократическом государстве, ибо, как убедительно свидетельствует исторический опыт, «общественное» дело в конечном итоге не выиграет, если оно «подавляет» личное, не опирается на него.

Для успешного модернизационного процесса создания «общества всеобщего труда» в Казахстане, Президентом были обозначены несколько принципов. Один из принципов, принцип стимулирования означает, что «Государство создает условия для того, чтобы казахстанцы могли самостоятельно улучшать свое качество жизни. Государственная социальная поддержка направляется адресатам, чтобы побуждать их к трудовой, творческой и общественной активности».

Приведенные проблемы должны найти свое решение в выработке направлений социальной политики государства. Кроме того, полагаю, следующие обстоятельства в некоторой степени должны влиять на формирование социальной политики:

1. Необходимо на законодательном уровне закрепить положение о том, что крупные компании и предприятия обязаны в течение определенного периода времени производить профессиональную подготовку и переподготовку не только своих рабочих, но и безработных, то есть обучать новым стандартам работы на определенном оборудовании и новейшим технологиям. При установлении рейтинга предприятий республики обязательно учитывать данное положение, а для заинтересованности их в этом, предоставлять определенные кредитные или налоговые льготы. Это было бы и облегчением для республиканского бюджета. И, несомненно, следует установить контроль за надлежащим исполнением работодателями своих обязанностей путем предоставления отчетов в территориальные органы занятости.

2. Далее полагаю, что при проведении плановых проверок предприятий и организаций одним из критериев стабильности, соблюдения трудового законодательства, создания достойных условий труда необходимо учитывать фактор текучести кадров. Это верная «лакмусовая бумажка», которая даст подлинную картину об условиях труда в организации.

3. Согласно п. 3 статьи 149 Трудового кодекса, работник, отслуживший срочную воинскую службу имеет преимущественное право при приеме на работу на то же предприятие, где он работал до призыва на срочную воинскую службу. Полагаю, что целесообразнее заменить это право на право сохранения места работы за таким работником, так как преимущественное право еще нужно иногда доказывать и в судебном порядке. Введение этой нормы значительно повлияло бы на занятость молодых людей, вернувшихся с воинской службы. С другой стороны, это психологически положительно повлияло бы на солдата, который будет уверен, что за ним сохранено место работы, и нет необходимости в поисках её после службы.

4. В настоящее время имеет место нежелание людей поступать на работу с тяжелыми и вредными условиями труда, недовольство условиями труда (об этом свидетельствуют последние выступления шахтеров, металлургов, нефтяников). Причина не только в низкой заработной плате. Нужны и другие социальные льготы. Например, восстановление права раннего выхода на пенсию, так как работник физически не может работать во вредном производстве до 63 лет. Это может быть постановка на учет на получение жилья из государственного жилищного фонда и т.п. Введение таких норм решило бы проблему рабочей силы и текучести кадров на таких предприятиях, а в конечном итоге и вопросы занятости населения.

5. При сокращении численности штатов (что характерно в условиях рынка) вменить в обязанности работодателей выплачивать компенсацию в соответствии с возрастом сокращаемого работника. Такая практика существует во многих странах, так как чем старше возраст работника, тем сложнее ему вновь найти работу, поэтому компенсационные выплаты для такой категории работников выше. Многие могут возразить и указать на нарушение прав работодателей, предпринимателей, но полагаю,

что это заставит задуматься работодателя, который в настоящее время позволяет себе уволить работника предпенсионного возраста.

6. Нами неоднократно в научных публикациях поднимался вопрос о внесении в Трудовой кодекс нормы о предоставлении работнику, увольняемому в связи сокращением численности штата, одного свободного дня в течении рабочей недели с сохранением заработной платы, для поиска новой работы, как это предусмотрено в трудовом законодательстве некоторых республик. Введение этой нормы положительно повлияет на вопросы занятости населения, так как сократится время вынужденной безработицы.

Указанные проблемы должны стать предметом обсуждения не только государственных, но и частных структур, так как все должны разделить ответственность за ход и результаты социальной модернизации.

Литература:

1 Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 18 февраля 2005 г. // Казахстанская правда. – 2005. – 19 февраля.

2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к обществу всеобщего труда // Казахстанская правда. – 2012. – 10 июля.

Түйіндеме

Мақалада халықты жұмыспен қамту мәселелері және оларды шешу жолдары қарастырылады. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі мен саясатына назар аударылған. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы осы мәселе бойынша баптарға талдау жасалады. Сонымен бірге, осы мәселеге байланысты бірқатар ұсыныстар келтірілген.

Summary

In the article "from Kazakhstan -" examines question of woman on 2050 Strategies. On my қоғамда woman полін then to increase, gender questions of politics move. And also, in the article to the questions of woman in Laws Republic Kazakhstan to discuss done. Foreign country examines experience question of women in countries.

ӘОЖ 316.628:316.622:37.032:378.18-052.63

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

М.А.АЙТБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Б.НУРЕКЕЕВА, магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мамандарды даярлау процесінің маңызды аспектілерінің бірі кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Болашақ маман өзінің кәсіби қызметінің барысында, потенциалды басшы бола отырып қандай бір шаруашылық мәселелерге қол жеткізуге бағытталған кәсіби міндеттерді шешіп қана қоймайды. Ол әріптестерімен, қызметтестерімен, басшылықпен қарым-қатынас жасау барысында күзиретті және сенімді болуы, қызметтік әдеп ережелерін пайдалана алуы, әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шеше алып, кәсіби нәтижелерге қол жеткізу үшін жағымды психологиялық ахуал жасай білуі қажет. Қаржылық, техникалық немесе ұйымдастырушылық қана емес, сонымен қатар психологиялық міндеттерді шеше алатын кең салалы мамандарды даярлаудың басты шарты — кәсіби қарым-қатынас және жалпы қарым-қатынас мәдениетін жеткілікті деңгейіне ие болу.

Қарым-қатынас жасау икемділігі студенттің университет жағдайында әлеуметтену процесінің табысты жүруінде маңызы зор. Студент топта, жатаханада, факультетте, содан кейін еңбек ұжымында қарым-қатынас жасай біліп, қарым-қатынас құралдары мен тәсілдерін, стильдерін меңгеріп, оны қалыптасқан жағдайларға байланысты таңдай алуы, өзіндік стильге ие бола алуы керек.

Оқыту үдерісі білім алушылардың мотивтері мен мұқтаждықтарына негізделсе тиімді болады. Егер қажеттілік пен оған қол жеткізуге ынта болғанда ғана білім мен икемділіктерді меңгеру жеңіл әрі тез жүреді. Мотивтерді, мұқтаждықтарды, студенттердің мүмкіндіктерін есепке алу және оларға бағдар жасау принципін сақтау — қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Мотивтер (лат.*move* — қозғаймын, итеру деген мағынада) — субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке побуждение; белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы; мотив — бұл адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы. Мотивтердің дамуы заттық шындықты құрайтын іс-әрекет шеңберінің өзгеруі және кеңеюі арқылы жүзеге асады [1].

«Анық иерархиясы бар және тұлғаның бағыттылығын анықтайтын тұрақты мотивтердің жиынтығы» [2, 184 б.] тұлғаның мотивациялық сферасын құрайды. Адамның мотивациялық сферасына мотивтерден басқа қажеттіліктер мен мақсаттар кіреді. Р.С.Немовтың пікірінше, қажеттілік — адамның және жануардың қалыпты тіршілік етуіне, дамуына жеткіліксіз және организмді белсендіретін, қажет затын іздеу іс-әрекетін тудыратын қажеттілік жағдайы [3].

Н.В.Бордовская, А.А.Реанның тұжырымдарына сәйкес мотив мына төмендегілерден тұруы керек:

1. Сандық сипаттамаларынан («күшті-әлсіз» принципі бойынша).
2. Сапалық сипаттамаларынан (ішкі және сыртқы мотивтер). Бұл жерде мотивтің іс-әрекеттің мазмұнына деген қатынасы мағынасында болады. Егер тұлға үшін іс-әрекеттің өзі маңызды болса (мысалы, оқыту үдерісінде танымдық қажеттілік қанағаттандырылса), онда ол ішкі мотивация болады. Ал егер, іс-әрекетке деген негізгі түрткі әлеуметтік

жоғары дәреже, еңбекақы және т.с.с. шартталса, онда сөз сыртқы мотивтер жайлы болып отыр [2,185 б.].

Мақсат — мотивациялық фактор ретінде іс-әрекет бағытталған түпкі нәтиже болып табылады. Атақты американдық психолог А.Маслоу өзінің теориясында тұлғаның жеті базалық қажеттілігін ерекшелеп көрсетеді: физиологиялық қажеттіліктер, қауіпсіздік және қорғаныс, сенімділікке деген қажеттіліктер, сүйіспеншілік және әлеуметтік қажеттіліктер, өзін-өзі сыйлау, сый-құрметке қажеттілігі, өзін-өзі өзектендіру қажеттілігі [4].

Әрқайсысын жеке қарастырып шығайық

1. Физиологиялық қажеттіліктер — адамның тағамға, суға, тұрақты температурға деген қажеттіліктері. Яғни, бірінші кезекте қанағаттандыруға қажетті ең өзекті қажеттіліктері болып табылады.

2. Қауіпсіздік қажеттіліктері — қажеттіліктер иерархиясында екінші орында тұр. Өмірді қорғап қалуға деген қажеттіліктер экстремалды жағдайларда белсендіріледі. Мысалы, соғыс, табиғат апаты, қоғамдағы дағдарыс, қылмыс, төтенше көлік оқиғасы және т.б. Күнделікті бейбіт өмірде қауіпсіздікке деген қажеттілік жоғары еңбекақысы бар қызметке тұру, болашаққа материалдық қор жинақтау, келешектегі өміріне сенімді болу сияқты сипатта көрініс береді.

3. Физиологиялық және қауіпсіздікке деген қажеттіліктерден кейін сүйіспеншілікке деген қажеттілікке тоқталып өтейік. Бұл қажеттілік адамның рухани өміріндегі басты қажеттілік болып табылады. Ол жалғыздықтан қашумен, нағыз достық қарым-қатынас, махаббат, ашық шынайы қарым-қатынас орнатылған жақын адамдары болуына талпынумен байланысты.

4. Сый-құрметке деген қажеттілік сыйластыққа қол жеткізу, беделге ие болу, маңызды құзіретті (отбасы, достары, ұжым, таныстары) болуға талпынумен байланысты.

5. Өзін-өзі өзектендіруге деген қажеттілік өзінің әлеуетін, қабілетін жүзеге асыру, пайдалана алу болып табылады. Кейбір адамдар өзін шығармашылықта жүзеге асырады, ал басқалары өз орнын бала тәрбиесі өнерін меңгеруде көреді, ал үшіншілері өзін қызметтік өсуде жүзеге асырады.

А.Маслоудың жоғарыда аталған базалық қажеттіліктерін таным және эстетикалық қажеттіліктермен толықтырылады.

Танымдық қажеттілік жаңа, түсіндірілуі күрделі нәрселерді білуге, интеллектілік тұрғыдан дамуға талпынумен түсіндіріледі. Сонымен қатар ұғынуға, талдау мен жинақтауға, жалпылауға деген қажеттілікпен сипатталады. Студенттердің оқу мотиві олардың оқу әрекетінің әр түрлі жақтарына деген бағыттылығы деп анықтаймыз. Мысалы, егер студенттердің белсенділігі оқылатын объектіге (лингвистикалық, биологиялық т.б.) бағытталса, онда бұл жағдайда танымдық мотив түрлері туралы сөз қозғалады.

Эстетикалық қажеттіліктер «нақты болмауымен ерекшеленеді» Реан А., Бордовская Н.) және түрлі жас пен мәдениеттегі адамдарда көрініс береді [2, б.150].

В.А.Якунин оқу мотивациясының құрылымын талдай отырып мотивтердің төмендегі түрлерін ерекшелеп көрсетеді [5, б.238]:

- кәсіби;
- танымдық;
- прагматикалық;
- ауқымды әлеуметтік мотив.
- әлеуметтік және тұлғалық бедел мотиві.

Қажеттіліктің бір түрі бірнеше мотив тудыруы мүмкін, ал бір нақты мотив өзара байланысты жүйелі мақсаттармен қанағаттандырыла алады. Мысалы, адамның қызықты жұмыс атқаруға деген қажеттілік кәсіби мотивті тудырады. Ол студенттердің оқу мотивацияларының бірі болып табылады. Ол таңдаған мамандығы бойынша жоғары оқу орнына (немесе басқа оқу орнына) түсуге барынша дайындалады, жоғары оқу орнында кәсіби білім мен икемділіктерге ие болады.

Кәсіби мотив - белгілі бір кәсіпті меңгеруге, кәсіби қызметінде жетістікке жетуге деген талпыныс.

Мақсат – кәсіби тұрғыдан өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Ол үшін оқу орны қабырғасында қарым-қатынас мәдениеті мен ақыл-ой еңбегінің негіздерін меңгеру қажет. Жаксы өмір сүруге, материалдық еркіндікке деген қажеттілік прагматикалық мотивті тудырады. Прагматикалық мотив еңбек нарығында үздік, бәсекеге қабілетті болуыға талпынумен, жоғары еңбекақыға ие болып, кәсіби өсуде табысты болудан құралады. Жоғары кіріске қол жеткізуге, жаксы өмір сүруді қамтамасыз ету – прагматикалық талпыныстармен мотивацияланған мақсат болып табылады. Ал бұл мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіби білім, кәсіби қарым-қатынас жасау мәдениеті мен ақыл-ой еңбегінің мәдениеті қажет.

Адамның жаңа нәрсені білуге, интеллектік, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге талпынуы танымдық мотивтерді туындатады. Бұл ішкі мотив болып табылады. Адам таным процесіне неғұрлым тереңдеген сайын ақиқатқа жетуге, әр нәрсені даралап көруге деген қажеттілік пайда болады. Жаңа нәрсеге қол жеткізу процесі қанағаттанушылық әкеліп, одан әрі алға бағытталуға деген ынта тудырады. Мұндай іс-әрекеттің нәтижесі таным, өз көзқарастары мен пікірлеріндегі еркіндік, белсенді өмірлік позиция болып табылады. Таным процесінде өнімділік мен табыстылыққа жетуде шешуші рөлді ақыл-ой еңбегінің тәсілдерін тиімді пайдалану.

Адамның қоғамға және отанына пайда келтіруге деген қажеттілік әлеуметтік мотивтерді тудырады. Бұл қоғам пайдасына қызмет етуге алпыну, жеке және қоғамдық мақсаттарын жүзеге асыру болып табылады. Міне, қайтадан кәсіби деңгейді көтеру, құзіреттілікті және кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыру міндеті тұрады. Бұл міндеттерге қол жеткізуде қарым-қатынас және ақыл-ой еңбегі маңызды орын алады.

Әлеуметтік мотивтермен шартталған іс-әрекеттің мақсаты тұлғаны әлеуметтік және кәсіби әлеуетін жүзеге асыруы, тұлға ретінде азаматтық белсенді позициясын көрсету болып табылады.

Тұлғаның қоғамда өз орынын табуға талпынуы әлеуметтік және тұлғалық бедел мотивін туындатады. Қарым-қатынас және ақыл-ой еңбегі мәдениетін меңгеру өзінің беделін көтеріп, әлеуметтік және кәсіби қызметте табысқа жетудің кепілі.

Берілген іс-әрекеттің түпкі нәтижесі белсенді өмірлік позиция, өз ортасында (ұжымда, достары және таныстары арасында, отбасында) және қоғамда белгілі бір орын алу қабілетінің қалыптасуы болып табылады.

Тұлғаның мотивациялық аясының негізгі факторларының арасындағы өзара әрекеттестікті талдай отырып қажеттіліктің бір түрі бірнеше мотив тудыратынын аңғарамыз. Мысалы, өзін-өзі тұрақтандыруға, ортасында және қоғамда өзіндік орынға ие болуға деген қажеттілік әлеуметтік және тұлғалық беделге ие болу мотивтерінен басқа, кәсіби, әлеуметтік және прагматикалық мотивтерді туындатады.

Қоғамға пайда келтіруге деген қажеттілік әлеуметтік мотивтерден басқа танымдық және кәсіби мотивтерді туындатады.

Керісінше, бірнеше қажеттілік бір мотивте жүзеге асырыла алады: кәсіби мотив қызықты жұмыс істеу, жоғары еңбекақы алу, қоғамға пайда келтіру және т.б. қажеттіліктерден қалыптасады.

Өз кезегінде, бір мотив бірнеше мақсаттар жиынтығымен қанағаттандырылуы мүмкін. Мысалы, әлеуметтік мотив нысанаға ала отырып, бірнеше мақсатқа қол жеткізуге болады. Атап айтқанда, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан әлеуетін жүзеге асыру, кәсіби құзіреттілік пен кәсіби маңызды сапалардың қалыптасуы, өз көзқарастары мен ой-пікірлеріндегі еркіндік. Немесе прагматикалық мотивті (бәсекеге қабілетті болу және жоғары еңбекақыға қол жеткізу) қанағаттандыруға бағытталған әрекетте кәсіби, әлеуметтік және тұлғалық беделге ие болумен шартталған мақсаттар жүзеге асуы мүмкін.

Бір мақсат бірнеше мотивтермен шартталуы мүмкін. Мысалы, өз ортасында және қоғамда өзіндік орынға ие болу мақсаты әлеуметтік және тұлғалық беделге ие болу мотивтерінен басқа кәсіби, әлеуметтік және прагматикалық мотивтерден туындауы мүмкін.

Аталған мотив түрлерінің қалыптасуы келесі кезеңдерді қамтиды: дағдылы мотивтердің актуализациялануы, осы мотивтер негізінде жаңа мақсаттардың пайда болуы, мақсатқа жету барысында мотивтің бекуі және соның негізінде жаңа мотивтердің шығуы, әр түрлі мотивтер иерархияның құрылуы, бірқатар мотивтерде жаңа қасиеттердің пайда болуы т.б.

Болашақ маманды қалыптастыру жоғарыда аталған мотивтерді өзектендіруді қажет етеді. Қарым-қатынас және ақыл-ой еңбегі мәдениетінің негіздерін меңгеру барысында адам осылардың барысында меңгерілген білім, біліктері оқу үдерісіндегі коммуникацияны айтарлықтай жақсартады, студенттің оқу процесін, одан кейін кәсіби қызметін жақсартуға мүмкіндік туғызады.

Студенттерде аталған қажеттіліктер өзекті болып табылады. Біздің сауалнамамыз көрсеткендей, қарым-қатынас мәселесі бастапқы курстарда анық көрініс береді. Бұл студенттерде бейімделу процесінің жүруімен және коммуникативті кедергілердің пайда болуымен байланысты. Барлық студенттер топта, факультетте, жатаханада достық қарым-қатынас орната алмайды. Бұл студенттердің психологиялық ахуалына, үлгірім нәтижелеріне ықпалын тигізеді. Студенттердің арасында өзара түсіністік пен өзара қолдауға негізделген достық қарым-қатынас орнаған топтарда ауызбіршілігі жоқ топтармен салыстырғанда үлгірім деңгейі жоғары болатындығы дәлелденген. Студент қарым-қатынас жасаудың құндылығы туралы ойланып, ұғына бастайды, достық қатынас орнатады және т.б. Бұл икемділіктер оған студенттік ұжымнан кәсіби ұжымға көшкен кезде қажет болады. Студентте басқа да студенттермен, оқытушылармен, жатаханадағы жолдастарымен қарым-қатынасқа тиімді әрі жылдам түсу қажеттілігі туындайды және т.с.с.

Бастапқы курстарда қарым-қатынас мәдениетін игерудің мотиві-қажеттілігі «Қарым-қатынас мәдениеті» арнайы курсына белсенді қатысуына себеп болады. Қарым-қатынас мәдениетін білу студентке өзінің әлеуметтік статусын, беделін көтеруге, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетінде табысқа ие болуға, жолдастарының алдында қажет болуға мүмкіндік береді. Осындай мінез-құлықтың түпкі нәтижесі белсенді өмірлік ұстаным, ортасында (топта, достары, таныстары арасында, отбасында) өзіндік орнына ие болуға мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықта осы мәселеге ерекше назар аударылуда. Бұл мәселеге көптеген еңбектер мен ғылыми зерттеулер арналған. Оның себебі, қарым-қатынас мәдениетіне ие болу, оның ережесін, техникасын, стильдерін білу, қалыптасқан жағдайға байланысты дұрыс таңдай жасай алу икемділігі адамның бүкіл саналы өміріне қажет болып табылады. Біздің әзірлеген арнайы курсымыздың бағдарламасы 30 сағатқа есептелінген және нақты практикалық мәні бар. Арнайы курс барысында студенттер жалпы және кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің теориялық негіздері, құралдары мен стильдері, кәсіби қарым-қатынастың әдебі, шиеленістің пайда болу және оларды шешу жолдары туралы білім алады, қарым-қатынастың барлық құралдарын пайдалана алу икемділігін меңгереді, қалыптасқан жағдайға байланысты қарым-қатынас стилі, техникасын дұрыс таңдай жасай алуға дағдыланады, кәсіби қызметі барысында ауызша және жазбаша сөйлей білуге үйренеді.

Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығының көрсеткіштеріне біз мына төмендегілерді жатқызамыз:

- қарым-қатынас жасауға әзір болу;
- коммуникативті үйлесімділік;
- қарым-қатынас стильдерін білу;

- қарым-қатынас құралдарын білу;
- қарым-қатынастың табысты болу шарттарын білу.

В.Н.Куницинаның, Н.В.Казаринованың, В.М.Погольшидің анықтамасы бойынша бұл «психологиялық байланысқа түсе білу, өзара әрекеттесу барысында екі жақты келісім мен қабылдауға негізделген сенімді қатынас орнату; қарым-қатынас дағдылары мен икемділіктердің игерілуімен қамтамасыз етілген қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігі [4,418 б.]. Осындай коммуникативтік қабілеттерге ие адамдарға қарым-қатынасқа әзір болу, байланысқа түсу үшін барлық білімдер мен икемділіктерді шоғырландыру, ашықтық, қалыптасқан жағдайға байланысты қарым-қатынас құралдарын дұрыс таңдай алу тән.

Коммуникативті үйлесімділік — ортақ көзқарастарға, позицияларға, өзара түсіністікке, бейімделе алушылыққа негізделген үйлесімділіктің бір түрі болып табылады. Коммуникативті үйлесімді адамдар ашық, даулы емес, өзін-өзі қалыпқа түсіре алатын қарым-қатынастың барлық құралдары мен техникасын жақсы меңгерген болады.

Қарым-қатынас стильдерін білу қарым-қатынастың табысты болуының маңызды шарты болып табылады. Қарым-қатынас стилі — «бұл адамның іскер және жеке қарым-қатынаста, жетекшілікте, балалармен сұхбат жүргізгенде, шешімдер қабылдап, жүзеге асырғанда, адамдарға психологиялық ықпал етудің тәсілдерін, тұлғаралық және іскерлік шиеленістерді шешу әдістерін таңдағанда көрініс беретін адамның коммуникативтік мінез-құлқының дербес тұрақты формасы [4, 422 б.].

Қарым-қатынас стилін басшылық пен ұжым арасындағы біріккен іс-әрекет барысында авторитарлық, либералдық және демократиялық деп бөледі.

Қарым-қатынастың барлық құралдарын білу тиімді қарым-қатынастың келесі бір көрсеткіші болып табылады. Қарым-қатынас құралдарын вербалды (тілдің көмегімен мәліметтерді, білімдерді және т.б. жеткізу) және вербалды емес (қарым-қатынас процесіндегі мінез-құлық, эмоционалдық, ым-ишара, мәнер, сыртқы кейіп) деп бөліп қараймыз.

Осылайша, студенттерді қарым-қатынас мәдениеті туралы педагогикалық білімдермен қаруландыру аталған білімдерге деген қажеттілік қалыптасып келе жатқан уақытында жүргізілу керек.

Әдебиеттер:

1. Психология. Словарь / Под общ.ред. А.В.Петровского, М.Г.Ярошевского.- Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 б.
2. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. Учебник для вузов. - СПб: Питер, 2001.–304 б.
3. Немов Р.С. Педагогическая психология. Учебник для вузов. – М.: Просвещение, 1998. - 164 б.
4. Куница В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2002.- 544 с.
5. Якунин В.А. Педагогическая психология: Учебное пособие - СПб.: Изд-во «Полиус», 1998. - 639 с.

Резюме

Одним из главных условий подготовки специалистов широкого профиля, способных решать не только финансовые, технические или организационные, но и психологические задачи, – это владение достаточным уровнем культуры профессионального общения и культуры общения вообще. Умение общаться имеет большое значение в успешном прохождении процесса социализации студента в условиях университета. Студент должен уметь строить отношения в группе, в общежитии, на факультете, и дальше, в рабочем коллективе, знать средства и приемы общения, стили общения, уметь осуществить их правильный выбор в зависимости от ситуации, уметь вырабатывать свой стиль. Процесс формирования культуры общения студентов будет эффективней, если он опирается на мотивы и запросы обучаемых.

Summary

One of the main conditions of training of specialists of the wide profile, capable to solve not only financial, technical or organizational, but also psychological tasks are a possession of sufficient level of culture of professional communication and culture of communication in general. Ability to communicate is of great importance in successful passing of process of socialization of the student in the conditions of university. The student has to be able to build the relations in group, in a hostel, at faculty, and further, in working collective, to know means and communication receptions, styles of communication, to be able to carry out their right choice depending on a situation, to be able to develop the style. Process of formation of culture of communication of students will be more effective if it relies on motives and inquiries of trainees.

ӘОЖ 37.018:37.026.9

БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫНЫҢ ДАМУЫНА ОТБАСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ұ. Б. АҒЫБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ. Б. ҚОЙШЫБАЕВА, педагогика ғылымдарының магистрі,
В.САДАҚБАЕВА, педагогика ғылымдарының магистрі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Баланың шығармашылық ойлау қасиеттерін бойына сіңіруіне отбасы қарым-қатынасының ықпалы өлшеусіз маңызды. Отбасы мүшелерінің үлкендері мен кішілерінің арасындағы сыйласымдығы “балалардың өз құрбыларымен, ересектермен араласуы олардың тәрбиесіне және жан-жақты шығармашылықтың өсіп-жетілуіне игі ықпалын тигізеді. Ата-аналар жас баланың өз ойын пікірін көзқарасын дәлелді түрде жеткізуге түсінбегендерін шыдаммен ұғындырып, теріс түсініктерін жөнімен айтып беруі абзал.

А.С.Макаренко отбасының бала дамуымен ақыл-ойдың жетілуіне ықпалы туралы айтқан. Жақсы да жаман да отбасылар болады. Отбасы ойдағыдай тәрбиелейді деп кепіл болуға болмайды және отбасы қалай тәрбиелесе, солай тәрбиелесін деп біз де айта алмаймыз. Себебі отбасылық тәрбиені біз ұйымдастыруға тиістіміз. Баланы өз құрбыларының қатарынан қалдырмай білімге құштар, өмірге әуес, белсенді өмірлік позициясына шығару - ата-ананың абзал борышы.

Бүгінгі таңдағы жас өскін ұрпақтарды тәрбиелеудегі алғашқы әлеуметтік орта саналатын отбасындағы қарым-қатынас және болашақ қоғам иелерін ақыл-ойы дамыған, шығармашылық жетік парасат иесі ретінде тәрбиелеудің бастапқы іргетасы болып саналатындығымен сипатталдаы.

Шығармашылық ойлау туралы алғаш рет зерттеу жүргізіп, ойлаудың шығармашылық табиғатын ашуға ұмтылған Дж.Гилфорд болды. Ғалым пікірінше, ойлаудың шығармашылық 4 түрлі ерекшеліктерінің басымдылығымен сипатталуы тиіс.

1) Идеялардың оригиналдылығы әдептен тыс табиғат. Шығармашылық ойлауы дамыған адам әрқашан кез келген жерде өзінің басқаларға ұқсамайтын шешімдерін табуға тырысады.

2) Семантикалық икемділігі объектіні жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастыра отырып, практикалық қоданудғы жаңа функцияларын ойлап табу.

3) Образды, адаптивті икемділігін қабылданған объектімен шығарылған шешімдерді өзгерте отырып бұрын қабылданбаған қырлары мен жақтарын ашуға тырысу.

4) Семантикалық спонтанды икемділігін — белгісіздік жағдайлары мен шешім табылмаған жағдайларда түрлі идеяларды ойлап шығару[1].

Шығармашылық адамның өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруда қоршаған ортамен қарым-қатынастың маңызы зор. Фергюсон сөзімен айтқанда “Шығармашылық қабілеттер жасалынбайды, босатылады”. Сондықтан бұл шығармашылық қабілеттердің табиғатын ашу үшін адамның интеллектуальді деңгейін ғана емес, оның өмірлік жалпының дамуымен қалыптасқанын қарастыру қажет. Қоғам қалыптастыратын кез келген оқу тәрбие жүйесі конформистік көмбістікке негізделген. Әлеумет мүшелерінің теңдігін ойлауды тұншықтырудың да ең төтелей жолы болып табылады. Шындығында өз табиғаты бойынша конформизмге жат болып келеді. Мұндай адамдар қоғамдық ортада анық танымал болғанымен бірден-бір әлеуметтік топқа кіруі қиындықсыз болмайды.

Себебі ол, жалпы қоғамдық құндылықтарды өзінің тұлғалық құндылықтарымен сай болғанда ғана қабылдайды. Шығармашылық тұлға жаңалыққа жаны құмар және түрлі аймақтан алынған ақпараттарды жинақтап бітіруге ұмтылады. Олар кез келген қарапайым заттар мен құбылыстарға әдеттен тыс оригиналды қатынастар жасауға тырысады. Олардың әлемді қабылдау шегі үздіксіз жаңарып, өзгеріп отырады.

Шығармашылық өмір бойы балалық заңтанумен таңырқау сезімдерін сақтап қалуы мүмкін. Қарапайым әдемі гүлдің өзі оларда жаңалық ашқанмен бірдей сезім туғызуы мүмкін. Олар арманшыл, қиялшыл және сезімтал болып келеді. Кез келген уақытта қоғамдық және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөліп өзін қоршаған ортаның бағалаушылық қатынасын асқан сезімталдықпен қабылдайды. Жеке өмірдегі сәтсіздіктерден ауыр әсер алады және оның психологиялық ахуалы шығарманың қабілеті мен ақыл-ой, іс-әрекетке тікелей немесе жанама әсер етіп жан дүниесін, көзқарасын, сенім-пиғылдарын өзгертіп отырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың келешекте мектепке барғанда отбасының оларға мықты таяныш, сенімді кеңесші және де сүйіспендікпен өзара көмек әрі еркіндік ұясы болып қала беруін қалар едік. Ф.Энгельс өзінің “тәрбие туралы” еңбегінде “дүниеге әкелгеннен басқа ешқандай шаруа істемеген өз баласына тәрбие бермеген өз перзентін сирек көретін ана — ол ана емес. Ол сөз жоқ өз баласына бөлек адамдардай қарайды. Оған деген ешқандай мейірімділік жасамайды деп көрсеткен болатын, шындығында да балалардың ата-анамен қарым-қатынасы жақсы болмауы олардың психикасының дамуына әсер ететіні белгілі жайт [2].

Баланың ана мейірімін сезінбеуі оның келешектегі ақыл-ой дамуында кенжелеп қалуымен мінез-құлқының нашар болуына негізін қалайды. От басында бала үлкендерге еліктеуді үйренеді, өмірге қажетті тәжірибе жинақтайды. Отбасының балаға ықпалы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі, бала өз үйінде ғана шын мәнінде еркін сезінеді, дамиды, ойнайды, ересектерден жылы сөз, мейірім күтеді. Басқа жерде байқала бермейтін шығармашылық қасиеті байқалады.

Отбасы мүшелерінің үлкендер мен кішілерінің арасындағы сыйласымдылығы, балалардың өз құрбыларымен ересектермен мектепте және одан тыс жерлерде инабатты араласуы олардың тәрбиесіне және жан-жақты өсіп жетілуіне игі ықпалын тигізеді. Отбасындағы тәрбиенің нәтижелі тартымды болуы, көп жағдайда ата-ананың білім дәрежесіне байланысты.

Отбасылық қарым-қатынас баланың тұлғасының қасиет саналары мен шығармашылық қабілетін жеке тәуелсіз дербес ойлай білу іскерлігін қалыптастырудағы ең бастысы және әлеуметтік фактордың біріне саналады. Ата-анамен және отбасының басқа мүшелері мен өзара жағымды қарым-қатынас орнауы бала бойында болашақта өз ой-пікірімен көзқарасы дербес ойлауға бейім және шығармашылық әрекетке қабілеттіліктің қалыптасуы үшін маңызы өлшеусіз зор [3].

Отбасындағы тәрбие мен қарым-қатынастың тартымды нәтижелі болуы, көп жағдайда ата-ананың білім дәрежесіне байланысты. Көбінесе, ата-ананың балаларына деген үлкен сүйіспеншіліктің нәтижесінде бала психикасының даму заңдылықтарын

білмеуден қарым-қатынаста бірқатар дәрежі қателіктер жіберіп алады. Ата-аналар оны өздері байқай білмеуі мүмкін. Алайда мұның бәрі қалыптасушы, дамушы бала психикасына әсері мол [4].

Отбасылық тәрбие стилінің бала шығармашылық табиғатының дамуына әсері туралы сөз қозғағанда бала тәрбиесіне қатысты ата-аналардың үш типі ажаратылады:

1. Авторитарлы-диктаторлық. Бұл отбасылық тәрбие типі бала дамуына өте жағымсыз болып табылады. Бұл жерде балаға деген авторитарлы көзқарас, яғни, бала қызығуларымен құндылықтары және оның тұлғалық ерекшеліктері есепке алынбайды. Баланы әлеуметтік бейімсіз, әлсіз тұлға ретінде қарау бала тұлғасының шығармашылық дамуындағы ең басты кедергі болып табылады. Мұндай балалар үшін егер отбасында ата-анасының сүйіктісіне айналған басқа да іні-қарындастары болуы жағдайды қиындата түседі. Ата-аналар өздері тарапынан бала жүріс-тұрысын үнемі қадағалап, жазалау шарасына көбірек жүгінеді.

Мұндай тәрбие типінің салдарынан баланың невроздан ауытқуларға шалдығуы мүмкін. Келесі маңызды мәселе егер отбасыда шешесі авторитарлы тұлға болса, балалары әке ролін мойындамайды. Олар әкесіне шешесі көзқарасымен қарап, бағалауға бейім болады. Қыз балалар тәрбиесінде керісінше қатал авторитарлы әкені қабылдамайды. Мұндай отбасында қайшылықтың тенденциялары қалыптасады.

2. Әсіресе, қамқорлық (гиперопека). Бұл тәрбиенің басты белгісі отбасы өмірінде бала тәрбиесіне шектен тыс көңіл бөлу. Бала тәрбиесін назарда ұстайтын ата-аналар қатынасына жатады. Бұл тәрбие екі түрде көрініс беруі мүмкін. Басымдылық және әсіресе қамқорлық тәрбиеде баланың әр қадамына бақылау жасау ойлары мен идеяларына деген қатаң талап, тыйымдар мен бақылаулар айқын орын алады.

А.Я.Варга зерттеулерінде мұндай тәрбиенің авторлы бақылаулардан өзгесі баламен жағымды өте жақын қарым-қатынаста болатынын анықтаған. Бұл баланың шығармашылық дамуына біршама жағымды әсер етеді. Егер бала қажеттілігі мен ата-ана мүмкіндіктерінің арасында қайшылық көбейген жағдайда субъективті жағымсыз болып есептелінеді.

Н.В.Беккер мұндай тәрбиенің салдары бала тұлғасында тәуелді, шабытты, бағынушылық ережелерді қатаң сақтау, көнбістік тағы басқа қасиеттер қалыптасатынын анықтады. Авторитарлы, симбиотикалық қатынас аналар жағынан тәрбие барысында мейірімділік, кішілік, тәуелділік қалыптастырады. Мұндай типті тәрбие көбінесе ұлдарға көп әсер етеді. Жұмсақтық әлемге тән қаттылық ер адамдарға тән қасиетпен қарастырсақ, авторитарлы, симбиотикалық ана баласын өзіне жақындата отырып, оның табиғатын тежейді. Нәтижесінде мұндай ер балаларда әйел адамға тән нәзіктік қалыптасады.

3. Либералды-демократиялық. Тәрбие стилінде бала ата-ананың басты назарында болады және қажеттіліктерінің барлығы дерлік максималды деңгейде қанағаттандырылады. Мұндай ата-аналар балаларын кез келген қиындықтар мен сәтсіздіктерден қорғау және баласы үшін өздері өмір сүреді. Отбасылық тәрбие стилінің мұндай түріне баладан стимулдық пен жауапкершіліктің төмендігін, ата-ана және бала қарым-қатынасындағы өзара серіктестігінің болмауы және баламен шектен тыс жақындыққа ұмтылу байқалады. Бұл бала бойындағы шығармашылық пен дербес ойлау дағдыларын басып отырады. Отбасылық қарым-қатынастың бұл түрінің жағымсыз салдары баланың әлеуметтік өмірге бейімсіздігі жоғары өзіндік бағалау реалды және “мен” арасындағы алшақтық, бала қоғамдық ортадағы топ мүшелерімен қарым-қатынастағы басты кедергі болып саналады. Бұл қиыншылық бала тұлғасындағы жағымсыз саналар бірбеткейлік, агрессивтілік, күмәншілдік, сенімсіздік т.б. қалыптасуына әкеледі.

Отбасылық тәрбиенің аналық махаббатпен, тіпті ата-аналар мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасқа негізделген. Мұнда санасу ұмтылыстар мен идеяларын қолдау шығармашылық дербес ойлауы мен қабілеттерін ұштап, оң ықпал етуді көздейді.

Отбасылық тәрбие типтерін зертеуші ғалымдар зерттеуінше, қандай типтің болмасын шектік жағдайларына бола қалыптасуы үшін ықпалы басым. Сондықтан да орталық деңгейде тәрбие жүргізуге қол жеткізу қажет. Балалардың ақыл-ой және шығармашылық дамып-жетілуі үшін отбасылық қарым-қатынас пен тәрбие стилінің қандай типі оптималды деген сұраққа зерттеушілер әртүрлі көзқарас тұрғысында жауап береді.

Д.Бауриннің пікірінше бала белсенділігін ең оптималды варианты авторитет типі басым, сондықтан авторитетті ата-ана тәрбиелеу әдістерін пайдалана отырып, ұлттық бағытқа бейімдейді. Бала бойындағы өзіндік қызығулары мен жеке басты бағалау және оның беделді сыйлауға баулиды. Бұл типтегі ата-аналар міндеті баланың дербес еркі мен тәртіптілікті өзара үйлестіру, мұндай ата-аналар өзінің ересектік қулығымен қатар, бала қызығулары мен мүмкіндіктерін мойындайды[5].

Қорыта келгенде, дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым – қатынас баланың тұлғалық-психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1.Богоявленская Д.Б. Пути к творчеству. – М., - 1981.– 78 с.
- 2.Мұқанов М. М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1991. – 237 б.
- 3.Оразбекова К. Отбасы психологиясы. – Алматы, 2000.- 100 б.
- 4.Методы семейной диагностики и психотерапии. – Москва & Санкт-Петербург: Фолиум, 1996. -164 с.
- 5.Дубровин И.В. Возвратные особенности психологического развития детей. – М., 1982. - 154 с.

Резюме

В статье рассматриваются роль и сущность семьи в развитии творческого мышления детей. Уделено внимание особенностям взаимоотношения в семье. Указаны пути развития творческого мышления.

Summary

Influence in family relation for developing creative activity thinking of children. The article examines the role and nature of family in the development children. Paid attention to the peculiarities of relationships in family. The ways of development of creative thinking are shown.

ӘОЖ 001.895:378

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Г.Ә. ӘМЗЕЕВА, педагогика-психология магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Әлемдегі заманауи әлеуметтік-экономикалық динамика өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің және қоғамның басқа да салаларының жаңа өлшемдерін талап етеді. Әлемдік экономикадағы өзгерістер тез өзгертін бәсекеге қабілетті ортаға бейімделу қажеттілігін туындатты, адам капиталына, білім сапасына жоғары талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасы, әлемдегі басқа да мемлекеттер секілді, заман талабына сай өзінің білім беру сферасын экстенсивті дамыту жолында. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, халықаралық білім беру кеңістігіне ену жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан білім беру жүйесіндегі көпсатылы реформалардың

қазіргі кезеңі ең алдымен, бүкіләлемдік интеграцияға, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының және сонда дайындалатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату болып табылады.

Соңғы жылдары білім беруді жаңаландырудың негізгі тенденциялары оқытудың гуманизация, гуманитаризация, демократизация, децентрализация, дифференциация, индивидуализациясымен сипатталады. Білім берудің ұлттық моделінің қалыптасу мен бекітілу процесі белсенді жүруде, оның негізгі идеясы – ұлттық-мәдени негізде тұлға мен қоғам талабына сай өзін-өзі дамытуға қабілетті білім беру мен тәрбие жүйесін құру.

Қазіргі уақытта оқу-тәрбие процесі үнемі жетілдіруді талап етеді, бұл мәселе интеграциялық процестермен байланысты. Осыған орай білім беру сапасы бүгінгі таңда қоғамның сұранысы бойынша негізгі нәтиже болып табылады. Білім сапасы негізі сыртқы бақылау жүйелерінің білім беру жүйесінің индикаторы және оның дамуының айғағы болып табылады. Қазақстандық білім беру жүйесі әлемде қабылданған білім сапасын бағалаудың жаңа элементтерін ендіруге кірісті.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін көп деңгейлі реформалаудың қазіргі кезеңі білім сапасын көтеруді және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындап, тиімді қызмет ететін білім беру жүйесінің ұлттық моделін құруға бағытталған. Бүгінгі таңда білім берудің жаңа принциптерінің қалыптасуы мен бекітілу процесі қарқынды жүруде.

Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі жағдайы мен жарқын келешегіне болжамы еліміздің нарықтың экономикасы кәсіби жоғары оқу орындарының түлектеріне жаңа талаптар қоятынын көрсетеді. Олар әлемдік білім деңгейіне, әлемдік стандартқа сай білім мен біліктілікке ие болулары керек. Бірінші кезекте ол:

- жалпы білім деңгейінің жоғарылығы;
- терең де тар кәсіби, бейінді білім негізінде жалпы білімі, техникалық, психологиялық, педагогикалық, экономикалық, құқықтық дайындықтың кеңдігі;
- кәсіби біліктілік, жоғары кәсіби шеберлік, тәртіптілік пен еңбек сапасы;
- өзіндік жоспарлау, өзінің еңбек қызметін жүзеге асыру мен бақылау қабілеті, әсіресе, заманауи есептеуіш және ақпараттық техника құралдарын пайдалану арқылы;
- өз іс-әрекетіне өзі талдау жасай алу қабілеті, инициатива, шешімді өзі қабылдай алуы мен өз іс-әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік арту, әсіресе, экстрималды және тәуекелділік жағдайларында;
- өзін-өзі білімдендіруге, өзін-өзі оқытуға дайындығы, әдебиеттермен жұмыс жасай алуы;
- еңбекті ұжымдық формада ұйымдастыру жағдайында топпен жұмыс жасай алуы;
- мобильділік, коммуникативтілік;
- ұжымды басқара алу қабілеті;
- әлеуметтік жауапкершілік сезімінің жоғарылығы;
- еңбектің интенсивті өзгеру жағдайына жоғары төзімділік пен кәсіби жарамдығы;
- салауатты өмір салтын жүргізе алуы; оның ішінде, жүріс-тұрыс мәдениеті, тамақтану, жеке бас гигиенасы [1].

Білім сапасы адамның әр түрлі іс-әрекеттерінде білімді қолдану және көп қырлы талдауды меңгеру нәтижесінде көрінеді. «Білім сапасы» ұғымы білім мазмұны элементтерімен (заңдар, теориялар, қолданбалы, әдіснамалық, бағалық білімдер) бірге және меңгеру деңгейі мен білім түрлерінің арақатынасын қарастырады. Мұндай арақатынас қажет, өйткені әрбір білім қолдану тәсілдерімен потенциалды түрде байланысты шығармашылық процеске қосылуы мүмкін. Білім сапасының төмендегідей белгілері бар: толықтық, тереңдік, жүйелілік, оперативтілік, үйлесімділік, нақтылық және жалпылық [2].

Қазіргі күннің қажеттілігі - қарқынды күшейте оқытудың ашық жүйелерін жасау және қолдау. Бұл жүйелер студентке өзіне тиімді оқыту технологиясын таңдап алуына және жеке даму

бағдарламасын құруына мүмкіндік береді. Бірақ, қарқынды күшейте оқытудың ашық жүйелерін синтездеуді іске асыру төмендегідей шарттарды орындағанда ғана мүмкін болады:

- Оқыту үрдісі жүргізілетін ортаның сипаттарын жан- жақты есепке алу: педагогикалық ортаның мазмұндық сипаты студенттердің білім, білік, дағдыларымен, танымдық және мәдени потенциалымен, оқуды және өздігінен жұмысты ұйымдастыруының әдістерімен және формаларымен анықталады;

- Оқыту үрдісінің студент жеке тұлғасына қатысты бейімделу ұстанымының ұсталуы; бұл ұстаным практикада студенттің пәнді игеруінің тармақталған бағдарламасын жасау арқылы іске асады (пәннің ішкі және сыртқы модульдерін құрастыру);

- Студенттердің жалпы ғылымдық және арнаулы білімдерді қысқаша түрде, базалық білімдер берілген пәннің «логикалық конструкциясын» жобалау арқылы жеке игеруін жылдамдату ұстанымы.

Пәннің жалпылама логикалық конструкциясын жобалау алгоритмі төмендегідей іс - әрекеттерден тұрады:

1. Мазмұнды бөлек элементтер жүйесі түрінде елестете қарастыру;
2. Базалық білімдерді бөліп қарастыру үшін элементтердің өзара байланысының матрицасын жобалау.
1. Базалық білімдерді символдық, графикалық т.б. түрлерде моделдеу;
2. Базалық білімдерді неғұрлым жалпы ұғымдар мен олардың арасындағы жүйелік байланыстарды анықтау үшін қайта жақтау;
3. Ғылыми білімнің берілген бөліміне тән танымдық қызметтің жалпы құрылымын қалыптастыру;
4. Жалпы әдіс- құралдарымен шешілетін жеке тапсырмалар жүйесін жасау.

Сараптық жүйелер компьютердің керемет мүмкіндіктері мен адамзат тәжірибесін байланыстыра отырып, оларды нақты, әрі кең түрде қолдануға мүмкіндік беріп, білімнің құндылығын кеңейтеді.

Қазіргі таңда оқыту сферасында windows операциялық жүйесін қолдану арқылы жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Ол дегеніміз - ең алдымен, интерактивті бағдарламалардағы диалогтік қарым-қатынас. Графиктерді (суреттер, сызбалар, диаграммалар, фотосуреттер) кеңінен қолдануға мүмкіндік туды. Компьютерлік оқу жүйесінде графикалық иллюстрациялар студенттерге ақпаратты анығырақ беру мен түсінуді жеңілдетеді, графиктерді қолданатын оқу бағдарламалық өнімдер студенттердің бейнелі ойлауын, интуициясын дамытуға көмектеседі.

Қазіргі оқыту мен оқу ойындары оқу үрдісінде компьютердің қолданылу аясын кеңейтетін мультипликацияны, видео, графиктер мен тексттерді қолдануға мүмкіндік беретін мультимедиялық технологияларсыз (ағылшын сөзі multimedia – көп компонентті орта) мүмкін емес. Алайда бағдарламалық өнімдермен жұмыс сапасы компьютер жадысының көлеміне және жылдамдығына, дыбыстық сипатына, қосымша жабдықтардың, соның ішінде CD-ROM-ның болуына байланысты.

Ақпараттық телекоммуникациялық желілердің дамуы білім берудегі ақпараттарға жаңа серпін берді. Интернет планетамыздың түкпір-түкпірінде сақталған ақпараттың кең көлемін алуға мүмкіндік берді. Көптеген эксперттер интернет технологиясын өзіндік төңкеріс дейді.

Коммуникация құралдарына жататын электрондық почта, локальды желідегі байланыстармен мәлімет алмасу оқыту үшін кең мүмкіндіктер береді. Мәселен:

- Кез келген көлемдегі, кез келген түрдегі ақпаратты әр түрлі қашықтыққа оперативті түрде жеткізу;
- Интерактивті және оперативті кері байланыс орнату;
- Әр түрлі ақпарат көздеріне өте шапшаң кіру;
- Бірлескен телекоммуникациялық жобаларды ұйымдастыру;

■ Электрондық конференция жүйесі арқылы кез келген қызықтыратын сұрақтар бойынша ақпаратқа сұрыныс беру және т.б.

Білім беру жүйесі компьютерлік құралдар мен бағдарламалық өнімдерге негізделген қазіргі ақпараттық технологияларды енгізудегі маңызды объектілердің біріне саналады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқу үшін бекітілген көптеген компьютерлік бағдарламалар жетерлік. Олардың көпшілігі өзінің түпнұсқалылығымен, әдістемелік деңгейімен және жоғары ғылымилығымен ерекшеленеді.

Ақпараттық технологиялар бір жағдайда зерттелетін объект жөнінде жаңа мәліметтер алу үшін ақпарат алмасу және өңдеу, жинау құралдары мен тәсілдері ретінде, ал басқа жағдайда педагогикалық үрдістің сапасына әсер ететін ақпараттық ресурстар мен әрекеттердің құралдары мен тәсілдері жөніндегі білімдердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Барлық педагогикалық технологиялар ақпараттық болып табылады, өйткені мұғалім мен студент арасында ақпаратпен алмаспайынша оқу-тәрбие үрдісінің жүзеге асуы мүмкін емес. Осыған байланысты қазіргі оқытудың ақпараттық технологиялары деп ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеотехникалар, компьютерлер, телекоммуникациялық байланыстар) қолданылатын педагогикалық технологияларды түсінген жөн [3].

Аталған ақпараттық технологиялар төмендегідей педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылады:

- студент тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам жағдайында оны өзіндік өнімді іс-әрекет жасауға дайындау;
- өзін-өзі тану және қоршаған ортадағы шындықтың қосымша және компьютер мүмкіндіктері арқасында оқыту үрдісінің сапасы мен тиімділігін арттыру;
- оқу орнын, оқу орнының жүйесін, оқу-тәрбие үрдісін басқару;
- басқарушылық мониторингтің болуы; (бақылау, оқу іс-әрекетінің нәтижесін түзету, психодиагностика және компьютерлік педагогикалық тестілеу);
- ғылыми-әдістемелік тәжірибенің таралуын қамтамасыз ету;
- оқу ойындарын дамытушы интеллектуалдық бос уақытты ұйымдастыру.

Білім сапасын арттыруға ықпалды келесі қарастыратын қазіргі ақпараттық технологияның бір түрі мультимедия.

Компьютерлік техниканың дамуы көзқарасы тұрғысынан, аппараттық жасақтамада сипаттамалық ерекшелігі салыстырмалы түрде жаңа болып саналатын ақпараттың әр алуан түрін өңдеу мен ұсыну мүмкіндігі бар құралдар тобын ерекше бөліп қарастыруға болады. Шындығында, соңғы жылдары осындай құралдардың қатарына мультимедия құралдары санатына қосылған дыбысты, фотоны және бейне кескінді жазу мен жаңғыртуға арналған құрылғылар да жатады. Егер де жақын арада иістерді сандық өңдеуге арналған құрылғылар пайда болып және кеңінен таралып жатса, онда бұл құрылғылар да мультимедия құрылғыларының тобына жатқызылатын болады.

Барлық мультимедия (ағылшын сөзі multimedia латын сөзінен алынған: multum – көп және media, medium – орта, құралдар) – зерттелетін объектілерді, құбылыстар мен оқиғаларды бейнелеу тәсілдерінің бай жинағы. Мультимедия өнімдері ақпараттың сан алуан түрін: компьютерлік мәліметтерді, теле және бейне ақпаратты, сөз бен әуенді қолданады. Ақпаратты тіркеу мен жаңғыртуда компьютермен басқарылатын теледидардың, магнитофонның, HiFi – аудиожүйенің, жинақы дискілер (CD) ойнатқышының әр алуан түрлі техникалық құралдарын пайдалануға болады. Мультимедия құралдары өзінің табиғаты бойынша интерактивті, яғни мультимедия өнімдерінің көрермені мен тыңдаушысы ешқашанда енжар болып қалмайды. Мультимедия оқытудың сапасын арттырады және үйренушінің назарын аударуға мүмкіндік туғызады. Егерде бұрындары сабақтарда ақ-қара түсті фильм пайдалану

армандаудың шегі болса, қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік анимация немесе тіпті ойын түріндегі айтарлықтай оқиғалы оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік имитация түріндегі ойын-сауықтарды және физикалық бақылауға мүмкін емес құбылыстарды, мысалы, жердің ішкі қабаттарында, машина ішіндегі механизмдерде, ғарышта болып жатқан құбылыстарды көрсетуге арналған оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді [4].

Білім беру сапасы – адамгершіліктік, дене және ақыл-ой дамуының белгілі бір деңгейі. Білім беру сапасы ең алдымен білім стандартына сәйкес өлшенеді. Білім беру сапасы қоғамдағы білім берудің беделіне білім беру ұйымдарының қаржылық және материалдық-техникалық жабдықталуына, мемлекеттік басым жүйесіне және олар арқылы қазіргі технологияларды басқаруына байланысты.

Қорыта келгенде, мультимедия ұғымы, жалпы мультимедия құралдары, бір жағынан, әр алуан типті ақпаратты компьютерлік өңдеумен және ұсынумен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, жоғары білім берудің тиімділігіне айтарлықтай ықпал ету мультимедия құралдары қызметінің негізіне жатады. Мультимедия құралдарының болуы және олардың мазмұнының толығына, оқытудың жаңа әдістерін және педагогтардың кәсіби қызметін ақпараттандыру технологияларын дайындауға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану арқылы студенттердің білім сапасын арттыруға және бәсекеге қабілетті маман болуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Айнабек К. Некоторые проблемы развития науки и качества образования в Казахстане // Высшая школа Казахстана. – 2002. – № 4. – С.14-17.
2. Дамитов Б., Мельников В. Интеграция в мировое образовательное пространство через повышение качества образования. // Высшая школа Казахстана. – 2002. – № 1. – С.8-13.
3. Кулиев И.У. Ақпарат технологиясын дамыту мен оны білім беру жүйесінде қолданудың тиімділігі. // Әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында бәсекеге қабілетті мамандар дайындау: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлардың XXXV ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 183-185 бб.
4. Трайнев В.А, Мкртчян С.С, Савельев А.Я. Повышения качества высшего образования и болонский процесс. Обобщение отечественной и зарубежной практики.- М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. – 392 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы повышения качества образования на основе использования информационных технологий. Информационные технологии используются как средство для получения и обработки новой информации, а в других случаях как система знания о средствах и приемах информационных ресурсов, влияющих на качество педагогического процесса.

Summary

The actual problems of increasing the quality of education on the basis of the use of IT are examined in this article. Also it researches object to take and exchange information, analyse, collect instruments and methods, in other cases it influenced to pedagogical processes of quality, informational resources and methods of knowledge.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Р.Т. ИГЕНБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

А.Ж. ӘБДІҒАППАРОВА, магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудан интерактивті оқыту формасы мен әдістердің мынадай негізгі айырмашылықтарын атап көрсетеді: оқушылардың танымдық қызметін міндетті түрде белсенді ету; сабақта оқушының белсендігін мүмкіндігінше ұзақ уақытқа көтеру; оқушының проблемаларды шешу барысында (өз бетімен және топпен) жоғары деңгейде күш-жігер салуы; белсенді қызмет ету үшін эмоционалдық еріктік жағдай танытуы; оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынаста үздіксіз тура және кері байланыстың болуы; мұғалім қызметінің менеджер, оқу үрдісін ұйымдастырушы, кеңесші рөліне ауысуы.

Педагогика ғылымы оқу үдерісінде оқушылардың іс-әрекетін белсендірудің сан-алуан әдістері мен формаларын қарастырады. Соңғы кездері олардың жобалау әдісі секілді кейбіреулеріне ерекше мән берілуде, ал эвристикалық әңгіме, зертханалық жұмыс т.б. сияқты кейбіреулері дәстүрлі оқыту қатарында болғанымен оларға деген көзқарас жаңа сипат алууда.

Жалпы интерактивті оқыту дидактиканың теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін міндеттерінің бірінен саналады. Ал интерактивті оқыту формаларын, әдістерін пайдалану мұғалімнен аса шеберлік, білімділікті талап етіп, педагогикалық қарым-қатынас барысында демократиялық бағытта болуын қалайды. Педагогикалық үдерісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивтік оқытуды пайдалану мұғалімдерді кәсіби шындайтындығы ақиқат. Сондықтан интерактивті әдісті қолдану кезінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытып, оқушы мен оқытушының біріккен шығармашыл әрекетіне бағыттау қажет екенін басты назарда ұстау қажет.

Көптеген педагог-ғалымдардың пікірінше, оқытудың белсенді әдістері біріншіден, оқушылардың іс-әрекетін өнімді, шығармашылық, іздеушілік сипатқа бағыттайтын әдістер, екіншіден, бұл әдістер оқушылардың танымдық іс-әрекетін ынталандыратын, білім алу процесінде еркін пікір алысуға мүмкіндік беретін тәсіл. Оқытудың интерактивті әдістері оқушыларды белсенді оқу-танымдық іс-әрекетке қатыстыру арқылы жоғары деңгейде білімді, білікті және дағдыны меңгеруге жол ашады.

Оқытудың белсенді әдістері шебер қолданылғанда бірден үш оқу-ұйымдастырушылық міндеттерді шешуге көмектеседі: оқыту процесін мұғалімнің басқару әсеріне бағындырады; жақсы және нашар оқитын оқушыларды оқыту процесіне белсене қатысуды қамтамасыз етеді; оқу процесін үздіксіз қадағалауға мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшелігі, оның оқыту барысында барлық оқушылардың таным процесіне араласып, бұрыннан таныс және жаңадан қойылған мәселе туралы не ойлайтынын айтып, талқылауға мүмкіндігінің болуында. Мұнда бір пікірге екінші пікірді ұқсатуға жол бермей, диалогты оң сипатта құруға мүмкіндік туады. Диалогтық білім алу кезінде білім алушы оқушы тек сәйкес мәліметтер мен жағдайға байланысты «сын тұрғысынан талқылау, ойлауды» үйреніп қана қоймай, сонымен қатар күрделі мәселелерді шешуге, альтернативті пікір туғузуға, саналы шешім қабылдауға, пікірталасқа қатысуға, басқа адамдармен қатынасқа түсуге үйренеді. Бұл үшін практикалық сабақтарда жекелік топтық, екі адамды қатыстыратын зерттеу жобалары, рольдік ойындар жүргізіп, білім алушыларды әртүрлі ақпарат көздері мен қызықты құжаттар, шығармашылық тапсырмалар беріледі. Оларға нақты жағдайды талқылау, «ми

шабуылы», проектіні орындау және жүзеге асыру (ақпараттық, ойындық, зерттеу және шығармашылық), еркін пікірталас және т.б. жатқызуға болады. Фронталді әдістердің шартты түрде тренинг, рольдік ойын, ақпараттық технологиялар деп бөлінуі оның интерактивтік сипаттамасын дәлелдей түсіп, ұстазға оқыту мақсатына жету үшін аз уақыт ішінде көп көлемді материалды меңгеруге оқушы мен оқытушының бірлескен әрекеттерін арнайы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Рольдік ойын немесе тренинг өзінің оқытудағы мақсатымен және ерекшелігімен таңдалынады. Әдетте, тренинг ойынға қарағанда көп нәтижелі болып келеді. Себебі, тренинг мазмұнды және уақыттық регламенті болғандықтан мақсатқа жету оңай, ал ойында дағдыларды үйреніп, мәселені соңғы қалып, ойыншының жеңуі бірінші орында. Оқытудың белсенді әдістеріне мыналар жатады: эвристикалық әңгіме; пікірсайыс әдісі; «миды шабуылдау» әдісі; «дөңгелек үстел» әдісі; «іскерлік ойын» әдісі және т.б. Осы әдістерге жеке-жеке тоқтала кетсек.

Эвристикалық әңгіме әдісі өз атауын Сократтық «эвристика» (грек сөзінен – табамын, іздеймін, ашамын) деген сөзінен алынған. Оның ежелгі грекиялық нұсқауында бұл әдіс сол кездегі білім жүйесінің бір түрі -оқушылардың өзіндік ізденісін талап ететін жетекші сұрақтармен ерекшеленген. Эвристикалық әңгіме әдісін қолданғанда берілген тақырыптың мақсатының айқын белгіленуі, мазмұны нақты фактілермен дәлелденуі, оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, қарапайым тілмен нақтылы өмірге қатысты мәселелер қозғалуы қажет. Эвристикалық әңгіме Сократ әңгімесінен бір жағынан бөлек болса, екінші жағынан қызғылықты құрастырылған сұрақтарға деген оқушылардың қызығушылығын арттырумен, олардың ойлауын белсендіруімен ұқсас келеді. Өзінің психологиялық табиғаты бойынша эвристикалық әңгіме қойылған сауалға жауап іздеу немесе ұжымдық ойлау ретінде қарастырылады. Сондықтан педагогика ғылымы проблемалық-іздеу әдісі мен эвристикалық әңгімені бір-біріне ұқсатады. Педагогика бұл екі әдіс арасында формальды-сандық шек қояды: егер эвристикалық әңгіме тақырыпты ашуда тек қана бір элементті есепке алса, проблемалық-іздену әдісіне тұтас проблемалық жағдай арқау болады. Сонымен эвристикалық әңгіме мұғалімнің айрықша шеберлігін талап ететін интерактивті оқытудың бір әдісі болып табылады және оны қолдануда мына жағдайлар ескерілуі керек: әңгіме тақырыбы қызықты, әрі проблемалық сипатта болуы; оқушылардың қойылған мәселені талқылауға белсене араласуы; оған сын көзбен қарап, нақты қорытындылар жасауы, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болуына жағдай туғызу; өзара түсінушіліктің болуы; оқушылардың пікіріне, жауаптарына зейін қойып, дұрыс баға беру; белсенді оқушыларды және олардың дұрыс жауаптарын көтермелеп, қолдап отыру; кемшіліктері болса, әдеппен түзету т.б. [1].

Келесі интерактивті әдіс – пікірталас. Пікірталас әдісі жеке тұлғаның интеллектуалды дамуын, оның әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпалын тигізеді. Оның себебі пікірталаста алынған тақырыпқа дайындық барысында оқушылар мен студенттер талқыланатын мәселелерге қатысты зерттеу жүргізіп, көптеген ақпаратпен таныса алады. Бұл өз ретінде олардың өзіндік пікірлерін қалыптастыруға, өз ойларын қарсыластарының көзқарастарымен салыстыра отырып, ойын барысында қорғауға үйренеді. Пікірталас жастардың жан-жақты білімдерін жетілдіріп, мәдениетін деңгейлерін көтереді, басқа адамға түсіністікпен қарап, олармен санасуға үйретеді, әрі шешендік өнерге баулиды. Пікірталас өте ежелден белгілі әдіс, орта ғасырларда өте кең қолданылды (мысалы, пікірталас арқылы шындықты табу). Бұл әдістің негізгі қызметі белгілі бір мәселе бойынша көзқарастардың пікірталасы арқылы жаңа білімді игеру, өз пікірін бекіту болып табылады. Дискуссияның міндетіне таным процесін дамыту жатады.

Айтысу, ұстанымдардың қарама-қайшылығы, талқыланып отырған материалдың мазмұнына ерекше маңыз беру секілді пікірталас элементтері оқытудың барлық формаларында тіпті лекцияларда да қолданылуы мүмкін. Пікірталас-лекцияларда әдетте көтерілген мәселеге қарама-қайшы көзқарастары бар екі оқытушы шығады немесе артистік дарыны бар бір оқушы шығады. Бұндай жағдаятта дауысты өзгерту, бетперде

пайдалану тәсілдері де қолданылады. Пікірталасқа мүмкіндігінше оқытушылар емес, студенттерді қатыстыру керек. Бұл жағдайда әлеуметтік механизмдерді қалыптастыратын белгілі бір топтар құрылғаны дұрыс. Олар іс-әрекеттің жаңа әдістерін дамытады немесе жаңа тәсілдерді ойлап табады.

Дискуссиялық әдістерді тиімді түрде жүзеге асырудың бір жолы пікірталасқа түсушілердің алдын ала білікті дайындығы болып табылады. Оған көтерілетін мәселе бойынша қажетті білімді жинақтау, өз ойын шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа жеткізе білу, өзінің эмоциясын бақылай білу, сұрақты нақ әрі анық қою, оппоненттің ой-тұжырымына құрметпен қарау т.с.с. жатады.

Дискуссиялық әдісті тек гуманитарлық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған ұтымды деген пікір жаңсақ, өйткені бұл әдісті тарих, әлеуметтану, этика, әдебиет сынды пәндермен қоса химия, физика, биология т.б. пәндерді өткізу үшін қолдануға әбден болады. Бұл жағдайда дискуссия ғылыми-танымдық пікір алысуға айналу керек. Соңғы кездері аралық және қорытынды бақылауды тест арқылы өткізу студенттердің сөйлеу қабілетін, ойын жеткізе білу қабілетін төмендетті деген пікір айтылуда. Сондықтан практикалық сабақтар барысында бұл әдісті пайдалану – жоғарыда көрсетілген мәселенің тиімді шешімі. Бұл әдістің тәрбиелік мәні де жоғары. Оның көмегімен білім алушылардың мінез-құлқы, темпераменті, есте сақтау және ойлау қабілеті сияқты танымдық процестерін диагностикалаумен қатар, олардың тәртібін, әрекетін, өзін-өзі ұстай алу қабілетін тәрбиелеп, дамытуға мүмкіндік туады. Дискуссия тақырыбын таңдағанда терең мазмұнды тақырыптармен қатар, адамгершілік мәселелері, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөнінде пікірталастыруға болады.

Пікірталасты ұйымдастыру әрі құрылымы жағынан өте күрделі болып келеді. Оқытудың басқа әдістерінен мұның ерекшелігі, оқушылардың жай тыңдаушылар қатарында емес, керісінше қаралып отырған мәселеге олардың белсене қатысу жағдайында ұйымдастырылуы, оған ұжым болып пікір алмасуы, дербес ойлай білуге дағдылануы т.с.с. болып келеді. Соның негізінде оларды сөйлей білуге, өз ойларын еркін жеткізіп, дәлелдей білуге, жолдастарының пікіріне сын көзбен қарай білуге үйретеді. Пікірталасты ұйымдастырудың барысында оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, сенімдері артады өмірлік көзқарастары шыңдалады. Ол әдіс арнайы алдын-ала дайындалған оқу бағдарламасындағы теориялық сұрақтарды еркін әңгіме ету, эвристикалық әңгімеден туындап, «жағалауға шыққан» пікірталасқа айналады [2,55].

Интерактивті әдіске жататын ойынның оқыту және ғылыми, өндірістік, ұйымдастырушылық тұрғыдағы мәселелерді шешу мақсатында қолданылатын түрлері көп. Оларға: оқу, имитациялық, ролдік, ұйымдастыру-әрекеттік, іскерлік, әскери, инновациялық, басқармалық т.б. ойындар жатады. Оқу процесіндегі ойын оқытудың формасы да, әдісі де болып табылады. Ойын оқытушы мен студенттің іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. «Ойын» сөзінің этимологиясына жүгінсек, ол «ой» деген сөзге тікелей қатысты болып шығады. Ойлану арқылы ойынның мақсатына жетуге болады. Сондықтан ойынның адамның ойлау әрекетімен ұштасып жатқандығын байқау қиын емес.

Оқу ойындары студенттің өзіндік білім, білік, дағдыны меңгеруге бағытталған әрекеті. Оқу ойындарының төмендегі сипаттарын атап өтуге болады: тікелей дидактикалық әсер ету, яғни студент пен оқытушы бірлесіп, белгілі бір ролді «ойнайды»; жанамалай дидактикалық әсер ету, яғни оқытушы мен студент бақылаушы немесе жанкүйер ретінде «ойыннан тыс» қалады; аралас дидактикалық әсер ету, бұнда оқытушы мен студент жүргізуші, төреші, эксперт, кеңесшінің ролінде болады.

Ойын әдістерін оқыту процесінде қолдану Еуропа мен ТМД елдерінің жоғары оқу орындарында, Францияның, Германияның, Англияның инженерлік және гуманитарлық жоғары оқу орындарында кең тараған. АҚШ-тың жоғары мектеп жүйесінде бұл әдістің барынша кең көлемде қолданылатындығын атап өткен жөн. Әсіресе Гарвард, Калифорния,

Нью-Йорк, Стэнфорд университеттері, сондай-ақ Гопкинс университеті, Лихай, Массачусетс технологиялық институты т.б. көптеген белгілі университеттер мен колледждері ойындық әдістерді қолдануда ең алдыңғы қатардан орын алады.

Оқытуды ойын арқылы жүзеге асыру жаңалық емес, ол - ежелден қалыптасқан әдіс. Дегенмен, Кеңестер дәуірінде жоғары оқу орындарында іскерлік ойын әдісі алғашқы рет XX ғасырдың 30-шы жылдары қолданылды. Ойынның оқыту процесіндегі ролін зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар оны жоғары оқу орындарында қолданудың төмендегі мақсаттарын айқындайды: оқу пәнінің мақсаты мен тұжырымдамасын безендіру (иллюстрациялау); оқыту процесіне студенттердің белсенді араласуын қамтамасыз ету; әрбір ойынға қатысушының жеке өсуін жеңілдету; қабылдауды күшейту, яғни «не?» деген сұрақ пен «қалай?», «қашан?» деген сұрақтардың арасындағы тоқырауды азайту; мотивацияны көтеру, проблемалық сұрақты шешу үшін «жоспар» мен «құрылымды» дайындап алу; бір-бірімен қарым-қатынасты белсенді түрде жүргізу (тұлғааралық және топаралық қарым-қатынасты берік қалыптастыру); жоғары оқу орындарында ойынды қолданудың жалпы мақсаты білімділік, тәрбиелік және дамытушылық сипатта болуы тиіс. «Дөңгелек үстел» әдісі саясат және ғылым жағынан педагогикаға келген әдіс. Әдетте, «дөңгелек үстел» саясат пен ғылымның әртүрлі саласының өкілдерімен белгілі бір проблеманы талқылап, шешу үшін ұйымдастырылады. Бұл әдісте пікір алмасу белгілі бір пікірлердің сәйкес келуіне мүмкіндік береді, ал ол болашақ жұмыстануда жалпы қорытындыны анықтаудың қызыметін атқарады, содан келіп қоғамымыздағы саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге немесе ғылыми ақиқатты табуға болады.

Әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”, 2001. – 296 с.
2. Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие. – Саратов: Наука, 2009. – 52 с.
4. Еркибаева Г. Білім сапасына әсер ететін факторлар: тәрбие, оқыту, инновациялар. – Алматы: ГиГатРЭД, 2012. - 207 б.

УДК 330.831.42: 371.14: 378(574): 374.3

ПРОГРАММА КЕМБРИДЖА В КАЗАХСТАНСКОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Н.Н.КОЗЛОВА,

Школа-лицей № 3, г.Кызылорда

Образование - это главная и высшая ценность любого человека нашего современного общества. В Казахстане образование является важной стратегической задачей, потому что, благодаря качественному образованию, страна будет располагать высококвалифицированными специалистами, которые будут обладать всеми необходимыми знаниями и навыками, соответствующим XXI веку – веку новых инновационно-коммуникационных технологий. Президент Н. А. Назарбаев в своем выступлении перед студентами Назарбаев Университета подчеркнул, что сегодня «отдельное внимание нужно уделить повышению квалификации учителей и их материальному стимулированию», что внедряется «новая трехуровневая программа переподготовки педагогов, разработанная на основе лучших педагогических практик» [1].

Чтобы говорить о сущности и значимости новых подходов и методов в системе образования Казахстана, надо немного вернуться к прошлому. Первые шаги к образованию были сделаны просветителем Ибраем Алтынсариним, который, будучи сам учителем, открыл несколько классов для обучения и образования детей. Его лозунг был «Дети, давайте будем учиться!!» Уже тогда он понимал, что образование необходимо. Великий Абай Кунанбаев внес неоценимый вклад в развитие литературы и письменности своего народа. С тех пор система образования нашей республики много претерпела изменений, новшеств: изучались разные программы, составлялись учебники по более новому уровню и значимости. Учителя проходили курсы повышения квалификации, где обучались новым изменениям и дополнениям в преподавании учебной программы. Появилось много интеллектуальных и познавательных конкурсов, олимпиад, обучающих программ, телеконкурсов, как «Умники и умницы», «Лидер XXI века», «Эрудит» и другие; происходил и происходит сейчас большой обмен опытом в области образования между различными странами, а это значит, что выбирается самое лучшее, которое изучается и внедряется в школьную программу и практику преподавания. В стране стали открываться школы с различными уклонами: английского языка, физико-математического и химико – биологического направлений, где учащиеся занимаются целенаправленно, и на эти предметы отводится большее количество часов учебного плана.

В настоящее время активно рассматривается введение 12-летнего образования. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев сообщил, что система 12-летнего среднего образования должна быть реализована к 2020 году. С внедрением 12-летнего среднего образования Казахстан выходит на новый уровень, тем самым становится на одну ступень с другими развитыми странами мира. По Декларации Совета Европы, в мировом образовательном пространстве 12-летнее среднее образование реализуется в 136 странах, в том числе в развитых странах таких, как: США, Германия, Франция, Япония и т.д. Внедрение 12-летнего образования позволит успешно реализовать стратегическую задачу проектирования новой национальной модели образования, способной конкурировать с передовыми западными аналогами. Выступая с лекцией в Назарбаев-Университете Нурсултан Абишевич Назарбаев определил ориентиры для казахстанской системы науки и образования в соответствии с вызовами времени и новыми задачами, стоящими перед страной [4].

Впервые в Казахстане, в г. Астана, была открыта школа Первого Президента нашего государства Н.А. Назарбаева «Назарбаев Интеллектуальная школа», в которой работают наши высококвалифицированные и приглашенные педагоги из ближнего и дальнего зарубежья. В других областях Казахстана постепенно открываются такие же школы, а это и есть качественное усиленное образование и стимул, и стремление детей получить самое лучшее обучение, и быть в высокой степени грамотными, независимыми, уверенными и интеллектуальными личностями своей страны.

Созданные интеллектуальные школы служат экспериментальными площадками, которые осуществляют разработку, исследование, анализ и апробацию современных моделей образовательных программ в частности и модернизацию системы среднего образования в целом. «К 2015 году должна полноценно функционировать Национальная инновационная система, а к 2020 году - она уже должна давать результаты в виде разработок, патентов и готовых технологий, внедряемых в стране. Особый приоритет в сфере образования будут иметь проекты, подобные создаваемым в Астане уникальным учебным заведениям - «Новый Международный Университет», «Специальный Фонд» и «Интеллектуальные школы», которые уже успешно работают. Я согласился, чтобы они носили мое имя. Надо сделать все, чтобы они стали флагманами отечественной системы образования, выступили главными площадками по разработке и апробации современных учебных программ с последующим внедрением их по всей республике» [3].

Никакое обучение не возможно без учителя, и материальная сторона учителя оставляет желать лучшего. В связи с этим изучая программы лучших педагогических систем мира, Казахстан выбрал программу образования Кембриджского Университета, которая вносит определенные коррективы в систему повышения качества преподавания учителей и качества обучения учащихся. Эта программа предусматривает 3-х месячные курсы повышения квалификации учителей и разделена на 3 уровня обучения, при котором по окончании обучения 3-его (базового уровня) предполагается повышение зарплаты учителей на 30%, 2-ого (основного уровня) - на 70% и 1-ого (продвинутого уровня) – на 100%.

Программа 3 (базового уровня), по которой мы прошли, обучение в целом направлена:

1. на повышение уровня, оценки и усовершенствование педагогической практики учителя, на материальный стимул каждого обучаемого педагога;

2. формирование у учащихся навыков тому, как обучаться и, как следствие - становление их независимыми, само мотивированными, увлеченными, уверенными в себе личностями с критическим мышлением, проявляющим компетентность в цифровых технологиях [2].

На протяжении многих лет в истории образовательной системы нашей страны таких изменений, связанных с материальным стимулом для учителей, какие предусматривает данная программа, не было. Данное обучение, это тот положительный момент, который говорит о том, что Президент нашей страны проявляет заботу не только об изменениях в качестве обучения учащихся, но и в качестве преподавания и благосостояния наших учителей.

Из числа современных научных подходов, используемых различными системами среднего образования, наиболее популярными и получившими высокое мировое признание, являются подходы, основанные на конструктивистских теориях (Hatti, 2009) [2].

Конструктивистская теория базируется на том, что развитие мышления у учащихся происходит во взаимодействии имеющихся знаний с новыми знаниями, полученными в классе от учителя, сверстников, учебников, дополнительной информации, интернета. Данная программа дифференцирована на семи модулях, которые взаимосвязаны между собой и применяются на всех уроках [2].

На протяжении многих лет преподавания в школьной практике мы привыкли к «традиционным» методам проведения уроков, где урок был построен на том, что учитель вел доминирующую роль, и ход урока заключался в опросе домашнего задания – объяснении новой темы - закреплении – и дачи заданий на дом.

Программа, предложенная Кембриджем, предполагает, что важным аспектом деятельности учителя является стремление понять, как усваивается изучаемый материал, а также осознать необходимость некоторых приемов работы с учениками (индивидуальная работа, работа в парах, групповая работа) и эффективность использования цифровых образовательных ресурсов в процессе преподавания. Данное обучение предполагает интеграцию семи модулей обучения, которые тесно связаны между собой, а именно: новые подходы в преподавании и обучении; обучение критическому мышлению; оценивания для обучения и оценивание обучения; использование информационно - коммуникационных технологий в преподавании; обучение талантливых и одаренных учеников; управление и лидерство в обучении. Каждый модуль интересен и важен в применении на уроках. О семи модулях узнала в процессе прохождения повышения квалификации учителей на 3-х месячных курсах (состоят из 3 этапов, где 1-ый и 3-ий этапы «Лицом к лицу» и 2-ой этап «Практика в школе» в рамках уровневых программ.) Данные модули сначала интегрировала на практике в школе, а в дальнейшем в учебно-практической деятельности на уроках. Для экспериментальной работы были определены учащиеся 4 класса . Мне было интересно: 1) Как я проведу уроки по совершенно новой

методике обучения и преподавания в серии последовательных уроков согласно пройденному мной обучению, и как мне удастся интегрировать все семь модулей на уроках? 2) Как воспримут и поймут новые методы обучения на уроках учащиеся? На начальном этапе ученики познакомились с основой данной программы, ее принципами. Далее были проведены серии трех последовательных уроков, результаты которых показали, что и я, учитель, и учащиеся, вместе заинтересованы в улучшении результатов качества обучения от урока к уроку, потому что каждый из этих уроков был построен не обычным традиционным методом, а совершенно по – новому, а именно:

1) Ученикам предоставлялось возможным показать свои познавательные способности, умение, стремление и желание в изучении новой темы, скорректировать и сформировать новое понимание и дать определенный результат.

2) Работа в парах, группах, где учащиеся обсуждали, спорили, прислушивались друг к другу, приходили к единому мнению, умели аргументировать, работать на постерах, защищать свои проекты, учились грамотно выражать свои мысли, работать в команде.

3) Выполняли опережающие домашние задания, где представляли свою информацию не только в устной форме, но и делали презентации по теме, доказывали свои слова видеоаргументами.

4) Проводили оценивание, взаимооценивание, самооценивание, работали в экспертных группах, что им особенно нравилось, потому, что они оценивали по критериям, делали выводы, слушали объективные мнения своих одноклассников, и ни у кого не возникало сомнения, что это оценивание необъективно.

5) обязательное проведение рефлексии деятельности учащихся по методам: устная форма, диаграмма Венна, таблица – синтез, и другие.

На таких уроках я больше наблюдала, корректировала, консультировала во время работы и обсуждения в группах, и в ответах учеников. На эти уроки мною были приглашены коллеги, которым в начале каждого урока давалось следующее задание: «С каждой группы определить для себя сильного, среднего и слабого ученика и процессе работы на уроке вести наблюдения за ними. Записывать свои наблюдения в специальные «Листы наблюдения» и в конце уроков сделать выводы: Изменилась ли активность и деятельность каждого наблюдаемого ученика?» Выводы приглашенных учителей были интересны не только мне, но и им самим. Ученики средние и слабые стали более активными, аргументировали, искали доказательства по поставленным вопросам в своей рабочей группе. Это говорит о том, что уроки с использованием новых методов и подходов в обучении способствуют повышению интереса всех учащихся, вне зависимости от уровня знаний, умений и навыков, к получению новой информации, а также их самореализации, самоактуализации и самооценке своих действий в учебном общении.

Данная методика преподавания и обучения мне нравится тем, что она предусматривает большую возможность работы, связанную с осмыслением и восприятием материала учениками самостоятельно, с применением когнитивных возможностей каждого ученика и его развитием критического мышления, восприятия, а также с проведением в конце урока этапа рефлексии своей деятельности. Учитель остается лидером, ключевой фигурой на уроке, но в данной методике преподавания больше выполняет роль направляющего, консультирующего, проводит свои наблюдения за учащимися, которые позволяют ему делать определенные выводы и по уроку, и по каждому ученику для дальнейшего усовершенствования своей практической деятельности.

Из собственного опыта проведения практических занятий хочу сказать, что учащимся нравятся такие уроки, потому, что они много работают индивидуально, и с опережающим домашним заданием, готовя новый материал, рассказывая его в форме презентаций. Они работают в парах и в скользящих группах, познают, осмысливают,

анализируют, обмениваются информацией, изучают материал самостоятельно, и в этот процесс вовлекаются все учащиеся. Большинство учащихся «раскрываются» и становятся более активными благодаря таким урокам.

Нетрадиционные уроки дают положительные результаты, а значит, качество полученных знаний и преподавания будет совершенствоваться от урока к уроку, где сохраняются важная роль ученика и лидерство учителя.

После завершения обучения 3 (базового уровня) программы Кембриджа мы (наша группа обучающихся учителей) издали книгу «Программа Кембриджа в Казахстанских школах», где дали представление о программе принятой Казахстаном, как одной из лучших образовательных платформ.

Книга, изданная нами - это официальный учебный курс по Программе Кембриджского университета, где педагоги г.Кызылорда обучались по третьему (базовому) уровню. На основе практики слушателей курса, в книге обосновывается представление о Кембриджской Программе обучения, как о новой научной концепции образования, рассматриваются идеи и взгляды учителей. Книга состоит из трех частей — «Эссе», «Самые лучшие планы» и «Применение идей Программы на практике». Основное место уделено анализу деятельности уроков в школах на основе проведенной практики, содержащих результаты каждого учителя.

Уверена, что наша Казахстанская система образования в скором времени будет в первых рядах с системами образования других развитых стран. Образование станет высококачественным и обеспечит конкурентоспособность нашей страны.

Литература:

1. Выступление Президента Казахстана Н.А. Назарбаева перед студентами Назарбаев Университета «Казахстан на пути к обществу знаний». – Астана, 5 сентября 2012 года.
2. Руководство для учителя АОО « Назарбаев интеллектуальные школы». – Астана, 2012. – С.110- 111.
3. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана. – Астана, 29 января 2010 года.
4. Жуматкан М.Б., Канагатова А.М. Система образования в Казахстане и за рубежом // Студенческий научный форум. – 2012.

Түйіндеме

Аталмыш мақалада Қазақстандық білім беру жүйесіне Кембридж бағдарламасының жаңа ғылым ретінде оқыту тұжырымдамасы, оның мақсаттары мен ерекшеліктері туралы түсінік беріледі. Деңгейлік бағдарламалары мен оның ерекшеліктері төңірегінде, мұғалімдердің 3 айлық білімін жетілдіру курстарын жүргізудің маңызды тұстары айқындалды. Аталмыш бағдарламаны мектептерде оқыту қағидалары сабақ топтамаларында 7 модуль дәйектілігі, оны оқушылар мен мұғалімдердің қабылдауы анықталды. Жаңа әдіс - тәсілдер бойынша өз сабақ беру тәжірибемнен үлгілер келтірілді. Бұл сабақтардың мәні мен мазмұны туралы нәтижелері және сол сабақтардың талдамалары көрсетілді.

Summary

This article highlights the implementation peculiarities of Cambridge Education Program into Kazakhstani education system as a new scientific concept of education with its goals, objectives, and features. There have identified important aspects of conducting 3-month teacher development training courses within the framework of the leveled programs and their characteristics. This article defined learning principles of the program in schools, the integration of seven modules into series of consecutive lessons, its perception by the students and teachers . The author has also given examples from her own experience in conducting lessons due to new methods and approaches to learning, and presented analysis of the lessons and results on contents and meaning of these lessons.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Л.К. НҰРЫЛДАЕВА

№7 арнаулы мектеп-интернаты, Қызылорда қ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жасаған болатын. Өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне – «Бала тәрбиелеу-болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге қонымды.

Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ [1].

Тәрбие-қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Тәрбие маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі-өркениетті, адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Ал мұғалім мен мектептің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны зерттеп, дамытып, қалыптастыру. Бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзі сенімін нығайтып, өзіне-өзі жол ашуына түрткі жасау. Міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті осы... Иә, егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу бүгінгі алға қойған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар-бүгінгі мектеп оқушысы [2].

Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін ажырамайтын баға жетпес құндылық, бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі-өмір тәжірибесі, өз халқының әдет ғұрпы. Ақиқат пен аңыздың асқарында ғұмыр кешкен Бауыржан Момышұлы атамыздың мына сөзі де менің жанымда жүреді. «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбеіп жүр. Балларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам, екінші, немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Солардан қорқам». Деген атамыздың осы қорқынышын болдырмайтын, бесік жыры үнінің құдіретіне тәнті болып өсетін баланың тәрбиеленуіне, ертегіні құмарта тындап, оның қызығына тамсана білетін жеткіншектің көбеюіне дәстүрімізді сыйлайтын намысты ұл мен қыздың өсуіне тірек болатын тәрбие жұмысы ұлттық мінез, ұлттық келбетіміздің ажарлауына жол ашады.

Заманымыздың заңғар жазушысы М. О. Әуезов: «Адам баласы жан жемісін татпай, өмірдің терең мағынасында шын мақсатын түсіне алмайды» деген екен. Жан жемісі

алдымен оқу-білім, тәрбие десек, сол жемісті берер мәуелі ағашымыз мектеп, ол мектептің жүрегі- мұғалімдер емес пе?!

Мектеп-білім ошағы, тәрбие ордасы, тағылым табалдырығы. Мектеп-тұлғаның толық қалыптасуына жағдай жасайтын әлеуметтік орта. Әр жеткіншек-зерттелмеген құпия. Сол зерттелмеген құпияны ашып, баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін тани білу-ұстаз атаулыға үлкен салмақ тастап отыр [3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген болатын. Ендеше елдің ұлт жанды азаматын тәрбиелеймін деген кез келген ұстаз ұлттық мәдениет пен, тарихи, мәдени мәліметтер және құнды ата-баба мұраларымен қарулануы қажет. Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,- деп абай айтқандай, жүректің жылуы, махаббат, ар намыс, қайрат-жігер деген сезімдері бар рухтың мекені-мектеп мұғалімдерінің жүрегі болуға тиіс. Қазіргі мектептерде оқыту мен тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастыруда. Жаңа талап негізгі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, орта мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде. Ең бастысы оқу тәрбие үрдісінде оқытудың тиімді жолдарын табу, оқушыны іздену, үйрену әрекеттеріне жұмылдыру педагогтің өз әрекетіне ішкі мотивтерімен шығармашылық ізденісін байланыстыра отырып кәсіби ілгерілуіне түрткі болатын инновациялық технологияларды іріктей білгендігінде. Жастардың бүгінгі білімі - ертеңгі капиталы болатындай, ал қазіргі тәрбиесі-қазақтың қадірлі қасиеттерін қастерлей білетіндей болуы тиіс.

Мәлік Ғабдуллиннің мына сөзі менің тәрбие туралы ойыма ой салды. «Тәрбие дегеніміз - баланың үстіне кигізе қоятын дайын киім емес. Тәрбие жұмысының мыңдаған түрі мен қыры бар. Олар тәжірибеде сынала келе нәтижеге ие болады. Сондықтан тәрбие мәселесі мектеп өмірінде ешқандай маусымды, үзіліс дегенді білмейді, үздіксіз жүргізіліп отыратын процесс» [4 29б.].

Тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты – оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алды, яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық шешуге көмектеседі. Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Сонымен бірге оқушылардың бос уақытына мектептен тыс білім беру мекемелері қызмет етеді. Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысы атқарылуда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін мектебімізде спорттық, әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады. Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, соныммен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой-өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды. Оқу-тәрбие үрдісінде әрбір шара ата-аналардың қатысуымен өткізілетінін ерекше атағым келеді. Ата-ананың балаға өнегесі-барлық жағдайдағы ең күшті бағдар екендігі сөзсіз. Отбасындағы шынайы

ұлттық тәрбие қолға алынбай, бала ұлттық тәрбиенің нәрін татпай, оның ұлттық менталитеті қалыптаспайды [5 386.].

Ондай жағдайда ол өзін де, өзгені де сыйлап, құрметтеп, отбасының, елінің намысын ойлап жарытпайды. Мұндай мәселелерде әсіресе жанұяның рөлі ерекше. Себебі тәрбие жанұядан басталады. Балаларды тәрбиелеуде ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алуға тиіс. Дербес Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей тәуелді. Өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесінің білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақталған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық үлгілерін санасына сіңіріп, абайша сөйлесек, «Көкірек көзін оята тәрбиелеу» - Ата анадан басталып мектепке жалғасып, бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Айтмамбетова Б.. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 1991.
5. Қозғамбаева М., Иванова Н. Оқыту процесінің мәні. – Алматы, 1991.

Резюме

В статье указывается, что сегодняшняя цель - развитие системы технических специальностей, возрождение учебной методики, обучение специалистов нужных для нашей страны. Также, в статье излагаются вопросы воспитания ребенка, которое является неоценимой частью жизни.

Summary

Today the goal the development of a system of technical specialties, Revival learning techniques to train the necessary specialists for our country. Also, the article includes "On the education of the child, which is an invaluable part of life in the message of the President 2050".

УДК 316.324:339.72:658.14/.17

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ КАК ФАКТОР РОСТА НЕУСТОЙЧИВОСТИ ФИНАНСОВЫХ РЫНКОВ

Р.Р.АХМЕТОВ, доктор экономических наук, доцент,
Казанский (Приволжский) федеральный университет, г.Казань, Россия

Последствия экономического кризиса, сложности финансового состояния ряда государств, включая ведущие экономики мира, проблемы вступления России в ВТО и связанные с этим дискуссии, - всё это можно рассматривать как отражение процесса интернационализации и глобализации мировой экономики. Можно выделить два методологических принципа анализа мирового финансового рынка: структурно-функциональный и институциональный. Первый принцип связан с изучением функций денег и капитала, их изменениями в современном мире, динамикой предложения и спроса на деньги и капитал. Структурная сторона анализа касается структуры финансовых рынков и их динамики.

Институциональный принцип связывает анализ рынка, прежде всего, с организацией рынка и функционированием его институтов. Вопросы институционального развития финансового рынка являются весьма важными для изучения и характеристики современных процессов в сфере финансов.

С этой точки зрения процесс глобализации выступает фактором, соединяющим в себе оба методологических подхода. Центральной составляющей глобализации мировой экономики является её финансовая сторона или финансовая глобализация. Она характеризуется серьёзными изменениями в мировых финансах, введением инновационных методов организации и управления финансовыми ресурсами. В результате финансовой глобализации капитал приобрел значительную мобильность, перетекая по всему миру к самым привлекательным и более выгодным возможностям приложения. Характер операций участников глобального рынка с диверсификацией активов и пассивов по странам и регионам, наличием широкой сети представительств, филиалов и дочерних организаций за рубежом уже не позволяет отождествлять их только со страной национальной принадлежности. Финансовая глобализация усилила влияние международных рынков на осуществление операций кредитования и заимствования резидентами различных стран, что привело к росту международной сети финансовых институтов и корпораций, к повышению доли бизнеса, приходящейся на зарубежные страны, и к фундаментальным изменениям в их системах организации управления финансовыми потоками.

Финансовая сфера претендует на роль безусловного лидера экономической глобализации. Зачастую само понятие глобализации воспринимается как широкое распространение и охват, прежде всего, финансовых инструментов и рынков. Доступность средств финансового рынка любому его участнику в любой точке Земного шара ведёт, в понимании многих, к порождению нового финансового мира без границ, где мощь биржевиков и управляющих денежными фондами затмит власть центральных банков и политиков.

По оценкам специалистов под влиянием глобализации находится около 40% мирового производства промышленной продукции, 60% мирового валового продукта, 70-90% мировой торговли и международных финансов. Это подтверждает тот факт, что

финансовая сфера подвержена влиянию процессов глобализации сильнее, чем другие сферы экономики.

Всё разнообразие характерных черт и форм проявления финансовой глобализации можно, на наш взгляд, свести к четырём группам:

1. Общефинансовые черты, свидетельствующие об ускоренном росте финансовых рынков. Наиболее наглядно эти изменения можно наблюдать по соотношения реального и финансового секторов. Доля финансового сектора в мировом производстве товаров и услуг возросла и доминирует как по доле. Так и по роли в экономике. Если в 1975г. соотношение международных операций с акциями и облигациями с ВВП в развитых странах не превышала 5%, то к началу XXI века оно возросло до 700%. Чем же был вызван такой рост?

Одной из главных причин явилась так называемая «дезинфляция», т.е. процесс замедления темпов роста цен. Так, если средняя доходность 10-летних облигаций на рынках стран ОЭСР за 25 лет (1981-2006гг.) составила 3,7%, инфляция за этот же период была лишь 1,7%. Снижение темпов инфляции за последние четверть века обусловлено несколькими фундаментальными факторами. Во-первых, усилившейся целенаправленной антиинфляционной политикой правительств и центральных банков государств. Монетарные власти развитых стран превратили низкую инфляцию в приоритетную цель своей деятельности. Правительства государств – членов ОЭСР ограничили вмешательство в экономику и государственные расходы («рейганомика» и «тэтчеризм» в 1980-е годы), что привело к уменьшению бюджетных расходов и к сокращению необходимости финансирования бюджетных дефицитов, в том числе за счёт увеличения денежной массы. Во-вторых, в результате глобализации снизились международные торговые барьеры, и на рынки высокоразвитых стран хлынул поток относительно дешёвых товаров, прежде всего, из Азии (Индия, Китай и др.). Цены стали снижаться в результате роста конкуренции производителей.

Третьим фактором дезинфляции выступило серьёзное повышение эффективности производства и торговли частных корпораций во всём мире. Этому в значительной мере способствовало развитие новых технологий, включая интернет-сервис в сфере торговли и обмена информацией, а также повышение качества менеджмента внутри компаний. Стабильное замедление темпов инфляции в долгосрочной перспективе постепенно привело к тому, что реальные процентные ставки в странах ОЭСР в наши дни намного ниже их долгосрочных значений. В период дезинфляции финансовые активы росли намного быстрее, чем материальные активы и ВВП (см. табл. 1).

Таблица 1 – Рост мировых финансовых активов

	1980	1990	2000	2005	2010
Финансовые активы (деньги, акции, облигации) стран «семёрки» как процент от ВВП	150	210	370	400	530

В общефинансовом смысле глобализация характеризуется тем, что ускорение движения международных факторов породило новые направления и формы интернационализации производства, торговли и финансов, что, в свою очередь, ведёт к взаимопроникновению капиталов многих стран в разных формах и проявлениях (см. рис. 1 и 2).

Рис. 1 – Прямые иностранные инвестиции в странах ОЭСР и России (отток)





Рис.2 – Динамика объёма прямых иностранных инвестиции (приток)



Расчёты автора по:OECDFactbook, 2012 – ISSN – www.oecd.org/srstatistics


максимум пришёлся на послекризисные последствия (2010 и 2011 годы), то в Германии в это время безработица даже снизилась , а пик пришёлся на середину десятилетия (2004-2006 годы).

2. Организационные черты финансовой глобализации, отражающие внутренние процессы в сфере различных секторов финансового рынка, а также преобразования в содержании и структуре финансовых институтов. Организационные особенности глобализационных процессов в 1990-2000-е годы выражались:

- в сближении деятельности кредитно-банковских организаций с другими, небанковскими финансовыми институтами (фондами, страховыми организациями и др.);
- в секьюритизации активов и стирание границ между рынком денег и рынком капиталов;
- в возрастании роли транснациональных компаний и банков (ТНК и ТНБ) в мировой экономике.

Одним из таких проявлений стала синхронизация циклического развития в последние несколько лет. Существовавшее до кризиса 2007-09гг. мнение о десинхронизации мирового цикла было основано на факте всеобщего длительного подъёма в мировой экономике на протяжении 16 лет – с 1992 по 2007 годы. Из приведённых на графиках данных (см.рис.3 и 4) следует, что динамика промышленного производства в четырёх ведущих странах ОЭСР изменялась синхронно на протяжении последних 20 лет. Положение с безработицей было не столь однозначным: европейский рынок труда заметно отличался в периоды подъёмов от американского и японского – это особенно заметно по Германии. В 1990-е годы безработный максимум в США и Великобритании пришёлся на начало десятилетия (1993 и 1994гг. соответственно), в Германии и Японии – на конец его (1997 и 2000гг. соответственно). В 2000-е годы различия в движении нормы безработицы сохранились: если в США и Великобритании

Рис.3 – Динамика безработицы в развитых странах




Источник: Employment and Labour markets: key tables from OECD – OECD 2013 - – www.oecd.org/srstatistics

В последние два с половиной десятилетия в мире наблюдается сближение и постепенное слияние кредитно-банковских организаций с небанковскими финансовыми учреждениями. С одной стороны, происходило «размывание» банков из традиционных финансовых институтов в новые, более диверсифицированные структуры. Всё чаще банки практикуют платёжные, страховые и фондовые операции, которые считались менее рискованными и затратными, чем традиционное кредитование. С другой стороны, небанковские финансовые организации настолько сильно проникли в деятельность банков

на волне дерегулирования 80-х годов, что фактически отобрали у банков ведущую роль в финансировании большого бизнеса. «Брокерские фирмы предлагают своим клиентам услуги по управлению наличностью, услуги по контролю за операциями, продажу страховых продуктов. Страховые агенты начинают регистрировать продажу ценных бумаг, страховые компании торгуют акциями взаимных фондов. Банки тоже торгуют с взаимными фондами, предлагая, кроме того услуги «дисконтно-брокерского» характера» [1; с.2].

Результатом взаимопроникновения финансовых институтов стало появление новых финансовых инструментов, отражающих черты разных сегментов рынка. Наиболее ярким и устойчивым проявлением этого выступает процесс секьюритизации, т.е. превращения финансовых активов в ценные бумаги. При секьюритизации, как известно, задолженность

Рис. 4 – Динамика промышленного производства развитых стран



Источник:OECD StatExtracts. 2013 - www.oecd.org/srstatistics

становится предметом купли-продажи, оформляемой в виде рыночной ценной бумаги. При этом в ценные бумаги трансформируются низколиквидные активы, что снижает риски путём их передачи и диверсификации.

Другой важной организационной особенностью глобализации выступает процесс постепенного стирания границ между денежным рынком и рынком капиталов. В основе здесь также лежит секьюритизация. Так, выпуская секьюритизированные закладные (securitizing mortgages), финансовые институты могут сохранить платёж по первоначальным закладным. Это позволяет им извлечь два преимущества: во-первых, они осуществляют сравнительно лёгкий трансфер (передачу) риска процентной ставки и кредитного риска инвестору. Во-вторых, выпуская по сути дела новую закладную на базе предыдущей, эмитент добивается своего рода «рециклирования» капитала. Банк или другой финансовый институт использует полученный от эмиссии закладной капитал для того, чтобы сделать следующий закладной займ, а полученные от него средства отразить как доход» [1; с.119-120].


Весьма показательны обороты и объёмы рынка производных инструментов. По данным Банка международных расчётов в Базеле оборот торговли фьючерсами и опционами на биржах в начале 1990-х годов составлял 100-200 трлн.долл., к концу десятилетия вырос до 350-390 трлн.долл.[2; с.45]. В 2008-2009гг. объём всех выпущенных в мире деривативов по номинальной стоимости составлял около 600 трлн.долл. Суммарная рыночная стоимость в конце 2009г. была из-за кризиса значительно меньше, чем за год до этого: 21,5 трлн. долл. против 35,3 трлн. долл. в декабре 2008г. [3].

Темпы роста мировых деривативов значительно превосходили рост стоимости первичных финансовых активов (акций, облигаций и банковских активов), величина которых, в свою очередь, отражала рост мирового ВВП (см.рис.5). Номинальный объём производных инструментов, таким образом, в 2008г. накануне начала кризиса почти в 12 раз превышал мировой ВВП.

Третий важнейший организационный тренд глобализации финансов – возрастание роли транснациональных корпораций и банков (ТНК и ТНБ), выступающих на равных с суверенными субъектами. В начале XX века примерно 500 ТНК и ТНБ контролировали почти 70% мировой торговли, а 400 – половину всех иностранных капиталовложений.

Одним из важных последствий господства ТНК является рост слияний и поглощений в корпоративном мире. В 2009г. только первые десять крупнейших слияний в мире составили сумму в 244,6 млрд. долл. Между тем, процесс слияний и поглощений нестабилен и не отличается постоянным ростом. Это оказывает негативное влияние на устойчивость финансовых рынков.

Рис. 5 - Динамика мирового объёма первичных ценных бумаг и номинальной стоимости деривативов



Источник: Solving the Financial and Sovereign Debt Crises in Europe – OECD Journal. Financial market trends – Volume 2011 Issue2.

3. Управленческие черты глобализации связаны с изменением роли правительств и международных организаций. Существующий уровень мировых рыночных механизмов весьма несовершенен и пока не может выполнять функцию глобального регулятора, поскольку спекулятивные методы действия участников - это свойство как рынка в целом,

так и действующих на нём игроков. Возникают трудности в национальном и межнациональном регулировании глобальных процессов.

Важный момент глобализации заключается в том, что современные средства информатизации позволяют радикально изменить всю систему управления - от небольших фирм до мировой экономической и финансовой системы. Вследствие этого изменятся роль и значение государства и международных организаций в регулировании мировой финансовой системы. Участие и тех, и других в воздействии на финансовые рынки смещается в сторону узконаправленного, но более жёсткого надзора и контроля.

4. Ещё одной важнейшей чертой глобализации выступает информационно-идеологическая составляющая. Она настолько значительна, что некоторые авторы уделяют ей первостепенное значение. Информационную составляющую финансовой глобализации можно, на наш взгляд, свести к ряду следующих проявлений. Во-первых, - это рост требований к рынку и его участникам по раскрытию информации. Во-вторых, важным аспектом является психологический эффект финансовых инноваций, то есть появление и внедрение новых инструментов и технологий на финансовых рынках. Третьей формой проявления информационных особенностей глобализации явились информационное неравенство, образующееся в результате технологической революции.

Решения, принимаемые инвесторами, имеют, в конечном счёте, определяющее значение для рыночной ситуации во многих странах. В то же время, процедура принятия решений не обеспечивает равного участия различных субъектов общества. Решения зачастую лишены прозрачности и открытости, привычной для публичных процедур. Это, казалось бы, противоречит сказанному выше о возрастании требований по раскрытию информации. Но речь идёт о том, что неизмеримо быстро растёт объём информации, которую перерабатывает коллективный мировой инвестор. Это приводит "к неизбежному превращению избыточной информации в сложную иерархическую организацию, к стихийному формированию новой сложной структуры взаимоотношений и неписанных правил принятия решений в финансовой сфере" [4; с.17].

Ограниченная рациональность и вычислительная сложность переработки информации ведут к замещению решения на основе полного анализа всей информации решением по прецеденту или по аналогии, применением априорного или «стадного» поведения. Быстрый рост информации, её непрекращающееся обновление и совершенствование сопровождается стремительным увеличением вала избыточной, дублирующейся, неточной информации – появлением, так называемых, информационных «шумов».

Наряду с множеством выгод, финансовая открытость и интеграция несут собой и немало рисков. Существенный приток капитала может привести к серьёзным макроэкономическим проблемам, таким как избыточная денежная экспансия, инфляционное давление, чрезмерное реальное укрепление национальной валюты и ухудшение счёта текущих операций платёжного баланса. Это соответствующим образом нарушает устойчивость на финансовых рынках всех уровней, включая региональный. Важнейшим направлением процесса глобализации является финансовая интеграция, в рамках которой ослабляются либо вовсе отменяются ограничения на приток в страну иностранного капитала и вывоз капитала за рубеж. В результате быстро растут трансграничные финансовые потоки и стираются границы между национальными финансовыми рынками. Это находит прямое отражение на региональных финансовых рынках и региональных финансовых потоках. Региональные финансовые рынки постепенно превращаются в тесно связанные сегменты глобального рынка, действующие по сходным правилам.

Положительный эффект финансовой глобализации и интернационализации не гарантирован, а проявляется лишь при определённых условиях. Базой для этих условий является наличие определённого (весьма высокого) качества институтов [5; сс.39-52].

Низкий уровень их развития, свойствен и российским регионам, как регионам страны с развивающимися рынками. Он является причиной слабого притока и преимущественного оттока капиталов – так называемого «парадокса Лукаса».

Из этого можно заключить, что финансовая глобализация выгодна не для всех, её эффект выборочный и неравномерный. Однако мы считаем, что риски негативные последствия зависят не только от степени развитости институтов, но и от качества и эффективного регулирования финансовых рынков в рамках имеющегося институционального устройства.

Литература:

1. Stocks, bonds, options, futures. Investments and their markets. Ed. by St.Veale. New-York Institute of Finance, Simon & Schuster Co., 1987.
2. Обзор мировой хозяйственной конъюнктуры в 2000-начале 2001г. // МЭиМО. – 2001. - №8.
3. BIS Statistical Annex 2010 – www.bis.org
4. Евстигнеев В. Финансовая глобализация – явление и методический инструментарий. // МЭиМО. – 2001. - №3.
5. Рустамов Э. Финансовая глобализация и качество институтов // Вопросы экономики. - 2010. - №2.

Түйіндеме

Мақалада жаңа әлемде қаржылық нарықтардың тұрақсыздығын көтерудің факторы ретінде қаржылық жаһандану процесіне талдау берілген. Қаржылық талдауды анықтаудың түрлері және олардың қасиеттер жиынтығы бірнеше топқа топтастырылған. Қаржылық нарыққа жаһанданудың салдары және олардың негізгі жағымсыз әсерлерінің ішінен келесілер ерекшеленген және анықталған: қаржылық активтердің көлемінің шектен тыс өсуі, экономикалық циклдың үйлесімділігі, өндірістік құралдар нарығының өлшеусіз өсуі, анықсыздықтың және тәуекелділіктің өсуі, қаржылық инвестициялық шешімдерді қабылдау және үлкен көлемдегі ақпараттарды өңдеу.

Summary

In the article financial aspect of globalization as a factor of instability of world finance are considered. All forms of globalization are divided in four groups: generally financial, organizational, managerial, information and ideological. Among the main negative financial consequences are analyzed: high growth of financial instruments volume, synchronization of business cycle, huge size of the derivative markets, colossal streams of information to be analyzed to make a financial decision.

ӘОЖ 330.47:004

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІН ЖҮЙЕЛІК ТАЛДАУ

Ж.Т. ЖАЛБЫРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарына жүйелік талдау жасау үшін экономикалық-математикалық әдістерді кеңінен пайдалану қажет. Олардың көмегімен басты, қосымша, көмекші салалардың өндіріс ресурстарын жаңа технологиялар көмегімен тиімді

пайдаланып, агробизнестің келешегі бар жетілдірілген түрлерін қолдануға жағдай жасайтын оптималды шешімдерді анықтауға болады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жүйелік талдауы деп, оның нақтылы табиғи, экономикалық жағдайда өндіріс ресурстарын тиімді пайдаланып, экологиялық тепе-теңдікті сақтап, өндірісті рационалды жүргізуді қамтамасыз ететін құрылымын айтуға болады.

Осындай құрылымда жасалған экономикалық-математикалық модельдер арқылы шаруашылық қызметінің есептерінің әр түрлі варианттарын орындауға болады. Ал шаруашылық қызметінің есептері ретінде *ретроспективті* (өткен жылдар аралығы), *ұзақ мерзімді* және *оперативті* (өткен жыл аралығы) талдау есептерін қарастыра аламыз.

Ретроспективті талдаудың негізгі мақсаты - ауыл шаруашылық кәсіпорындарының даму процесін белгілі бір уақыт ішінде зерттеп, оның заңдылығын табу. Ауыл шаруашылығында егіншілік, мал шаруашылығы, еңбек өнімділігінің өзгеруі жекелеген жылдардың метеорологиялық жағдайлардың ауытқуына және басқа кездейсоқ құбылыстардың тууына қарай өзгеріске ұшырап, дамудың негізгі бағытын жасырып қалады. Сонымен ретроспективті талдау процесі кезінде ең алдымен көріністер өзгеруінің тенденциясы ашылып, оның негізгі себептері анықталады. Өндіріс тиімділігінің нәтижесіне жекелеген факторлардың әсер етуі бағаланады.

Ұзақ мерзімді талдау жүйесінің даму бағдарламасының барлық жүйесін ғылыми негізде жасау үшін ерекше рөл атқарады. Қазіргі жағдайда, әсіресе, ұзақ мерзімді талдаусыз ірі экономикалық саяси-әлеуметтік мақсаттар мен мәселелерді, ауыл шаруашылық кәсіпорындарын қайта құру, еңбекті ұйымдастыру, шаруашылықты тиімді жүргізудің жаңа әдістерін қолдану және осыған сәйкес инвестицияларды пайдалану мүмкін емес. Ұзақ мерзімді талдау бағдарламаны жасауға ғана емес, сол сияқты оны орындау барысында пайда болатын сәйкессіздіктерді дер кезінде анықтау үшін қажет. Ол сәйкессіздіктер қазіргі жағдайда алынған ұзақ мерзімді оптималды жоспарларының ықтималдық дәрежесіне байланысты болады. Себебі нарық конъюктурасы тез өзгеріп отырады. Осы принциптерді жүзеге асыру қазіргі заманғы экономикалық теориялар, математика және компьютерлік технология жетістіктеріне негізделеді.

Ал оперативті талдау - ауыл шаруашылық кәсіпорындарының даму процесін оперативті басқару үшін қолданылады. Ол жыл басынан бастап осы уақыт аралығына дейінгі аралықтағы шаруашылық қызметінің ақпараттары негізінде орындалады. Мәселен, бір жыл ішіндегі ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі немесе шығындылығы сол уақыт аралығындағы табиғи және экономикалық жағдайлардың көрсеткіштеріне талдау жасауға мүмкіндік береді. Оперативті талдау кезінде әр түрлі технологиялық әдістердің де әсерін анықтауға мүмкіндік туады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының жүйелік талдау модельдерін құрғанда зерттеліп отырған шаруашылықтың қаржы жағдайы алғашқы енетін ақпарат ретінде қарастырылады. Бұл ақпарат шаруашылықтың техникалық және экономикалық көрсеткіш жиынтығынан тұрады және шаруашылық тиімділігінің факторларын көрсетеді. Бұл көрсеткіштерді біздің ойымызша қолданылуына және атқаратын рөліне байланысты бірнеше топтарға бөлуге болады.

Бірінші топқа материалды-техникалық базасы жағдайының көрсеткіштері немесе кәсіпорындардың жоғары дәрежелі мүмкін көрсеткіштері жатады. Бұл топтағы көрсеткіштерге ауыл шаруашылық жер көлемі, еңбек, техника ресурстары, тыңайтқыш және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Екінші топқа шаруашылықтың ұйымдастырылу технологиялық көрсеткіштері жатады. Оларға малдардың топтық құрылымы, егіс көлемі, азық құрамы, малдарды азықтандыру түрлері және ауыспалы егіс түрлерін қолдану көрсеткіштерін жатқызуға болады.

Үшінші топқа өндіріс шығындар көрсеткіштерін алуға болады. Мұндағы көрсеткіштердің өзгеруі белгілі бір тендеу арқылы өрнектеліп нәтижеде ресурстардың нормативтік шығындары 1 га-ға немесе 1 ц өнімге есептелінеді.

Төртінші топқа шаруашылықтың табиғи және экономикалық жағдайларының көрсеткіштерін жатқызамыз. Бұған ауыл шаруашылық өнімдерінің нарықтық бағаларын, нарық сиымдылығын, сатудың арналары және басқа көрсеткіштерін жатқызуымызға болады.

Бесінші топқа ауыл шаруашылық жұмыстарының орындалу мерзімі, топырақ құнары (балл бионитеті, жауын-шашын мөлшері, ауа температураларының) жиынтығының көрсеткіштерін жатқызуға болады. Бұл көрсеткіш шаруашылықтың топырақ және климаттық көрсеткіші болады.

Қазіргі таңдағы ауылшаруашылық кәсіпорны басқару объектісі ретінде күрделі көпдеңгейлі басқару объектісін құрайды. Ол көптеген өзара байланысқан биологиялық, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы компоненттер жиынын қамтиды. Мұнда қайта өндірудің табиғи циклі, уақыт факторы үлкен роль атқарып, экономикалық процестер биологиялық қарқынға бейімделіп, өндірістің ықтималдылық сипаты байқалады.

Аграрлық салада түрлі варианттарды бағалау мен олардың ең тиімдісін таңдау және экономикалық-математикалық модельдеу әдістерін, жаңа ақпараттық технологияларды (шешім қабылдауды қолдау жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орны, эксперттік жүйелер, деректер қоры, білім қоры және т.б.) қолдану қажеттілігі туындады.

Ауылшаруашылық кәсіпорны бойынша бастапқы деректер берілгендер банкі формасында болып және үнемі жаңартылып отыратын ақпараттық жүйесінің бар болуы, сонымен қатар бастапқы деректерді түрлендіру модельдері мен программалық қамсыздандырудың болуы жағдайында ғана ауылшаруашылығы өндірісін басқаруды оптималдау мен оны жоспарлаудың жеткілікті түрде жүзеге асырылды деп санауға болады. Шешім қабылдайтын өндіріс басшысы әрқашан да ең тиімді шешім вариантын таңдауға ұмтылады, бірақ оны жүзеге асыруда көптеген әсер етуші факторлар (әдетте, ықтималдық) себебінен қиындықтар туындайды.

Күріш шаруашылықтарында әртүрлі болжамдар варианттары мен экономикалық келісімдерді әзірлеу мен салыстыру негізінде қабылданатын экономикалық шешімдер алуан түрлілігімен және күрделілігімен сипатталады. Сонымен қатар, шаруашылық жүргізудің жаңаша сипаттары оларға өзіндік ерекшелік береді. Ең алдымен, экономикалық шешім қабылдауда анықталмағандық деңгейі артады. Анықталмағандықтың болу себебі барлық процестердің өзгермелілігі тән болатын экономикалық дағдарыс кезіндегі шаруашылық жүргізу жүйесінің негізімен байланысты. Экономикалық дағдарыс кезіндегі күріш шаруашылықтарының қызметі тек өнімге деген сұраныс пен ұсынысқа ғана тәуелді емес, ол сондай-ақ су шаруашылықтары мекемелерінің қызмет көрсету деңгейіне де тәуелді. Осы тұрғыда экономикалық шешімдерді ғылыми негіздеу мақсатында жүргізілетін бастапқы болжамдық, нормативтік, статистикалық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да ақпаратты түрлендіру процесі ретінде қарастырылатын шешім қабылдауды қолдаудың ақпараттық технологияларын талдау қызығушылық тудырады. Бұл процесс көп рет орындалатын есептеу процедураларынан, ситуация жағдайын ұғыну, сипаттау периодтарынан, жаңа ақпаратты зерттеуден, шешімдер варианттарымен алдын-ала келісуден тұрады. Процесс барысында маманның жан-жақтылығы артады, пайдаланылған мәлімдемелердің толықтығы мен сенімділігі жақсара түседі және формалды емес фактілердің маңыздылығы бағаланады, критерийлер жиынтығы нақтыланып, анықталады. Осылайша, экономикалық шешім қабылдаудың нақты процесі әлсіз құрылымды екендігі байқалады.

Қазіргі таңда шешім қабылдау процесінде жаңа әдістер мен ақпараттық технологиялар тікелей қолданылмайды. Оның негізгі себебі ауылшаруашылық мәселелерін шешуге бағытталған және экономикалық-математикалық модельдеу мен программалау саласы бойынша арнайы білімі жоқ пайдаланушыларға арналған программалық жүйелердің аз болуы не мүлде қолданылмауы.

Ортақ мақсаты мен міндеті бар күріш шаруашылықтарын бір жүйе ретінде қарастырып, осы жүйе қолданатын орталық ақпараттық желіні құруға болады. Күріш шаруашылықтарын экономикалық басқарудың орталық ақпараттық технологиясы ақпараттық есептеу желісі ұғымына негізделеді, оның қолданылу мақсаты экономикалық басқару ұйымының құзыретіне енетін мәселелерді шешуде пайдаланылатын өзара байланысқан ақпараттық, техникалық, программалық және технологиялық құрылғылар кешенімен қамтамасыз ету.

Орталық ақпараттық есептеу желісін екі құрамдас бөлікке бөлуге болады: ақпараттық қор желісі және есептеу желісі. Ақпараттық қор желісінің негізгі элементі болып деректер қоры мен білім қоры саналады, олар экономикалық талдау мен болжауда, автоматтандырылған жұмыс орны пайдаланушысына ақпараттық қызмет көрсету құрылғыларында қолданылады. Экономикалық басқару ұйымының есептеу желісі күріш шаруашылығына қажетті ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және таратуды қамтамасыз ететін өзара байланысқан техникалық және программалық құрылғылар жиынтығын құрайды.

Күріш шаруашылықтарында экономикалық шешім қабылдау процестерінің ақпараттық технологиясында автоматтандырылған жұмыс орны кеңінен қолданылады, ол тестілер, кестелік және графиктік ақпаратты өңдеудің сұхбаттық жүйесін қолданып эксперттік бағалау жүргізу, болжам жасау мүмкіндігін береді.

Жекелеген автоматтандырылған жұмыс орындарының желіге қосылуы шешім қабылдауды қолдау жүйесінің ақпараттық қамсыздандырылуын жоғары сапалық деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Шешім қабылдаушы тұлға тек өзінің жеке компьютеріндегі ақпараттық қорды ғана емес, сонымен қатар желіге қосылған басқа да автоматтандырылған жұмыс орнының ақпараттық қорын да пайдалана алады. Бұл топтық шешім қабылдауда басқа мамандардың көзқарастары мен пікірлерін ескеріп, олармен сұхбат режимінде келісе отырып ең тиімді шешімді таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша, орталық ақпараттық есептеу желісін ендіру негізінде ауылшаруашылық қызметін басқаруда ішкі бөлімдер мен мамандар арасында шешім іздеу, келісу және қабылдау процесінде ақпараттық қарым-қатынас деңгейі артады.

Экономикалық басқаруда ақпараттық технологияның қолданылуын дамыту негізінде есептеу желісінің сәйкесті техникалық, программалық және басқа да қамсыздандыруының қолдауымен жұмыс атқаратын және экономикалық-математикалық әдістер мен модельдерді қолдануға негізделген шешім қабылдауды қолдау, деректер қоры, білім қоры жүйелерін тиімді шешім қабылдау мақсатында пайдалану ауылшаруашылығы кәсіпорнын экономикалық басқаруда жетістіктерге жеткізері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ларичев О. Теория и методы принятия решений. – М.: Логос, 2000. – 294 с.
2. Дуброва Т.А. Статистические методы прогнозирования: учебное пособие. – М., 2003.
3. Бережная Е.В., Бережной В.И. Математические методы моделирования экономических систем. – М.: ФиС, 2002. – 367 с.
4. Сапарбаев А.Д., Макулова А.Т. Экономико-математические модели и методы. – Алматы: Бастау, 2007. – 228 с.

Резюме

В статье рассматривается системный анализ процессов принятия экономических решений. На основе обобщения результатов развития информационной технологии экономического управления, теории и практики принятия экономических решений, методов и средств информатики предлагается концепция современной информационной технологии.

Summary

In clause the information technology of processes of acceptance of the economic decisions is considered(examined). On the basis of generalization of results of development of information technology of economic management, theory and practice of acceptance of the economic decisions, methods and means of computer science the concept of modern information technology was developed.

ӘОЖ 624 (574)

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ШЕТ ЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Г.ИСАЕВА, экономика магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
С.БОЛАТҚЫЗЫ, экономика ғылымдарының кандидаты,
Экономика және басқару академиясы

Туристік қызметтерді ұйымдастыру мен басқаруда дүние жүзі елдерінің, оның ішінде еуропалық елдердің тәжірибелері жетерлік. Халықаралық туристік ағымдар бойынша барлық ақпараттық мәліметтерді жинақтап және ретке келтіріп отыратын институт ретінде әлем елдерінің бірігуімен туристік ұйым жасақталған.

Бүкіләлемдік туристік ұйым Халықаралық ресми туристік ұйымдардың конгресі ретінде 1925 жылы құрылды. Кейінірек ол Бүкіләлемдік туристік ұйым деп аталатын болды. 2003 жылы ұйым БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі мәртебесін алды. Ұйымның штаб-пәтері Мадридте орналасқан. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 1993 жылдан мүшесі болып табылады.

Бүкіләлемдік туристік ұйым ұйғарымы бойынша, бірінші кезекте туристерді жеткізуші елдер және екінші кезекте туристерді қабылдаушы елдер болып бөлінеді. Туристерді жеткізуші елдерге: АҚШ, Бельгия, Дания, Германия, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Швеция, Канада және Англия кіреді. Ал, Австралия, Италия, Швейцария, Франция, Кипр, Греция, Мексика, Португалия, Испания және Түркия сияқты елдер туристерді қабылдаушы болып саналады.

Туристердің келу саны мен халықаралық туризмнен түсетін кірістерге қарап Бүкіләлемдік туристік ұйым жыл сайын жетекші деген он елдің тізімін жасап отырады. Франция мен АҚШ халықаралық туристердің келуі жағынан жетекші орындарды алып отыр. Яғни, барлық келуші халықаралық туристердің шамамен 18% құрайды. Қытай үшінші орынды алады екен (барлық келуші халықаралық туристердің 6,7%-ы).

Төмендегі кестеде (Кесте 1) туристердің саны бойынша жетекші он елдің тізімі берілген.

Кесте 1 – Туристердің саны бойынша әлемдегі жетекші он елдің тізімі

Алатын орны	Елдің аты	Туристер саны, млн. адам		Ауытқу	
		2009	2010	2009/2008	2010/2009
1	Франция	76,8	76,8	-3,0	0,0

2	АҚШ	55,0	59,7	-5,1	8,7
3	Қытай	50,9	55,7	-4,1	9,4
4	Испания	52,2	52,7	-8,8	1,0
5	Италия	43,2	43,6	1,2	0,9
6	Ұлыбритания	28,2	28,1	-6,4	-0,2
7	Туркия	25,5	27,0	2,0	5,9
8	Германия	24,2	26,9	-2,7	10,9
9	Малайзия	23,6	24,6	7,2	3,9
10	Мексика	21,5	22,4	-5,2	4,4
Ескертпе – Бүкіләлемдік туристік ұйым есебі бойынша автор құрастырған.					

Туризмді басқарудағы шетелдік тәжірибеге талдау жасай отырып, басқарудың екі үлгісін бөліп қарастыруға болады. Яғни, туризмді басқарудың еуропалық және азиялық үлгілері.

Туризмді басқарудың еуропалық үлгісі әлемге әйгілі курорттарымен танымал Италия, Испания және Франция елдерінде қолданылады. Бұл елдердегі туризмді дамыту мәселелері көп салалы министрлік деңгейінде шешіледі. Туристік саламен айналысатын министрліктің бөлімі мемлекеттік реттеу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізеді: нормативтік-құқықтық негізін дайындайды, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерімен айналысады, статистикалық мәліметтерді өңдейді, аймақтардың осы бағыттағы қызметтерін реттейді, осы салаға қатысты көрмелер ұйымдастырады және шет елдердегі туристік өкілдіктерді басқарады.

Халықаралық туризмнен түсетін кірістер бойынша АҚШ жетекші орын (түсетін кірістері- 77 млрд. доллар) алады. Испания, Франция және Қытай елдерінің кірістері 60 және 52 млрд. доллар аралығында. Гонконг (Қытай), Түркия және Австрия елдерінің туризмнен түсетін кірістері де жылдам артуда.

Халықаралық туризмнен түсетін кірістер бойынша жетекші елдер төменде (Кесте 2) келтірілген.

Кесте 2 – Туризмнен түсетін кірістер бойынша әлемдегі жетекші он елдің тізімі

Алатын орны	Елдің аты	US\$		Ауытқу	
		2009	2010	2009/2008	2010/2009
1	АҚШ	76,8	76,8	-3,0	0,0
2	Испания	55,0	59,7	-5,1	8,7
3	Франция	50,9	55,7	-4,1	9,4
4	Қытай	52,2	52,7	-8,8	1,0
5	Италия	43,2	43,6	1,2	0,9
6	Германия	28,2	28,1	-6,4	-0,2
7	Ұлыбритания	25,5	27,0	2,0	5,9
8	Австралия	24,2	26,9	-2,7	10,9
9	Гонгконг	23,6	24,6	7,2	3,9
10	Туркия	21,5	22,4	-5,2	4,4
Ескертпе – Бүкіләлемдік туристік ұйым есебі бойынша автор құрастырған.					

Дамыған еуропалық елдердегі мемлекеттік туристік әкімшілік жергілікті басқару орындарымен және жеке бизнеспен бірлесе отырып жұмыс жасайды. Ал, бұл өз кезегінде туризмді дамытудағы мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерін шешуде жеке қаржылық

ресурстарды тартуға мүмкіндік береді. Бұл саясаттың нәтижесі ретінде туристік қызметтерді реттеудегі аралас (мемлекеттік-жеке) меншікті институттарды алуға болады. Туризмді басқарудың мұндай жүйесінің нәтижесінде аталған елдер жоғары индустриялы туризмі бар әлемдік туристік орталықтарға айналып отыр. Бұл елдердегі туризмнен келетін кірістер бюджеттің маңызды баптарына кіреді.

Туристік индустрияны басқарудың азиялық үлгісі Түркия, Египет, Тунис, Марокко және Қытай елдерінде таралған. Бұл үлгідегі елдерде туристік саланы басқару министрлікке жүктелген. Бұл елдерде туризм экономиканың басым бағыттарының бірі болып саналады. Мемлекеттің көмегінің нәтижесінде аталған елдерде туризм мен курорттар жоғары ырғақпен дамуда.

Туризм дамуының бастапқы кезеңінде мемлекеттік басқару органдарының маңызы үлкен. Оның себебі, алғашқы кезеңде туристік саланың инфрақұрылымын жасау үшін қуатты қаржылық салымдар қажет болады. Мұндай қаржылық көмекті тек мемлекет бере алады. Мемлекетке кірістер әкеле бастайтын жоғары дамыған және бәсекелестік мүмкіншілігі үлкен туризм саласы қалыптасқаннан кейін, мемлекеттік органдар негізінен туризм дамуын реттеуші қызметіне ауысады [1].

Туризм экономиканың басқа салаларына қарағанда экономикалық дағдарыстың өзіне әсер ететінін ерте сезінеді.

Туризм Еуропадан басқа Африка, Азия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінде кеңінен дамыған. Көбінде туристермен алмасу көршілес елдердің арасында жүреді, демек жылдан-жылға басқа халықтардың өмірін, салт-дәстүрін көргісі келетін, алыс елдердің мәдениетімен танысқысы келетін және алыс сапарға шығуға қызығатын адамдардың саны өсіп келеді. Қазіргі кездегі дамыған көлік құралдарының арқасында бірнеше сағаттың ішінде әлемнің қалаған жеріне жетуге болады.

Кесте 3 – Туризм саласын басқару үлгілері

Туризмді басқарудың үлгілері	Басқару үлгілері таралған елдер	Реттелу ерекшеліктері	Қаржылану жағдайы
Еуропалық	Италия, Испания, Франция және т.б.	Мемлекеттік рет-теу институттары, жеке реттеу институттары	Мемлекеттік қар-жылар, жеке қар-жылар
Азиялық	Түркия, Египет, Тунис, Марокко, Қытай және т.б.	Басым түрде мем-лекеттік реттеу ин-ституттары	Мемлекеттік қар-жылар, жеке қар-жылар
Қазақстандық	Қазақстан Республикасы	Басым түрде мем-лекеттік реттеу ин-ституттары	Мемлекеттік қар-жылар, жеке қар-жылар
Ескертпе – Ғылыми әдебиеттер бойынша авторлар құрастырған.			

Жыл сайын әлемде 4 миллиардқа жуық адам кемінде 5-6 күнін өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерде өткізеді. Бұл адамдардың жартысынан көбі демалу мақсатымен шығатын болса, ал төрттен бірі іскерлік сапар мақсатымен, 5-6% халықаралық конгресстерге, симпозиумдарға қатысушылар, 10-15% жолдастары мен туысқандарына бару мақсатымен жолға шығатындар [2].

Дүние жүзінде халықаралық туризм бірқалыпты дамымаған, бұл жекелеген елдердің және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының түрлі деңгейімен түсіндіріледі. Туризмнен түсетін табыс Венгрия, Австрия, Швейцария, Италия, Франция,

Испания, Португалия сияқты елдерде жалпы ұлттық табыстың 15-35% құрайды. Батыс Еуропа елдеріндегі жұмысқа қабілеттілердің 10% туризм саласында еңбек етеді. Францияда шаруашылық және мейрамхана мамандарын, туристік автокөлік жүргізушілерін жыл бойы 10 апталық тәжірибеден өткізіп, қайта даярлайды. Экономикасы дамыған елдерде ірі туристік корпорациялар нарықтың едәуір бөлігін жаулап алған. Мысалы, Францияда 13 ірі туристік корпорациялардың үлесіне турлардың 50%-дан астамы тиесілі болса, ал Германияда 3 ірі туристік корпорациялар («TUI», «Nekkermen», «JTS») өздерінің қолында нарықтың 70% ұстауда.

Халықаралық туризмнің дамуының және оны ұйымдастыру әдісінің өзгеруінің қазіргі кездегі маңызды кезеңінің негізгісі болып туристік бизнеске көліктік, саудалық, өнеркәсіптік, банктік және сақтандыру компанияларының енуі [3].

Көлікпен тасымалдау компаниялары тур бағыттары бойынша жолаушыларды межелі орындарға жеткізумен айналысады. Әсіресе, бұл жөнінен әуе компаниялары алда, олар турларды өткізу барысында жолаушыларды тасымалдауға маманданады. Кемемен тасымалдау компаниялары круиздерді ұйымдастыратын болса, ал автобус компаниялары турларды өздері ұйымдастырады.

Коммерциялық фирмалар туристік өнімді ұсынумен белсенді түрде өткен жүзжылдықтың 70-ші жылдарынан бастап айналыса бастады. Халықаралық туризм саласына акциялардың бақылаушы пакетін сатып алуы арқылы банктер мен сақтандыру компанияларының енуі күшейді. Банктер шығаратын дисконтты карталар төлем құралдары ретінде өз иелеріне әртүрлі жеңілдіктер береді. Әлемдегі дисконтты карталардың басты жүйелері ретінде «ETN», «IAPA», «Gountdown» және т.б. қарастыруға болады. Туристік бизнестің жоғары бәсекелестік жағдайында қонақ үй иелері дисконтты бағдарламаға қатысады, себебі, жеңілдік беру жайлы тегін мәліметтер иелеріне берілген каталогтарда болғандықтан, әлеуетті мүмкіндігі бар клиенттерді тартады.

«ETN» картасын қолданудың төмендегідей артықшылықтары бар [4]:

- әлемнің 75 елінде мыңдаған қонақ үйлерге орналасуда 20-30% дейінгі жеңілдіктер;
- мейрамханаларда 20-дан 50%-ға дейінгі жеңілдіктер;
- көлікті жалға алған кезде төлем тарифы 30%-ға дейін төмендетіледі;
- әуе, теміржол, автомобиль билеттерін сатып алған кезде 3-тен 10%-ға дейінгі жеңілдік;
- «ETN-Telekard» карточкалары арқылы тегін сөйлесу мүмкіндігі және т.б.

Туризм индустриясының дамуы үшін оның негізгі қонақ үй кешендерінің ғана емес, сонымен қатар қонақ үй объектілерінің де дамуы маңызды. Олар орналастырудың қосымша құралдары ретінде қарастырылады. Олар: кемпингтер, жеке пәтерлер, демалыс үйлері, туристік ауылдар, жастар үйлері, жанұялық клубтар және т.б. Олардың ішіндегі кең таралғаны және бағасы арзаны кемпингтер болып табылады.

Қызмет көрсетудің әлемдік нарығында жақын арада орналастырудың жаңа түрі тайм-шер ашылды. Бұл стандартты қозғалмайтын мүлікті сату және қонақ үйлерде орналастыру емес, мұның аралығында уақытпен шектелген индустрия екі бөліктен тұрады: белгілі бір апталарға бөлінген клубтар мен апартаменттерді сату және апталарды айырбастау орталығы арқылы алмастыру. Бүгінгі таңда тайм-шер демалу индустриясының тез дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Ол туризм және қозғалмайтын мүлік арасындағы қазіргі кездегі ең жаңа технология болып есептеледі. Тайм-шер индустриясын ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде онымен тек кіші кәсіпкерлік айналысқан болса, қазір онымен «Хилтон», «Марриот», «Дисней», «Шэратон» сияқты ірі корпорациялар айналысады. Тайм-шер курорттары әлемнің 80-ге жуық елдерінде бар. Көпшілік аймақтарда ол каникул мерзімдерін ұзартады, инвестиция тартымдылығын арттырады, жұмысбастылықты қамтамасыз етеді.

Халықаралық туризм дамуының жалпы динамикасын қарастырғанда, ХХІ ғасырдың басындағы әлемдік экономиканың дамуына қаншалықты оң әсер еткенін

байқауға болады. Кейбір елдермен қатар, бүтіндей аймақтар өздерінің экономикалық мәселелерін туризмнен түскен валюталық түсімдер арқылы шешіп отырғанын байқауға болады.

Туризм саласын ұйымдастыру мен дамытудың шетелдік тәжірибесіне шолу негізінде дүние жүзінде осы саланы ұйымдастырудың еуропалық және азиялық үлгілерінің қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Қазақстанда туризм саласы басқа да ТМД елдеріне ұқсас енді қалыптасып келе жатқандықтан мемлекет туристік қызметтерді басқарудың басым мемлекеттік үлгісіне (яғни азиялық үлгіге сәйкес) көшіп отыр.

Әдебиеттер:

1. Зорин И.В. Менеджмент персонала. Планирование карьеры в туризме. – М.: РМАТ, 1997. – 232 с.
2. Ильина Е.Н. Туризм – путешествия. Создание туристской фирмы. – М.: РМАТ, 1998. – 170 с.
3. Сенин В.С. Организация международного туризма: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2000. – 400 с.
4. Моисеева Н.К. Стратегическое управление туристической фирмой: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2000. – 208 с.

Резюме

В статье рассмотрен зарубежный опыт функционирования и развития туризма. При этом анализируются его современное состояние и перспективы в крупных странах Европы и Азии.

Summary

In the article considered foreign experience function and development of tourism. That the author's is analyzed the modern condition and percepts of the large countries of Europe and Asia.

In article foreign experience of functioning and tourism development are considered. Are thus analyzed its current state and prospects in the large countries of Europe and Asia.

ӘОЖ 624(1-87).001.86


ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Л.А. КАЗБЕКОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,

М.А. ЕЛПАНОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,


Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ғаламдық экономикалық дағдарыс әлемдік ЖІӨ өсуіне кері әсерін тигізді, ол 10 жылда бірінші рет 2008 ж. -5% өсудің кері динамикасын көрсетті. Осыған қарамастан дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес ғаламдық ЖІӨ өсуі 2011ж. 3,0% құрайды. 2012 ж. әлемдік экономика 3,6% дейін жеделдетіледі, бірақ, бұл көрсеткіш алдыңғы жылдардың 12,9% мөлшерде максималды көрсеткіштеріне жете алмайды.



Сурет 1 - Ғаламдық ЖІӨ көлемі және өсу динамикасы (млрд. АҚШ долл.)

Дүниежүзілік банкінің болжамдауынша, әлемдік экономика дағдарыстан кейінгі фазадан келесі бірнеше жыл бойына жалғасатын баяу, бірақ тұрақты өсу фазасына өтіп отыр. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі әлемдік ЖІӨ өсуінің жартысы дамушы елдерге келетіндігі (сурет 2).




Сурет 2 – Әлемдік ЖІӨ өсу динамикасы, (%)

Дамушы елдердің ЖІӨ 2011 ж. 6% өскен, ал дамыған елдердің - 2,4%. Дүниежүзілік өсудің алдыңғы қатарында 8,5% -дық өсумен Қытай болып отыр. Өйткенмен, инфляция барлық дамушы елдерде өседі, мысалы, Қытайда 2010 ж. бұл көрсеткіш екі жылдық максимумға жеткен, немесе 5,1% құрады. Еуропалық елдердің бюджеттік дағдарысы ЕО кіретін елдердің экономикаларының өсуіне әсер етті. 2011 ж. Еуропаның 17 елінде экономикалық өсу көрсеткіші 2011 ж. 1,4% құрады. АҚШ-та өсім көрсеткіші 2,8% құрайды, бұған ішкі сұраныстың артуы жағдай жасайды. Ресейде ЖІӨ өсуі 2011 ж. 4,2% құрады, мұнда негізгі қозғаушы күш өнімдерге және қызметтерге ішкі сұраныстың өсуі болып отыр. 2010 ж. құрылыс секторы әлемдік ЖІӨ 11% құрады және 2020 ж. құрылыстың дүниежүзілік көлемдері 67%, 7,2-ден 12 триллион долларға дейін өседі. Жыл сайынғы өсім 5,2% құрайды, ол ЖІӨ дүниежүзілік өсуден артық. 2020 ж. дамушы нарықтарға құрылыстың дүниежүзілік көлемінің 55% (ағымдағы кезеңде 46%) келеді. Дамушы елдерде құрылыс нарығы ЖІӨ 16,5% құрайды, 2010 ж. 14,7% салыстырғанда. Бұл өзгерістер Қытайдағы, Үндістандағы, Үндонезиядағы экономикалық өсу арқасында мүмкін болады.


Әлемде құрылыс саласы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан жағымсыз нәтиже алғандардың бірінші қатарында. 2009 ж. құрылыс жұмыстарының еуропалық нарығының көлемдерінің төмендеуі 8,4% құрады; ең зардап шеккендер - Ирландия 32,3%

және Испания 21%, Еуроодақтың 19 елінің арасында өсу тек Польшада -5,3% және Швейцарияда -3,3% байқалған [1].



Сурет 3 - Еуроодақтағы құрылыс компаниялар саны (бірл. дана)

Жоғарыдағы суретте көріп отырғанымыздай Еуроодақтағы құрылыс ұйымдардың саны 2008 ж. 2010 ж. қарағанда 3% мөлшерде жағымсыз динамиканы көрсетті, бұл құрылыс секторында айналымдардың төмендеуі салдарынан орын алған. Бірақ 2009 ж. бұл көрсеткіш құрылыс саласындағы ұйымдар санын 3,03 млн. компанияға дейін көбейтіп 1% өскен.



Сурет 4 - Еуроодақтағы құрылыс жұмыстар көлемі (млрд. евро)

Еуроодақ мүшелері арасында дағдарыстан кейін құрылыстың өсуі тек Польша және Швейцарияда орын алған. Бірақ Шығыс Еуропада 2010 ж. аяғына қарай Польша, Болгария, Румыния, Хорватияның тартымдылығына байланысты инвестициялардың көлемі артты. Жалпы Еуропада коммерциялық жылжымайтын мүлікке инвестициялар 2010 ж. 83,3 млрд. евроға өскен, әйткенмен, олар дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерден төмен болды. Еуроодақ елдерінде 2009 ж. құрылысқа бюджеттік инвестициялар 8% өскен, ал корпоративті және жеке инвестициялар 20% төмендеген. Сәйкесінше, негізінен бюджеттен тыс көздерден инвестицияланатын үй құрылысы 2008 ж. 15%-ға төмендеген. Бюджеттік қаржыландыру есебінен қаржыландырылатын мектептер және мектепке дейінгі мекемелерді, медицина және денсаулық сақтау объектілерін құрайтын тұрғын емес құрылыс секторында 2008 ж. 5%-ға төмендеуді көрсетті. Инфрақұрылымдық объектілердің құрылысы дағдарыстың алдын алуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық бағдарламалардың арқасында 2008 ж. өскен.

Германияда құрылыс сектор тұрақтылықты көрсетті. 2011 ж. Германияда құрылыс тапсырыстардың саны өсті, сондықтан өнеркәсіпті секторда белсенділікті қалпына келіру азаматтық құрылыста төмендеуден асып түсті, ол 32,8 млрд. АҚШ долларлары көлемде


инфрақұрылымдық жобалардың бюджеттік құралдармен қолдау нәтижесінде мүмкін болды. Әйткенмен, тапсырыстардың көлемі 2011 ж. 1-ші кварталында 2010 ж. 4-ші кварталының көрсеткіштерінен төмен. Тұрғын үй құрылысына тапсырыстар, ақпандағы 8,4% өсуден және қаңтардағы 3,6% төмендеуден кейін наурызда 2,3% өскен. Сонымен қатар, магистральдер және көпірлерді қамтитын азаматтық объектілердің құрылысына тапсырыстар ақпан айындағы 2,3% төмендеуінің артынша 3,4% төмендеді.

Испанияда 2010 ж. қорытындысы бойынша ЖІӨ жалпы көлемінде құрылыс секторының үлесінің 12,7% қысқаруы байқалған, бұл елдің экономикалық өсуінің төмендеуі нәтижесінде болған. Әлемдік экономикалық құлдырау кезеңінде құрылыс компанияларында 1 млн. адам жұмыс орнынан айрылған, осы кезде құрылыста жұмыс істейтіндер саны 2,7 млн. адамды құраған.

Ұлыбританияда құрылыс секторының белсенділігі 2011 ж. алдыңғы жылға қарағанда өсті. Ел үкіметі транспорттық инфрақұрылым саласында ірі көлемді жобаларды белсенді дамытуда, оның ішінде, жоғары жылдамдықты 540-км темір жолдардың желісінің құрылысы, олар Лондонды ірі қалалармен байланыстыру тиіс.

2010 ж. АҚШ әлемдегі ең ірі құрылыс нарығы атағын Қытайға берді.

Стагнация жағдайындағы америкалық нарық, алғашқы және екінші реттік нарықтарда төмендеуді көрсетеді және соңғы 17 жылда бірінші рет коммерциялық және өнеркәсіптік құрылысты қаржыландырудың төмендеуі байқалды.



Сурет 5 - Мемлекеттер бойынша 2020 ж. әлемдегі құрылыс жұмыстары көлемдерінің болжамы (12 трлн. АҚШ долл.) [2].

Жапония 2003 ж. дүниежүзілік құрылыс нарықтарының рейтингінде екінші орынды Қытайға берді және жуық арада Үндістанға үшінші орынды беріп, 4-ші орынға түседі. Бұл, ең алдымен, Токионың мемлекеттік борышының қысымына және жер сілкінулердің зардабының шығындары салдарынан инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялардың азаюымен байланысты. Қытай, бюджеттік ынталандыру көмегімен, 2010 ж. АҚШ көлемдерінен асып әлемдегі ең ірі құрылыс нарығы атанды. Әйткенмен, баяу өсу тән сектор болып өнеркәсіпті ғимараттардың және салулардың құрылысы табылады. Осыған қарамастан, әлемдік экономикалық құлдыраудан онша зардап шекпеген мемлекет, құрылыс саласында ірі жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады. Мәліметтерге сәйкес, 2011 ж. Шанхайда құны 3,5 млрд. АҚШ долл. болатын әлемдегі ең ірі көрме кешенінің, әлемдегі ең биік қонақ үйдің құрылысы басталады. Соңғы он жылда

Қытайдың құрылыс нарығының көлемі екі есе үлкеюі тиіс және 2020 ж. 2,5 трлн. долл. немесе дүниежүзілік құрылыстың 21% құрайды.

Үндістанда жылжымайтын мүлік құрылысына инвестициялардың көлемі 2010 ж. 10 есе өсті және 593 млн. АҚШ долл. жетті. Мәліметтерге сүйенсек, Қытай, Бразилия, Мексика және Түркиямен қатар Үндістан жылжымайтын мүлікке салымдар үшін тартымды дамушы елдердің бестігіне кіреді. Болжамдар бойынша әлемдік құрылыс нарығының көлемі бойынша Үндістан Жапонияның орнына үшінші орынға жайғасады. 2006-2007 жж. Түркияда құрылыс секторы ЖІӨ өсу қарқынынан басым болып жоғары қарқынмен өсті. 2009 ж. дағдарыс нәтижесінде құрылыс секторы 18% төмендеді, бірақ 2010 ж. 10,3% мөлшерде жағымды динамика алды және сонымен Түркияның жалпы экономикасының өсуін ұлғайтты.

GCP және Oxford Economics болжамдарының негізгі құраушылары бұл 2020 жылға Қытай құрылыс нарығының 2,5 трлн. долл. дейін екі еселенуі, құрылыс нарығының көлемі бойынша әлемде Үндістанның үшінші орынға шығуы және АҚШ құрылыс нарығы өсуінің жақсаруы. McKinsey Global Institute зерттеуіне сәйкес жақын арадағы жылдарда құрылыс өнеркәсібін келесі оқиғалар алдын ала анықтайды:

- 15 жылдан кейін ғаламның халық ширегі 600 ірі қалаларында өмір сүреді, ол тұрғын, коммерциялық және өнеркәсіптік инфрақұрылым құрылысын болжайды;
- жақын арадағы он жылдықта құрылыс саласының өсуі дүниежүзілік ЖІӨ өсу қарқынан озады;
- 2020 ж. құрылысқа салымдар 67% өседі және жылына 12 трлн. АҚШ долл. жетеді, мұнда құрылыс секторына 10 жылдың ішінде 100 трлн. АҚШ долл. инвестицияланады;
- 2020 ж. бірінші орында Қытай қалады (дүниежүзілік құрылыс нарығының 21%). Одан кейін АҚШ (15%) және Үндістан (7%) орналасады. Ірілердің ондығына Жапония, Канада, Франция, Германия, Австралия, Индонезия кіреді. Барлығы осы елдерге дүниежүзілік құрылыс нарығының 75% келеді. Жеті елге - Қытай, АҚШ, Үндістан, Индонезия, Канада, Австралия және Ресей - 2020 ж. дүниежүзілік құрылыс өнеркәсібінің өсуінің үштен екі бөлігі келеді;
- 2018 ж. АҚШ-та құрылыс саласының өкпек циклдік көтерілуі және қысқа мерзімді болашақта тұрғын үй секторында және де тұрғын емес қор секторында екі мағыналы өсу шегі күтілуде.

Берілген ақпаратқа сәйкес, әлемдік экономикалардың тұрақты өсуі болжамданады, бұл құрылыс саласының үдеуленуін алдын ала анықтайды. Құрылыс секторы экономикалық даму көрсеткіштерінің артуының ерекше маңыздылығына байланысты көптеген мемлекет үкіметтерінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Егер инвестиция тартудың шетелдік тәжірибесін қарасақ, онда инвестициялық сұраныстың бір жағынан салыстырмалы түрде теңгерілгені туралы, ал екінші жағынан осы сұранысты қанағаттандыруға құрылыс фирмаларының ұсыныстарын айту қажет. Бұл жағдай дайын құрылыс объектілердің қол жетімді, салынған ақша қаражаттарының қайтарымдығын қамтамасыз ету бойынша экономикалық және құқықтық механизмдері және инвестициялардың өтелуінің тиімді мерзімдері есебінен мүмкін болды.

1. Ипотекалық несиелеудің бірдеңгейлік схемасы (неміс үлгісі). Бұл үлгіде несиелеудің екі жалпы түрі бар: ипотекалық банктер және жинақтаушы мекемелер арқылы несие алушы мен несие берушінің байланысы.

Осы үлгіні жүзеге асыру барысында келісім-шарттардың келесі негізгі түрлерін қабылдауға болады:

- несие алушы және несие беруші арасындағы - жинақтаушы тұрғын-үй салымы туралы келісім-шарт және содан соң - несие келісім-шарты және ипотека туралы келісім-шарт;
- несие алушы және сақтандыру ұйымы арасында - кепілге берілген үйді сақтандыру келісім-шарты;

- несие алушы және сатушы (құрылысшы) арасындағы - алып-сату келісім-шарты.

Несиелердің ресурстық қамтамасыз ету проблемасы ипотекалық банктермен төмендегідей шешіледі: қысқа мерзімді құралдармен қатар (азаматтардың депозиттық салымдары, займдардың, азаматтардың шоттарындағы құралдар) ұзақ мерзімді займдар есебінен, меншікті құнды қағаздардың сатудан (берілген несиелермен қамсыздандырылған облигациялар, сертификаттар және т.б.) ұзақ мерзімді ақшалай ресурстар тартылады. Несие мекемесі салымшыларға несиелердің беруден басқа ешқандай белсенді операцияларды жүзеге асыра алмайтындығын ескеру керек. Сондықтан, ипотекалық несиелердің тәуекелділігі төмендейді, себебі олар төлемқабілеттілігін және ипотекалық несие бойынша шамамен ай сайынғы төлемдерге тең ай сайын бекітілген төлемдерді ұзақ мерзім бойы жүзеге асыру мүмкіндігін растаған несие алушыларға беріледі.

Несие-жинақтаушы мекемелер XVIII ғ. соңында неміс шахтерлердің кенттерде келесі себеппен пайда болды: егер бір үй құрылысына 10000 ақша бірлігі қажет болса, ал меншікті тұрғын үй болуын қалайтын адам жылына мыңды ғана үнемдей алса, онда тұрғын үйді ол 10 жылдан кейін сала алады. Ал он сондай тілек білдірушінің жинақтауларын біріктіргенде олардың біреуі тұрғын үйді бір жылдан кейін ала алады, екіншісі - екі жылдан кейін және т.с.

Ипотекалық несиелерді беру үшін қаражат жетпеген кезде несие-жинақ мекемелері несие алушымен капитал бөлігін жинақтаудың ішкі жүйелерін қолданады. Мұнда несие беруші өз қызметінде берілген ақша қаражаттарын пайдалану еркінде. Несие алушыға да қатынастардың мұндай схемасы тиімді, себебі несиелеу мекемесінің жұмысына қатысу келешек несиенің қосымша кепілі. Несие-жинақтау мекемелерімен әрекеттестік негізінде несие алушы бастапқы (меншікті) капиталын жинақтайды, ол – ипотекалық несие берудің міндетті шарты болып табылады (несиелік капиталдың). Несие алушы ай сайын аталған соманың бір бөлігін төлейді. Төлемдер сомасы және капиталдан түскен пайыздар аталған соманың 40-50%-зы жеткен кезде, несие алушы банктен барлық соманы алады, және де жетпейтін 60-50%-зы салыстырмалы төмен пайызбен (5-6%-дық жылдық ставка) 12 жыл мерзім шамасына несиеге алады. Жинақтау кезеңінде пайыздық ставка 2,5-4,5% аралығында болады.

Соңғы кезде Еуропада несиелеу мерзімін ұзартуға әкелетін несие алушымен жұмыстың бірыңғай технологияларын қолдану арқылы бірнеше несие мекемелерін біріктіру тенденциясы күшейді. Ипотекалық банк және несие-жинақтау мекемелерін біріктіргенде несие алушы бір уақытта «екі несие» алады, оларды біртіндеп жабады: алдымен - несие-сақтау мекемесінің несиесін (бірінші 12-14 жыл ішінде), ал содан кейін - ипотекалық банктың.

2. Ипотекалық несиелеудің екі деңгейлік схемасы - (американдық үлгі). Бұл үлгіде, несие алушы және несие берушіден басқа, делдал қатысады (ипотекалық агенттік) немесе қаржылық нарық қатысушысы (ипотекалық қаржылық-инвестициялық компания), олар кепілхат арқылы екінші реттік нарықта жұмыс жасайды. Ипотекалық беруге жұмсалған құралдарды тезірек қайтару үшін несие беруші ипотекалық агенттікке немесе қаржылық-инвестициялық компанияға ипотекалық несиелерді сатады, осылай несиені қайта қаржыландырады. Сатып алудан кейін олар несие алушыға төленген құралдарды несие берушіге қайтарады, ал несие беруші олардың шоттарына несие алушыдан түскен ай сайынғы төлемдерін өз пайдасын (маржаны) шегергеннен кейін аударады. Ай сайынғы төлемдер көлемін, яғни делдал немесе қаржылық нарық қатысушысы сатып алуға міндеттелген несиелер ставкасын, олар сәйкес қаржылық құралдардың табыстылығына инвесторлардың талаптары негізінде дербес бекітеді. Ипотекалық қаржылық-инвестициялық компания қосымша бірінші реттік кепілхат есебінен табыс алады, олардың мақсаты ұқсас сипаттамалары бойынша (жылжымайтын мүлік түрі, пайыздық мөлшерлеме, несиелеу мерзімі және т.б.) кепілхаттарды ипотекалық пулдарға топтастыру

арқылы құнды қағаздардың өтімді түріне сапалы өзгерту. Ипотекалық несиені пайдалану бойынша пайыздық мөлшерлеме 7-20%-ға өзгеріп отырады. Несие сомасы кепілге берілген тұрғын-үйдің 75-90%-ды; тұрғын үйдің сатып алу немесе құрылысының құнынан 80-90%-ды құрауы мүмкін. Несие беру мезгілі әдетте 15-30 жыл құрайды.

Ипотекалық несиелеудің екі деңгейлік үлгісінің қатысушылары арасындағы келісімдік қатынастарының бірінші кезеңінде несиеленуші және несиеленушінің арасында несиелік келісім-шарт және негізгі қатысушыларының ипотека бойынша келісім-шарты жасалады. Несиені алғаннан кейін несиеленуші сатушы немесе құрылысшымен келісім-шартқа отырады, содан кейін қатысушылардың саны көбейеді, ол негізгі қатысушылардың тәуекелдерін төмендетуге әкеледі. Сақтандыру ұйымымен кәсіпкерлік тәуекелді және кепілге берілген тұрғын үй сақтандыру келісім-шартты жасалады [3].

Екі деңгейлік ипотекалық нарықта несиеленуші және ипотекалық агенттік арасында ипотекалық несиеленуші бойынша талап құқықтарының реттелуі туралы келісім, сонымен қатар, пайда болған талап құқықтарын сенімді басқару келісім-шарты жасалады. Бұл несиеленушіге несиеленушіні айқын бақылауды жалғастыруға, агенттіктен алынған құралдарға емес, несиеленушіге қызмет көрсеткені үшін сыйақы алуға, несиеленуші операцияларын кеңейтуге мүмкіндік береді. Екі деңгейлік үлгі 1938 ж., АҚШ-та үкіметпен Федералдық ұлттық ипотекалық қауымдастық (Fannie Mae) құрылған кезде қалыптасты. Fannie Mae басты мақсаты Federal Housing Administration (FHA) федералды тұрғын үй әкімшілігімен сақтандырылған кепілхаттарды сатып алу және сату.

1968 ж. қауымдастық екі кәсіпорынға бөлінді. Бірі мемлекеттік акцияларды айналымнан алып тастап және толығымен жеке сауда компаниясы болып Fannie Mae атын сақтады. Басқа кәсіпорын мемлекеттік ұлттық ипотекалық қауымдастық болды (Government National Mortgage Association - GNMA - немесе Freddie Mac).

Осы барлық ұйымдар тұрғын үйге ипотекалық несиелерді сатып алу және мемлекеттік кепілдікпен немесе мемлекеттік сақтандыруға ие сатып алынған ипотекалық несиелермен қамсыздандырылған құнды қағаздарды шығаруға өкілетті. Осы кезде Fannie Mae-активтері бойынша ең ірі ұлттық бірлестік, сонымен қатар АҚШ-тағы ипотекалық қорлардың ең ірі қайнар көзі. Fannie Mae акцияларымен Нью-Йорк биржасы және басқа да ірі фирмалар сауда жасайды.

АҚШ-та ипотекалық құнды қағаздар бойынша мөлшерлемелер мемлекеттік құнды қағаздар мөлшерлемелерінен жоғарырақ. Бұл, несиеленушілердің дефолты кезінде ипотекалық агенттіктерге мемлекет өз міндеттемелерін өтеуге қаржылық көмек көрсететіні туралы инвесторлардың сенімділігімен түсіндіріледі. Мемлекет қолдауының арқасында ипотекалық агенттіктердің құнды қағаздары тәуекелсіз болып есептеледі, және тіпті зейнетақы қорлары сияқты консервативті инвесторлар оларға инвестиция салады, ол ең арзан ресурстардың нарығындағы ипотекалық несиелерге құйылуды қамтамасыз етеді. Канадада ипотекалық банктер жылжымайтын мүлік объектілерімен операцияларды несиелеумен, сонымен қатар мемлекет және бірлестіктердің ұзақ мерзімді құнды қағаздарына инвестициялаумен шұғылданады. Басында олардың қызметінің объектісі жерді кепілге қою арқылы ауыл шаруашылығын несиелеу болды, содан кейін құрылысты инвестициялау.

Аргентинада ипотекалық несиелеудің тиімді схемасы Дүниежүзілік банкі көмегімен жүзеге асырылды. Үкімет облигацияларға (борыш міндеттемелер) арналған жобаға қатысушы банктермен эмитенттелген кепілдемелік қор құрады. Қорды құру үшін Дүниежүзілік банк сомасы 500 млн. АҚШ долл. құрайтын 15 жылдық борыш (7-жылдық төлемді кейінге қалдыруын есептегенде) береді. Қор ипотекалық нарықтың субъектілерімен эмитенттелген құнды қағаздар бойынша, ипотекалық банктердің ипотекалық несиеленушілерінде қатысу пайлары бойынша кепілдіктер береді. Кепілдікке

төлем несие сомасынан 5%. Пайлардың сертификаттары бірыңғай стандартқа ие және Дүниежүзілік банкі несие валютасына нормаланған.

Кепілдік қор жобаға қатысушы банктерден олардың шығарған облигацияларын, егер банктер нарықтағы төмендеу салдарынан олардың бағамын сақтай алмаса сатып алу үшін құрылады. Банктер қорға нақты келісімде бекітілген өз құнды қағаздарын сату құқығын пайдалану шешім қабылданған барлық жағдайларда есептесу жүргізіледі.

Испанияда «білікті тұрғын үй несиелері» кеңінен таралған. Олар мемлекеттік (ресми) несие органдарымен және жеке мекемелермен несие ставкалары, қолма-қол ақша үлесі, несиені өтеу жағынан нарықтыққа қарағанда тиімді болатын шарттар негізінде беріледі. Несие беруді ынталандыру үшін қаржы органдары несие мекемелерін бұл мақсаттарға міндетті резервтерінің болу қажеттілігінен босатады.

Францияда «байлаулы несиелер» орын болады, оларды ақшалай мүмкіндіктерін (табыстардың) ескеруінсіз кейбір нормаларды сақтауға міндеттеме алушы барлық мекемелер бере алады. Несиелер жаңа пәтерлермен қатар көне пәтерлер сатып алуға (егер несие алушы құнының 25% тең сомаға жұмыс жүргізсе), және де күрделі жөндеу жүргізуге беріледі.

Ұлыбританияда банктен несие алушының өзінің бірінші үйін сатып алуға несиесі келесі түрде рәсімделеді. Сатып алушыға банкі кітапшасын береді «үй сатып алушыларына арналған ақпарат», мұнда несиені және сақтандыруды дұрыс таңдау, үйді сатып алу реті толық жазылады, несие беруге арыз үлгісі келтіріледі.

Италияда «жер аванстары» кең таралған. Оларды ипотекалық кепілдікке жер несие институттары береді. Осындай несиені өтеу мерзімі - 18 айдан кем емес (орташа - 2-4 жыл). Сонымен қатар, «ұзақ мерзімді ипотекалық несиелер» қолданылады. Оларды жер несие институттары 10-25 жылға нақты немесе 5 жылда бір рет қайта қаралатын пайыздық ставкамен береді. Олар сатып алу бағасының 50%-н немесе құрылыс бағасының 75%-н өтей алады. Қалған несие мекемелері осындай несиелерді нарықтық пайыздық мөлшерлемен әр 6 айға қарызды өтеу есебінен 5-15 жылға беріледі.

Сонымен, дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, ипотека несие берушіге кепілді табыс, ал халыққа – тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін береді. Бірақ, ипотеканың дамуы үшін экономиканың тұрақтылығы, қаржылық-несие жүйе сенімділігі және тиімділігі, құнды қағаздардың дамыған нарығы, ипотекалық несиелеуді схемаларын жүзеге асыру кезіндегі қатынастар жүйесінің тұрақтылығының кепілі ретінде мемлекеттің белсенді қатысуы болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Құрылыс саласындағы зерттеу бизнес-топтарының мәліметтері // Euroconstruct.
2. Global Construction Perspectives (GCP) и Oxford Economics аналитикалық компанияларының мәліметтері.
3. Печатникова С.М. Как управлять процессами на жилищном рынке // Менеджмент в России и за рубежом. – 2004. – №4. – С. 39-44.

Резюме

В статье рассмотрен зарубежный опыт развития строительной отрасли. Строительный комплекс является одним из стратегических направлений деятельности правительств многих государств. Проанализирован строительный рынок зарубежных стран. Дан прогноз объему строительных работ до 2020 года. Рассмотрены модели ипотечного кредитования строительства за рубежом.

Summary

In the article is considered the foreign experience of development of building industry. The building complex is one of strategic directions of governments of many states. The building market of

foreign countries is analysis conducted. The prognosis is given to 2020 year of volume of construction-works. The models of the mortgage crediting of building are considered abroad.

ӨОЖ 378:004.422.322

ЖАҢА ДАМУ ҮДІРІСІНДЕГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Г.И.МҮСАЕВА, экономика ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Жоғарғы білім беру қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жұмыс жасайтын, сондықтан да қоғамдағы барлық өзгірістер мен үдірістерге жылдам жауап бере алтын маңызды әлеуметтік институт болып табылады.

Әлемдік ашықтықтың өсуі мен ұлттық мәдениет, адамдық өркениеттің дамуының негізгі әлемдік тенденциялары білім беру жүйесінде өзінше, басқаша түсінілуде. Атап айтқанда, қазіргі жаһандану үдірісінде халықаралық шаруашылық байланыстар аясының ұлғая түсуі, шаруашылықты жүргізудің нарықтық нысаны уақыт өткен сайын өз ісін жетік білетін, жан-жақты білімді терең меңгерген кәсіби мамандарға қажеттілікті барған сайын күрделендіріп отыр. Ұлттық білім беру жүйесі де әлемдік тенденциялардан кешеуіл қалмас үшін әлемдік ғылым мен техника жасаған «әлемдік стандарттарға» сәйкестендірілуге ұмтылуда.

Төткүл дүниенің түкпір-түкпірінен ақпарат алмасу мүмкіндігін қолжетімді етіп отырған жаңа технологиялар, олардың әлеуетті инфрақұрылымдары жоғары білім беру мазмұнын әмбебаптандырып, әлемнің жетекші білім беру орталықтарынан білім таратуды қамтамасыз етеді.

Түрлі пікірлер қайшылығына қарамастан, жаһандану объективті шындық ретінде жоғары білім берудің ұлттық жүйесінен жалпы адамзаттық этикалық құндылықтарға бағытталған, халықаралық ынтымақтастық қажеттілігін ескеретін жаңаша мақсатты бағдарлануды талап етеді.

Барлық дерлік елдерде болып жатқан жариялылықтың кең етек жаюы және құқықтық мемлекеттің нығаюы жастарды және ересектерді азаматтық жариялылық рухында тәрбиелеу ісінде білім берудің рөлін арттыра түседі. Әубастан-ақ ғылым мен жоғары білімге тән академиялық еркіндік және теңдік идеялары жоғары білім ауқымы өскен сайын өзге елдердегі саяси құрылымдарға бейімделе отырып, бүкіл қоғамға таратылуда.

Өндіріс пен қоғамда ғылымның рөлінің артуымен байланысты маңызды тенденция, бұл – жоғары білімнің кең қанат жаюы.

Жоғарғы білім барған сайын жаппай көпшілікке арнала бастады. Түрлі елдерде мектеп түлектерінің ЖОО-на түсу деңгейі орташа есеппен 60%-ға жуығын құрайды, ал Солтүстік Америкада – 84%. ЖОО студенттер саны айтарлықтай өсуде. Егер, 1960жылы ЮНЕСКО мәліметтері бойынша әлемдегі студенттердің саны 13млн. болса, 1997ж. бұл көрсеткіш 7 есе артып, 88,2 млн. адамды құрады [1].

Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексында жоғары білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінен еліміз 51-орынды иеленді. 38 ЖОО-нда шетелдік университеттердің қатысуымен косдипломды білім беру жүзеге асырылуда.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қарқынмен дами бастаған келесі маңызды тенденция, жоғарғы білімнің институционалдық нысаны, деңгейі және мазмұны бойынша әртараптандырылуы болып табылады. Ақыл-ой еңбегі саласында білім мен

дағдыны қалыптастыратын ЖОО-ның әралуандығының өсуі жағдайында классикалық университеттердің рөлі, дегенмен, төмендеген жоқ, керісінше, артты да. Олардың аймақта әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі орталықтардың рөліне толық негізді үміттенуіне болады.

Үшінші, жылдам күш алып келе жатқан тенденция, бұл - жан-жақты сипаттағы білімге, халықаралық ғылыми қауымдастықтың мобилизациялауға ұжымдық күш салуына негізделген жоғарғы білімнің интернационализациялануы болып табылады. Бұл бірлескен халықаралық қызметтің артып отырған рөлі мен ұлттық білім беру мекемелерінің ұйымдардың, бағдарламалар мен қорлар қызметінде көрініс табуда.

Жоғары білім саласында ортақтық болмаса да ұлттық және аймақтық айырмашылықтарды ұмыттыратын проблемалар, тенденциялар, міндеттер мен мақсаттардың тығыз жақындасуы байқалады [2].

Ақпараттық революция кезеңінде тоқтату мүмкін болмайтын және қазіргі ғаламтор түріндегі әлемдік әмбебап коммуникативтік жүйеде білімнің мазмұнының универсализациялануы жүріп жатыр.

Интернационалдық ортада білім алып, жұмыс жасап және қатынас орнатып жүрген студенттер, зерттеушілер мен оқытушылар саны жылдан-жылға өсуде. Статистика деректеріне сүйенсек, өз елінен тыс жерде жоғары білім алып жүрген студенттер саны 1980 жылы 920 мың адамнан 1996 жылы 1 млн. 550 мың адамға дейін көбейген [3]. Жылсайын үш мыңға жуық қазақстандықтар Елбасының әлемдік тәжірибеде бірегей саналатын «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алады.

Жоғары білімнің интернационализациялануы объективті, қарқынды дамушы үдіріске айналуға. Көптеген ғалымдар мен жоғары мектеп қайраткерлерінің пікірлері бойынша, жоғары білімнің интернационализациялануы жаһандану кешеніндегі сәйкесті саяси-құқықтық жағының пайда болуынан көрінетін сапалық жаңа кезеңнің – жаһанданудың өзіне тән ерекшеліктерін иеленуде. Өзінің мазмұны жағынан ЖОО-ның жаһандануы ұлттық білім беру жүйесінің барынша жақындасуы, оның өзара толықтырылуы, жоғары білімнің әлемдік әлеуметтік жүйеге айналуын білдіреді. Бірақ, жоғары білімнің жүйедегі жаһандануының шынайы болмыста жетістіктер, проблемалар мен қарама-қайшылықтарды туындататын тұстары да байқалуда.

Жоғары білімнің әлемдік жүйесін ашық әлеуметтік жүйе ретінде сипаттауға болады. Ол: біріншіден, шетелдік серіктестермен, ұйымдармен мықты байланыс орнататын білім беру мекемелері, ЮНЕСКО және БҰҰ-ның эгидасы бойынша бүкіл әлем үшін дамудың жалпы стратегиясын жасайтын жекелеген ұлттық және аймақтық жүйелер және әлемдік жоғары білімді ортақ жүйеге біріктіруге мүмкіндік туғызатын түрлі халықаралық білім беру ұйымдары мен ассоциациялар [4].

Әрине, жоғары білімнің барлық мекемелері мен ұйымдары әкімшілік тұрғыдан алғанда автономды. Олар білім беру қызметі нарығында лайықты орынды меншіктей отырып, сол нарықтың негізгі бағыттылығын айқындайды, ынтымақтастық немесе бәсекелестік нысанда өзара ықпалдасады.

Екіншіден, әлемдік жоғары білімде экономикалық, саяси және өзге де әлемдік әлеуметтік жүйелер тұрасында тұтастық, автономдық белгілері пайда болады. Бұл үдірістердің негізі болып, классикалық университеттердің қызметін дәстүрлі реттеуші академиялық еркіндік пен жариялылықтың жан-жақты нормаларының болуы және ұлттық білім беру жүйесі үшін барған сайын көбірек нормативтік мәнге ие болып отырған жоғары білімнің даму келешегін айқындайтын, сонымен қатар, барлық қосылған елдерде ерікті түрде қабылданған халықаралық конвенциялар, халықаралық деңгейде қабылданған бүкіләлемдік декларациялар табылады.

Үшіншіден, жоғары білімнің әлемдік жүйесі жүйеліліктің келесідей белгілеріне ие: өзінің құрылымдық элементтерін, кадрлар мен оның жұмыс жасауын реттеуші

нормаларын үнемі жаңартып, жетілдіру арқылы қол жететін орнықтылық және де, осы орнықтылық жоғары білім жүйесінің үнемі жетілдірілуін, оның өзгеріп отыратын заманауи жағдайларға бейімделуін білдіреді.

Еліміздің тәуелсіздік жылдарында бірқатар игілікті істер атқарылды. Заманауи заңдылық база қабылданды, 2005-2010 жылдары білім беруді дамытудың ірі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Оның шынайы жалғасы іспетті 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

ЮНЕСКО ұсынған білім беруді классификациялау жүйесінің Халықаралық стандарттары өлшемдеріне кадрларды даярлау құрылымын сәйкестендіріп келтіру маңызды жүйеленген қадам болды. ЮНЕСКО есебіне сәйкес 2008 жылы Қазақстан жалпыға бірдей білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде көшбасшылар қатарына еніп, төртінші орынды иеленді.

Елімізде білім беруді бағалаудың ұлттық жүйесі жұмыс жасауда, Еуропалық білім аймағына кіру үдірісі жүргізілуде. Жоғары мектеп әлемдік тәжірибеде қабылданғандай, мамандар даярлаудың үшдеңгейлі моделіне толығымен көшті: бакалавр – магистр – философия докторы (PhD). Кредиттік технология бойынша білім беру енгізілді. Біздің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті де алғашқы лекпен бірге 2003 жылдан кредиттік жүйе бойынша жұмыс жасауда.

Мемлекеттік бағдарламалармен біршама түбегейлі жаңа тәсілдер енгізілуде, оның басым көпшілігі жалпыжүйелік және кадрлар даярлаудың барлық деңгейін қамтиды. Әрине, оның еңбастысы – білім беруді қаржыландыру мәселесі. Білім беру саласында шығындар соңғы он жылда тура он есеге өсті. Елбасы жақында «Назарбаев университетінде» оқыған дәрісінде Қазақстанда білім саласын қаржыландыру көлемінің соңғы бірнеше жыл бойы ЖІӨ-нің 4%-ын құрайтындығын атап өтті. Мысалы, 2010 жылы бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің 4,1%-ын құрады, бұл бірқатар еуропа елдері деңгейіне жақындасып келеміз деген сөз. Келесі жылдан қосымша қаржы бөлу қарастырылған. Тек республикалық бюджеттің өзінен 2011-2015 жылдарға 461 миллиардтан астам қаржы бөлу қарастырылған [5].

Жаңа механизмдер енгізілуде: ең алдымен, білім берудің барлық деңгейлерінде әрбір жанбасына қаржыландыру. Бүгінгі күні мұндай схема бойынша жоғары мектеп жұмыс жасауда. Ендігі жерде мектепке дейінгі білім беру, орта білім, техникалық және кәсіптік білім беруде де енгізілмек. Білім беру ұйымдарында ақша-қаражат «отырмайды», керісінше, әрбір білім алушының соңынан «жүреді». Берілген механизм бәсекелестікті дамыту үшін алғышарттар жасайды, яғни, білім беру қызметінің сапасын көтеру құралдарының біріне айналады. Осыған ұқсас тәсіл – ваучерлік-модульдік қаржыландыру – педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда қолданылады. Әрбір бірнеше жылда педагогтар қайта даярлыққа ваучерлер алатын болады және оны қайда өту дұрыс екендігін, тіптен, шетелдік орталықтарды таңдай алады. Бұл қазақстандық ұйымдарды да қамтиды, демек, олар бәсекеге қабілеттілік жайлы байыпты ойлануға мәжбүр болады. Білім беру ұйымдарының басшылары да заманауи білім беру менеджментіне оқытылады.

Қаржыландырудың тағы бір өте қызықты құралы – мемлекеттік білім берудің жинақтаушы жүйесі (ГОНС). Оны енгізу Қазақстанның әрбір азаматына өзінің балаларын ЖОО мен колледждерде оқытуға төлейтін қаражаттарын жоспарлы түрде жинақтауға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде ҚР Білім және ғылым министрлігі қайткенде бұл жүйені барынша тартымды және кепілді сенімді етуге болатындығы төңірегінде жұмыстар атқаруда.

Кадрлар даярлаудың барлық деңгейін қамтитын тағы бір маңызды аспект – e-learning – электрондық оқытуды кең түрде енгізу. Әлемнің дамыған елдерінде – Жапонияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Финляндияда, Оңтүстік Кореяда және басқаларында – қазірдің өзінде электрондық оқыту бойынша ұлттық бағдарламалар орындалуда. Қазақстан мұндай тенденциядан шеткері қалуға мүдделі емес. 2015 жылы білім беру ұйымдарының 50%-ын

электрондық оқытуға көшіру, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті 90%-ға дейін жеткізу жоспарлануда және де бұл кадрлар даярлаудың барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиеде компьютерлік үйрету ойындары, орта мектептерде – электронды оқулықтар, колледждер мен кәсіптік лицейлерде – виртуалды тренажерлар, ЖОО-да – электронды ғылыми-зерттеу зертханалары қолданылатын болады. Жасалып жатқан қадамдар еліміздің келешегіне, Қазақстанның жаһандық экономикада өз позициясын нығайтуға зор үлес екендігі сөзсіз. Әзірше Қазақстан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі бойынша әлемде 69-орында. Аталған жүйені тәжірибеге енгізген жағдайда әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуге шынайы мүмкіндік алады. Ақпаратқа қолжетімділіктегі қала мен елдімекендер арасындағы теңсіздік күрт төмендейді. Білім беру сапасында тың серпіліс болады.

Парламент Мәжілісі «Ғылым туралы» жаңа заң жобасын мақұлдады. Бұл ережені жүзеге асыру ғылымның оқу үдірісімен шынайы бірігуін жолға қояды. Оқыту мазмұнында теоретикалық және тәжірибелік құрамдастарының бірігуі секілді өзгерістер жүргізіледі. Алғашқыда бірнеше жетекші университеттерде, ал тәжірибе жинақтау шамасына қарай еліміздің қалған өзге де ЖОО-ында. Бұл өзгерістер Қазақстанның әлемдік ғылыми-ағарту кеңістігі интеграциясына тың серпін береді. Атап айтқанда, тәуелсіз ұлттық институционалдық және әлемдік стандарттар бойынша мамандандырылған аккредитацияны өткен ЖОО-ның қатынасын сәйкесінше 65 және 30 пайызға жеткізеді. Демек, жоғары білім сапасы анағұрлым артады, осыған орай ЖОО-ның классификациясы да өзгереді. Олардың алты түрі қарастырылған: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық ЖОО, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар және институттар. ЖОО-на қойылатын талаптар күшейеді. Қазақстан мемлекеттікпен тең дәрежеде жекеменшік секторына да жол ашып, жоғары білімді әртараптандыруға бетбұрыс жасады. Бұл әлемдік қауымдастық тарапынан дұрыс бағаланды. Бірақ, келеңсіз салдары да байқалды: сәнге айналған мамандықтарды – экономистер мен заңгерлерді даярлаумен шектелген, білім сапасы төмен ЖОО жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптады (1992ж. – 60, ал, 2005ж. - 185). Қазіргі таңда олардың саны 148 дейін қысқарды.

2012 жылдан бастап аккредитацияны коммерциялық емес үкіметтік емес аккредитациялық агенттіктер өткізеді. Нәтижесінде, жоғары мектеп жүйесі сауығады және Қазақстан білім берудің әлемдік сапасына жақындай түседі [6].

Тағы бір маңызды жаңашылдық – ЖОО-ына академиялық еркіндік беру. Оның негізгі мәні – білім беру бағдарламаларында таңдау компоненттерінің үлесі көбейеді: бакалавриатта - 70%-ға дейін, магистратурада - 80%-ға дейін, ал докторантурада – 90 - 95%-ға дейін. Біздің елімізде алғаш рет ЖОО-ның автономдығы мәселесі көтеріліп отыр. Болон процесінің қағидаларына сәйкес, оларға білім беру, ғылыми, қаржылық, халықаралық және өзгеде қызметтерін жүзеге асыруда еркіндік беріледі. «Назарбаев университетінде» осылай. Мемлекеттік ЖОО автономды коммерциялық емес ұйымдарға айналады, мұндай тәсіл әлемде кеңінен қолданылады.

Білім берудің барлық деңгейінде жүргізілетін жаңартулар нәтижесінде кадрларды даярлаудың құрылымдық жағы ғана емес, мамандарды оқыту мазмұны, кәсібилік тұрғысынан да әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жүйесі қалаптасады.

Тағы бір айта кететін жайт, жоғары білімнің әлемдік жүйеге жаһандануы, бұл – енуге ұмтылмай-ақ қоюға болатын, бірақ, оны елемеуге болмайтын объективті дамушы үдіріс. Кез-келген объективті құбылыс секілді халықаралық жаһандану үдірісі белгілі бір шамада ұлттық білім жүйесін мүлдем өзгертеді. Жоғары білімнің даму тенденциясы өзімен бірге жағымды және жағымсыз салдарын ала келеді.

Жоғары білім масштабының ұлғаюы білім беру сапасы проблемаласын тереңдете түседі. Заманауи қоғам жоғары білім және мобильді мамандарға мұқтаж. Дәл осы қоғам жас мамандардың еңбек нарығына ықпал ете отырып, сапалы жоғары білімге ынталылықты күшейтуі мүмкін және тиіс.

Жоғары білімнің халықаралық жаһандануын дамыту үдерісінде маңызды рөл халықаралық ынтымақтастық және ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар еншісінде. ЮНЕСКО-ның «Жоғары білімдегі реформа мен дамыту» (1995ж.) Бағдарламалық құжатында атап көрсетілгендей, «Халықаралық ынтымақтастықтың дамуы – ЮНЕСКО-ның басты мақсаты және жоғары білім саласындағы қызметінің негізгі нысаны болып табылады» [7].

Халықаралық ынтымақтастық жоғары білімнің әлемдік жүйесін дамытудың әлеуетті тетігі болып табылады. Оның алдында шешімін табуды талап ететін келесідей өзекті мәселелер тұр:

- жоғары білімнің маңызы мен деңгейінің қоғамның экономика, саясат, әлеуметтік мәдениет салаларының қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруын сақтау;
- түрлі елдер мен аймақтардағы мамандар даярлау деңгейін теңестіру;
- жоғары білім саласында халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту;
- түрлі елдер мен түрлі континенттерде білім мен дағдыны бірлесе пайдалану;
- ЖОО-ның дамуына әсіресе, дамушы елдерде халықаралық қорлардан қаржыландыру арқылы қолдау көрсету;
- ғаламдық деңгейде ынтымақтастық пен өзара көмек негізінде ғылыми мектептер мен білім беру жүйесінің бәсекелестігін ынталандыру.

Әдебиеттер:

1. См World education report 2000 – UNESCO, Paris, 2000. – P.116
2. Высшее образование в XXI веке подходы и практические меры. Заключительный доклад ЮНЕСКО. - Париж, 1998. – С. 2.
3. См World education report 2000 – UNESCO. Paris, 2000. – P.118
4. <http://www.rciabc.vsu.ru/irex/pubs/inzor1.htm> // Зорников И. Н., Волкова Л. П. Проблемы и перспективы международной интеграции высшего образования.
5. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010ж.
6. http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma_startovala_kazakhstanskoe_obrazovanie_vstupilo_v_novoe_desjatiletie_razvitiya/ Госпрограмма стартовала. Казахское образование вступило в новое десятилетие развития.
7. Реформа и развитие высшего образования. Программный документ ЮНЕСКО. - Париж, 1995. – С. 13.

Резюме

В данной статье рассмотрены современные проблемы и перспективы интеграции высшего образования Казахстана в мировое образовательное пространство.

Summary

The nowadays problems and perspectives of integration of Kazakhstan's high education into world's educational space are described.

ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ РӨЛІ

Г.Ш.ШАЙХИСЛАМОВА, экономика магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Соңғы он жылда адам капиталының теориясы белсенді даму үстінде. Адам капиталы - бұл білімнің қоры, сипаты, құрылымы, интеллектуалдық потенциалы (мәселені шешуде білімді қолдану мүмкіндігі және тәжірибесі, денсаулық, ақпаратты іздеу және алу мүмкіндігі). 1950-1980 жылдары Г.Беккер, Дж.Минцер, Т.Шульц, Б.Вейсборд, В.Л.Хансен және басқа да экономистердің еңбектерінде осы мәселені зерттеу қарқын алды. Бұл түсініктің тарихи түбірі және ойлары классикалық саяси экономияның өкілдері А.Смит, У.Петти, К.Маркс, Ф.Энгельс, У.Фаррр, Т.Витстейн және басқа ғалымдардың еңбектерінде табылған [1]. Адамзат тарихындағы ұлы ойшылдардың бірі Иммануил Кант адамға дамудың құралы емес, дамудың түпкі мақсаты ретінде қарауды өсиет еткен.

Дж.С.Милль: «Адамның өзін... мен байлық ретінде қарамаймын. Бірақ оның қабілеттігін, егер ол құрал ретінде қалыптасса және еңбегімен туындайтын болса, оны толық негізде осы категорияға қатысты деп есептеймін» және «елдің жұмыскерінің тұрақтылығы, күш-қуаты, шеберлігі, олардың көліктері мен құралдары тәрізді оның байлығы деп есептеледі» - деп жазды. Бұл - өте маңызды ой. 1950 жылдардың соңына оралсақ, адам капиталының идеясына және осы бағыттың қарқынды дамуына батыс экономикалық теориясында объективті себептер шықты. Бұл ғылыми техникалық революциядан туындаған және қзіргі жағдайдағы заттық емес байлық элементтерінің жинақталуы (ғылыми жетістік, халықтың білім деңгейінің өсуі т.б.). Қоғамның ұдайы өндірісінің, халық шаруашылығының өсуін есептеуде адам капиталы бірінші дәрежелі мәнін алды. Дағдарысқа қарсы басқаруда да өткір қажеттілік болып табылады. Қоғамның байлығы тұтас алғанда адами және материалдық капиталдың (физикалық) жиынтығы ретінде, модельдермен тікелей байланысты қарастырылады. Адам капиталы мазмұнының толық қаралуы 1950 жылдың соңы мен 1960 жылдың басында АҚШ-та дамыды. Классикалық шығарма ретінде Г.Беккердің «Адами капитал» кітабы саналады. Чикаго университетінің экономика жән социология профессоры Г.Беккер 1992 жылы адам капиталы идеясын дамытқаны үшін Нобель сыйлығын алды. Г.Беккер және оның ізбасарлары әлеуметтік сұрақтарға экономикалық тұрғыда зерттеуде рыноктық емес қызмет формаларын алаушылық, білім, қылмыс, неке, жанұяны жоспарлау, иррационалды және альтруистік тәртіпті түсіндіру, идеологиялық процестерді және діни қызметтерді қолданды. Г.Беккердің қызметтесі Т.Шульц адам капиталы теориясын дамытуға аса үлес қосып Нобель сыйлығының иегері атанды.

XX ғасырды ең маңызды және шын мәніндегі сирек кездесетін менеджменттегі қол жеткен табыстарының бірі өндірістік кәсіпорында дене еңбегінің өнімділігін 50 есе арттыру болды. Ең алғаш дене еңбегімен айналысып, оның қыры мен сырын жақсы білген Фредерик Уинслоу Тейлор болды. Тейлор дене еңбегінің өнімділігіне ден қойып, зерттеудің нәтижесінде еңбек өнімділігі адам сенгісіз өсті. Қазіргі кезге дейін жылдық өсу қарқынды, тұрақты түрде 3,5 пайыз құрайды. Ал, қазіргі ХХІ ғасырда ой еңбегінің өнімділігін арттыру қажеттігі туындап отыр. Бұл дегеніміз барлық ұйымдардың бағалы активтері ой еңбегіндегі қызметкерлер және олардың өнімділігі болады. Сапа-ой еңбегінің ақтық өнімі. Оқытушының ой еңбегінің өнімділігін зерттегенде мақсатында оның сабағына қанша студент қатысқанын сұрамаймыз. Біз қанша студент ол пәнді үлгерді дейміз. Ой еңбегін өнімді еткіміз келсе, оны негізгі капитал ретінде қарастыруымыз қажет [2].

XXI асыр ғылым мен технологияға негізделген әлемдік экономиканы модернизациялау ғасыры. Бұл көштің алдыңғы сапында жүру үшін ұлт, қоғам түгелдей модернизациялануы қажет. Зерделі ұлт дегеніміз - ол санасы бодандық құрсауынан арылған, әлемдік өркениеттің көшбасында жүретін, көне түркілерден келе жатқан «мәңгі ел» идеясын іске асыратын күрескер ұлт. Ол білім мен ғылымды экономикалық капиталға жаңа технологиялық өнімге айналдыратын тұлғалардың қоғамы. Соңғы 20 жылда әлемдік экономика, негізінен, адам ресурсы есебінен дамуда. Сарапшылардың пайымдауы бойынша адам капиталының 1 пайызға өсуі еңбек өнімділігін 3,81 пайызға өсіреді. 192 елде Әлемдік банк жүргізген зерттеу, өтпелі экономикалық елдер өсуінің тек 16 пайызы ғана физикалық капиталға (құрал- сайман, ғимараттар және өндіріс инфрақұрылымы), 20 пайызы табиғи капитал, қалған 64 пайызы әлеуметтік және адам капиталымен байланысты екенін дәлелдеді. Дамыған елдерде жалпы ұлттық өнімнің 40 пайызы тиімді білім жүйесін дамытудың қорытындысы. БҰҰ даму бағдарламасы (ПРООН) дерегі бойынша Еуропаның экономикасы дамыған елдердегі денсаулық пен білімге жұмсалатын қаржы ЖІӨ-нің 8,1-8,5 пайызын құрайды. Еуропа елдеріндегі денсаулыққа бөлінетін орташа қаржы АҚШ-пен (6,5 пайыз) шамалас 6,44 пайызға тең. Әлемде денсаулыққа орташа 5,5 пайыз бөлінеді. АҚШ, Жапония, Швейцариядағы жалпы капиталдың 75-80 пайызы адам капиталының үлесінде. Қазіргі кезде дамыған елдердегі экономикадағы белсенді азаматтардың 50 пайызы, АҚШ тұрғындарының үштен екісі ой еңбегімен айналысады.

Адам капиталы ол дамудың келесі жоғары сатысы, инновациялық экономика мен білім экономикасын қалыптастыратын және дамытатын негізгі фактор. Инновациялық экономика ол жоғары сапалы өмір, интеллект, білім, ғылым және жоғары сапалы адам капиталы. Адам капиталының деңгейі мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді. 1990 жылдан бастап, халықаралық деңгейде адам даму потенциалының деңгейі (АДПИ) елдің орташа даму деңгейін негізгі адам даму өлшемімен анықтайтын индекс қолданылады. Тұрғындардың өмір жасының орташа ұзақтығы, ересек тұрғындардың сауаттылық дәрежесі, 6 мен 24 жас аралығындағы өскелең ұрпақтың барлық деңгейдегі оқу орнына тартылу пайызы және елде өндірілген жалпы ұлттық өнімнің жан басына шаққандағы мөлшері (АҚШ долларымен саналған) бойынша анықталады [3]. Адам даму индексі ол нольден бірге дейін көрсеткішпен қабылданатын, елдің даму деңгейі мен өмірдің сапасын көрсететін жиынтық көрсеткіш. БҰҰ-ның эксперттерінің анықтауы бойынша (АДПИ) 0,9 және одан жоғары болса, ол дамыған, ең маңызды қор болып табылады. Осы уақытқа дейін экономиканың дамуы табиғи ресурстарды пайдалану мен минералдық шикізатты өндіріп, экстенсивті түрде болғандықтан Қазақстан үшін адам капиталын дамытудың маңызы зор. Постиндустриалдық қоғамға өту жағдайындағы елдің интеллектуалдық ресурсының қарқынды өсу механизмі, өндірістің ғылымға негізделген жоғары технологиялық түрлерін меңгерумен оны өндіріске ендіру, адам ресурстарын тиімді басқару әдістері нақты дайындықты қажет етеді. Сондықтан Қазақстанда адам капиталын дамытудың тиімділігін арттыратын ғылыми негізі мен механизмдерін дайындауда оның мәдени-гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, индустриалды-инновациялық құрамдарын жүйелі-синергетикалық тұрғыдан зерттеу маңызды болып табылады. Адам капиталын тез қарқынмен дамыту-ол біріншіден, Қазақстанға басқа елдер мен дамыған технологияның есебінен еңбек өнімділігін арттыру арқылы бәсекелесуге мүмкіндік береді, екіншіден ол таусылмай, жаңарып отыратын ресурс және үшіншіден болашақ ұрпақтың жиналатын капиталы.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталатын жолдауында адами капиталдың білім және денсаулық сақтау жүйелерін дамыту арқылы сапалы өмір және сапалы өсу мәселесін көтерді. Сол үшін адамдардың осы салалардағы орындайтын басты іс-шараларының бағытын көрсетті. Адам қоғамның қозғаушы күші бола тұрып, жан-жақты білімді, дені сау, толыққанды, өмірге ынтызар, өз идеясын жүзеге асыруға өз білімі мен тәжірибесі арқылы ұмтылатын тұлға

ретінде қалыптасуына қазіргі уақытта жан-жақты қолдау шаралары жеткілікті екендігі айтылды. Балаларды қорғау, өсуіне жағдай жасау үшін «Балапан-2020» бағдарламасы балаларды бақшамен толық қамтамасыздандыруға, «Болашақ» бағдарламасы арқылы білімді жастардың өз күш-жігерін шыңдап, шетелдерде білімін жалғастыруларына толық мүмкіндік беріліп отыр. Адам капиталының тиімділігін арттыруды басқаруда менеджменттегі басты негізгі құрамы бұл мотивацияны қолдану. Қызылорда мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамын білім беру қызметіндегі рейтингісін бағалау арқылы оқытушының жан-жақтылығының дәрежесін анықтау бағытында мотивация қолдану арқылы сапа көрсеткішін жоғарылату жолға қойылған. Ғылым мен білім саласындағы оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін де шетелдік тағылымдамалар курстары ұйымдастырылып жатыр. Бұл білімге, тұлғаға өз қызметіне жоғары жауапкершілікпен қарауды жүктейді.

Сондықтан, адам капиталын дамыту қазіргі Қазақстан дамуындағы ең негізгі стратегиялық бағдарлама болып табылады. Бұл бағдарламаны іске асырудағы негізгі міндет-ол адам капиталын дамытудың Қазақстан жағдайындағы ғылыми негізделген тиімді механизмін дайындап, оны үкіметте қабылданған адам капиталын дамыту Тұжырымдамасын іске асыратын әдіс қылып енгізу [4]. «Қазақстанда адам капиталын дамыту механизмдерінің ғылыми негіздерін дайындау» жобасына шетелдердің компаниялары, ҚР Ұлттық ғылым академиясы т.б. Халықаралық дәрежедегі адам капиталын дамытуда мол тәжірибесі бар компаниялар қатысып, оның жұмыс істеу механизмін дайындады. Болашаққа салынған инвестициялар Қазақстанның адами ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтитын болады.

Таяу он жылдықта мемлекет қызметіндегі түйінді бағыттардың бірі болашаққа салынған инвестициялар орнықты өсуге, қазақстандықтардың өркендеуі мен әлеуметтік әл-ауқатына қол жеткізу үшін адами капиталдың бәсекеге қабілеттігін арттыру көзделеді. Қоғамдық әлеуметтік даму үдерісінің сәтті болуы, ойлаған жоспарлардың көңілдегідей орындалуы ең алдымен, оны жүзеге асыруға қатысатын адамдар әрекетінің тиімділігі мен белсенділігіне байланысты. Сондықтан, Президентіміз Қазақстан халқына жолдауында таяу болашақтағы дамуымыздың шешуші факторы ретінде адамды және оның дүниетанымын жетілдіру мәселесін алға шығарып отыр. Егер сіз бен біз өмір талабына сай сана мен психологияны өзгертпесек, жоғарыда айтылған ғылыми жоба, бағдарлама сол әдемі қиял күйінде қалуы мүмкін. Біздің көп этносты қоғамның жаңа ұрпақтары дәстүрлі мәдениеттің ұлттық құндылықтарына жай қайта оралып қана қоймай, сонымен бірге білім іргетасын жаңа мыңжылдықтың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің негізі болатындай етіп, жеткілікті дәрежеде алулары тиіс.

Әдебиеттер:

1. Антикризисный менеджмент. – Москва. - 2008. – Т. 2. – С.122.
2. Экономика: Әлемдік классика: Мемлекеттік сектор, халықаралық бәсеке және менеджмент теориясы. – Алматы: Таймас, 2006. – Т.9. – 472 б.
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әлеуметтік философия. / Ә.Н.Нысанбаев. Адам – ең басты байлық. – Астана, – 2006. – Т. 17. – 107 б.

Резюме

Во всех процессах развития общества главная движущая сила - это личность, человек. В статье раскрыты основные направления развития человеческого капитала. Вместе с ценностями в социальном обществе для повышения качества человеческого ресурса в долгосрочном плане требуются концепция и механизм работы. Это обеспечивает полноценную работу в обществе в целом.

Summary

In all processes of social development the driving force-a man. The paper discloses the main directions of development of human capital. In the place of values in society to improve the quality of human resources in the long term requires a concept and mechanism of work in this direction. It provides full-scale operation in the whole society.

УДК 519.876.3(045)

РАСЧЕТ ЗОНЫ ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕТЯХ Wi-Fi

Б.Ж.БЕКТАСОВ, магистрант,

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана

Введение

Сегодня задача построения беспроводных сетей Wi-Fi как никогда актуальна в самых различных прикладных областях. Однако использование для этого традиционных проводных соединений не всегда эффективно из-за высокой стоимости монтажных и пуско-наладочных работ, а также технического обслуживания. Кроме того, в некоторых ситуациях вообще невозможна прокладка кабелей по технологическим или организационным причинам, поэтому все большее применение находят беспроводные сети.

Уникальные особенности и отличия беспроводных сетей от традиционных проводных систем передачи данных делают их применение эффективным в самых различных областях. Например, в области безопасности, мониторинга окружающей среды, здравоохранения, в различных приложениях автоматизации зданий, где использование традиционных проводных систем передачи данных часто нецелесообразно по экономическим причинам. Например, если требуется внедрить новую или расширить существующую систему в эксплуатируемом здании, то в этом случае применение беспроводных решений не требует проведения дополнительных монтажных работ с нарушением внутренней отделки помещений, практически не причиняются неудобства сотрудникам или жильцам здания и т.д. В итоге значительно снижается стоимость внедрения системы.

Типовая модель линии передачи, включает в себя антенну ведущего (передающего) устройства и относительно короткий участок распространения по линии прямой видимости. Часто присутствуют множество трасс с переотражением, то есть не прямой видимости, и одна или несколько антенн, установленных в ведомых (принимающих) устройствах. Иногда из-за естественных и искусственных препятствий имеет место неполный участок распространения радиоволн в пределах прямой видимости между антеннами ведущего и ведомых устройств. При таких условиях трасса распространения может моделироваться как трасса, изменяющаяся случайным образом. Во многих случаях может существовать более одного пути распространения радиоволн, и эта ситуация называется многолучевым распространением[1].

Трасса распространения изменяется как при перемещениях устройства, так и при движении окружающих предметов или окружающей среды. Даже малейшее, самое медленное перемещение приводит к изменению во времени условий многолучевого распространения и, как следствие, к изменению параметров принимаемого сигнала.

Целью работы является анализ особенностей распространения радиоволн в сетях Wi-Fi.

Методика эксперимента

Методы исследования основываются на использовании методов теории сетей трафика и математического моделирования на ПК. Для построения графиков использовалось программное средство Mathcad, среда для выполнения на компьютере разнообразных математических и технических расчетов, снабженная простым в освоении и в работе графическим интерфейсом, которая предоставляет пользователю инструменты для работы с формулами, числами, графиками и текстами. В среде Mathcad доступны

более сотни операторов и логических функций, предназначенных для численного и символьного решения математических задач различной сложности.

Расчет радиуса зоны покрытия беспроводной сети осуществлялся с применением эмпирических методов Окамуры и Хата.

Рассмотрены и проанализированы особенности распространения радиоволн, а так же существующие подходы расчета зоны обслуживания в беспроводных сетях. Осуществлена постановка задачи исследования. Также представлены графики отражающие зависимость потерь при распространении радиоволн от расстояния.

Существует ряд моделей для прогнозирования уровня радиосигнала в системах подвижной радиосвязи. В городских условиях мощность сигнала значительно ниже, чем в свободном пространстве. Это связано с отражением и рассеянием энергии сигнала на крупных строениях. Рельеф местности также влияет на уровень сигнала. Существует два метода для учета его влияния: детерминированный и статистический.

